

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Министерство образования и науки Республики Казахстан

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы  
Национальная академия образования имени И. Алтынсарина



**БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ ЖАҢАРТЫЛҒАН  
ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫМЕН «ИНФОРМАТИКА»  
ОҚУ ПӘНІН (5-9-СЫНЫПТАРДА) ОҚЫТУ БОЙЫНША  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ  
ПО ИЗУЧЕНИЮ УЧЕБНОГО ПРЕДМЕТА «ИНФОРМАТИКА»  
(5-9 КЛАССЫ) ПО ПРОГРАММАМ ОБНОВЛЕННОГО  
СОДЕРЖАНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ**

Нұр-Сұлтан  
2020

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2020 жылғы 11.05 № 15 хаттама)

Рекомендовано к изданию Ученым советом Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол № 15 от 11.05.2020 года)

Білім беру мазмұны жаңартылған оқу бағдарламасымен «Информатика» оқу пәнін (5-9-сыныптарда) оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар. – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 120б.

Методические рекомендации по изучению учебного предмета «Информатика» (5-9 классы) по программам обновленного содержания образования. – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2020. – 120с.

Әдістемелік ұсынымдарда білім мазмұнын жаңарту аясында (5-9-сыныптар) «Информатика» пәні оқу бағдарламасының ерекшеліктері, пәнді оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері, қысқа мерзімді жоспар дайындау және критериалды бағалауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар берілген, 5-9-сыныптар үшін «Информатика» пәні бойынша қысқа мерзімді жоспардың үлгілері ұсынылған.

Әдістемелік ұсынымдар білім беру ұйымдарының басшылары мен қызметкерлеріне, білім басқармаларының басшылары мен әдіскерлеріне, Информатика пәні мұғалімдеріне және мектепте оқу процесін жоспарлау мәселесімен айналысатын мүдделі тұлғаларға бағытталған.

В методических рекомендациях рассмотрены особенности учебной программы «Информатика» (5-9 классы) в рамках обновления содержания, формы и методы организации обучения учебного предмета «Информатика», методические рекомендации по разработке краткосрочных планов и организации критериального оценивания, представлены примерные краткосрочные планы по учебному предмету «Информатика» для 5-9 классов.

Данные методические рекомендации адресованы руководителям и работникам организаций образования, начальникам и методистам управлений образования, учителям информатики и всем, кто интересуется вопросами планирования образовательного процесса в школе.

© Ы. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2020.  
© Национальная академия образования  
им. И. Алтынсарина, 2020.

## Кіріспе

Ақпараттық технологиялар біздің күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналып, адам қызметінің барлық салаларына біртіндеп енді. Оларды пайдалану цифрлық нысанда ұсынылған ақпарат түрлерімен жұмыс процесін жылдамдатады және жеңілдетеді. Оқушылардың осы құзыреттіліктерді игеруі бір жағынан, уақыт талабы болса, екінші жағынан, ақпараттық технологиялар оқыту ресурстары мен техникалық құралдарды ұсына отырып басқа оқу пәндерін оқытуда қолданылатын, әрі білім алудың әр түрлі салаларын кіріктіруге мүмкіндік беретін жаңа құралға айналып отыр.

Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына жолдауында «Төртінші өнеркәсіптік революцияның басталуы елдің алдына цифрлық технологияларды пайдалана отырып құрылатын жаңа индустрияларды өркендетуге және экономиканы жаппай цифрландыруға бағытталған маңызды кешенді міндет қояды. Атап айтқанда, елімізде 3D-принтинг, онлайн-сауда, мобильді банкинг, денсаулық сақтау, білім беру салаларында қолданылатын цифрлық қызмет көрсету және т.б. сияқты перспективалы салаларды дамыту қажет. Бұл индустриялар дамыған елдер экономикасының құрылымын өзгертті және дәстүрлі салаларға жаңа сапа берді» делінген.[1]

Осы Жолдауды негізге ала отырып әзірленген «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының «Адами капиталды дамыту» бөлімінде «цифрлық экономика халықта цифрлық дағдылардың болуын және оларды қажетті жағдайда тиімді пайдалануды талап етеді. Бұл ретте халықтың компьютерлік (цифрлық) сауаттылығының деңгейі алдағы жылдарда өсуі қажет» делінген. [2]

Осыған орай, жаңа талаптарды ескере отырып, жас ұрпақтың креативті ойлауы мен техникалық дағдыларын дамыту мақсатында орта білім беру мазмұны қайта қаралып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі жалпы білім беру мектептерінің оқу пәндері бойынша жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламаларын бекітті. [3]

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламалары, олардың қатарында "Информатика" пәні бойынша (5-9 сыныптар) жаңартылған білім беру мазмұнының оқу бағдарламасы –болашақ ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын заман талабына сай тың бағдарлама. Жаңа бағдарлама белгілі бір білім беру материалын беруге емес, күтілетін нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған.

Жаңа бағдарламаларға сәйкес пәннің оқыту мақсаты мен мазмұны, оқыту әдістемесі мен құралдары, бағалау жүйелері де жаңа өзгерістерге ие болды. Бұл өзгерістер пән мұғалімдерінен технологиялардың даму қарқынынан қалыспай ілесуді, өз білімі мен дағдысын жетілдіру үшін әдебиеттер мен әдістемелік құралдарды, оқыту ресурстары мен материалдарын пайдаланып өзін дамытып отыруды қажет етеді.

Ақпараттық білім беру негізгі және орта мектеп бағдарламасындағы жетекші орындардың бірін алады, бұл информатиканың практикалық маңыздылығымен, адамның ойлау қабілетін қалыптастыру мен дамытудағы

мүмкіндіктерімен анықталады. Бірқатар елдерде білім берудің басым бағыттарының бірі оқушылардың компьютерлік сауаттылығын қалыптастыру болып табылады.

Информатика пәні оқушыларды мына жағдайларды түсінуге ықпал етеді:

- информатика пәнінен алған есептеуіш, ойлау және модельдеу дағдылары әртүрлі жағдайларды талдау кезінде қолданылатындығын;

- жүйелер абстракция, алгоритмдер және бағдарламалау арқылы модельденетінін;

- информатика білімдерін қолдану ғылымның, техниканың, медицинаның, білім мен мәдениеттің дамуына маңызды әсер ететінін;

- бағдарламалау дағдыларын пайдалану қазіргі іс-әрекетті жақсартатын және болашақта жаңа идеяларды туындататын қосымшалар жасауға мүмкіндік беретінін.

«Информатика» пәні бойынша (5-9 сыныптар) жаңартылған оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнына айтарлықтай өзгерістер енгізілді, оқытудың жаңа мақсаттары анықталды. Бұл өзгерістердің барлығы информатика мұғалімдерінен білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша оқыту әдістемесін игеруді, сондай-ақ пәндік білімдерді терең зерттеуді талап етеді.

Әдістемелік ұсынымда жаңартылған білім беру мазмұнындағы оқу бағдарламасының ерекшеліктері талданады. «Информатика» пәнін оқытудың формалары мен әдістері және оқытуды тиімді ұйымдастыру жолдары нақты мысалдарда келтіріледі. Сонымен қатар, қысқа мерзімді жоспарларды әзірлеу, критериялды бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар беріледі. Қосымшаларда оқытудың белсенді әдістерін сабақ мақсаты мен кезеңдерінің бөлінісінде қолдану бойынша ұсынымдар және республиканың информатика мұғалімдері әзірлеген қысқа мерзімді жоспарлау үлгілері келтіріледі.

Мұғалім пәнді оқытудың әдістемелік құралдарына және өз тәжірибесіне сүйене отырып әрбір тұлғаның білім алуға қажеттілігін тудырады. Қарқынды дамып жатқан ақпараттық технологиялар әлемінде баланың еркін бағдарлануына қажет білім мен дағдыны қалыптастырады, шығармашылық қабілетінің дамуына ықпал етеді.


«Әдістемелік ұсынымдардың» мақсаты жаңартылған білім мазмұны жағдайында пәнді оқытуды ұйымдастыру, бағалау критерийлерін дайындау бойынша мұғалімдерге әдістемелік ұсынымдар беру.

## 1 «Информатика» пәні бойынша (5-9-сыныптарда) жаңартылған білім беру мазмұнындағы оқу бағдарламасының ерекшеліктері


"Информатика" пәні бойынша (5-9 сыныптар) жаңартылған мазмұндағы типтік оқу бағдарламаларының құрылымына айтарлықтай өзгерістер енгізілді. Бағдарлама үш тараудан және қосымшадан тұрады.

"Информатика" пәні бойынша (5-9 сыныптар) 2013 және 2019 жылдардағы оқыту бағдарламаларының құрылымдық салыстырмасы 1-суретте көрсетілген.

### Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптары үшін типтік оқу бағдарламасының құрылымы 2013 жыл



### Жаңартылған білім мазмұнындағы 5-9-сыныптардағы оқу бағдарламасының құрылымы 2019 жыл



1 – сурет. 2013 және 2019 жылғы оқу бағдарламаларының құрылымы

Жаңартылған мазмұндағы типтік оқу бағдарламаларының әрбір тарауының құрылымын қарастырайық.

Бірінші тарауда бағдарлама әзірленген білім стандартының атауы және пәнді оқыту мақсаттары берілген.

Оқу бағдарламасы «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604

бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17669 тіркелген).

«Информатика» оқу пәнін оқыту мақсаты білім алушыларды заманауи ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану үшін базалық білім, білік және дағдылармен қамтамасыз ету болып табылады.

Пәнді оқыту мақсатымен қатар бағдарламаның мынадай міндеттері анықталды:

1) білім алушыларда қоғамдағы ақпараттық процестер түсінігін, ақпараттық технологияларды адам іс-әрекетінің әр түрлі салаларында пайдаланудың техникалық мүмкіндіктері мен перспективаларын түсінуді қалыптастыру;

2) ақпараттық технологияларды күнделікті өмірде, оқуда және келешек еңбек іс-әрекетінде тиімді пайдалану біліктерін дамыту;

3) білім алушыларды жүйелерді талдау, шешімдерді әзірлеу, программалық қосымшаларды жасау, өздерінің өнімдерін бағалау үшін компьютермен жұмыс істеудің базалық қағидаларын түсінуді қамтамасыз ету;

4) талдау, абстракциялау, модельдеу және программалау арқылы түрлі тапсырмалар шеше білуді дамыту;

5) білім алушылардың бойында жалпылау және ұқсастық, есепті құрамдас бөліктерге бөлу және жалпы заңдылықтарды айқындау, қойылған міндеттерді шешудің тиімді және ұтымды тәсілдерін іздеу қабілеттілігін қамтитын логикалық, алгоритмдік, сондай-ақ есептік ойлауын дамыту;

6) білім алушылардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру – жалпы қабылданған қағидаларды сақтау, жеке адамның және бүкіл қазақстандық қоғам мүдделерін ескеру;

7) білім алушылардың академиялық тілді меңгеруіне және пән бойынша ұғымдық аппаратты байытуына ықпал ету.

Екінші тарауда 5-9 сыныптарға арналған «Информатика» пәнін оқуға бөлінетін оқу жүктемесінің шекті көлемі көрсетілген.

"Информатика" пәнінің оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі әр сыныпта (5-9 сыныптар) аптасына 1 сағаттан, тиісінше оқу жылында 34 сағатты құрайды, яғни сыныптар бойынша оқу жүктемелері өзгеріссіз қалды.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспарына байланысты.

Оқу пәнінің мазмұны оқу бөлімдері бойынша ұйымдастырылған. 2013 және 2019 жылғы оқу бағдарламасының бөлімдер бойынша салыстырмалы мазмұндық өзгерістері 2-суретте келтірілген

Бағдарламаның жаңа құрылымында «Модельдеу», «Алгоритмдеу», «Бағдарламалау» бөлімшелері «Компьютерлік ойлау» деп аталатын жаңа

бөлімге біріктірілген. Сонымен қатар, бұл бөлімге «Робототехника» бөлімшесі енгізілген.



2–сурет. 2013 және 2019 жылғы оқу бағдарламаларындағы мазмұн бойынша өзгерістер

Әрбір бөлімді ғылымда зерттейтін мәселелері аясында қарастырайық.

*1.Компьютерлік жүйелер* бөлімі, бұл – кешенді ақпараттық немесе автоматтандырылған жүйенің табысты жұмыс істеуі үшін қажетті компьютерлік жабдықтардың, белсенді желілік жабдықтардың, жүйелік және офистік бағдарламалық жабдықтардың кешенді жиыны.

Компьютерлік жүйелер әрқайсысының функциялары белгіленген төрт негізгі компоненттен тұрады:

1) Адам –орындалатын жұмыс пен міндетті мәселе ретінде қойып, оның нәтижесін алады;

2) Техникалық жабдықтар (Hardware);

3) Деректер файлдары;

4) Компьютердің бағдарламалық жабдықтары (Software).

Оқу бағдарламасында «Компьютерлік жүйелер» бөлімі осы төрт ұғымның: адам, машина, деректер, бағдарламалар жиынтығы ретінде қарастырылады және келесі бөлімшелерді қамтиды:

1.Компьютер құрылғылары.

2.Бағдарламалық қамтамасыз ету.

3.Компьютерлік желілер.

*II.Ақпараттық процестер* бөлімі – бұл ақпаратты қабылдау, беру (алмасу), түрлендіру және пайдалану жүзеге асырылатын процесс. Ақпараттық процестерді қолдану аясы алуан түрлі және көлемді болғандықтан, бұл бөлім пән мазмұнындағы ең ауқымды бөлім болып табылады.

Бөлімде ақпаратты алу, беру, өңдеу, пайдалану және сақтау сияқты негізгі ақпараттық процестер оқытылады.

Ақпаратты қабылдау – бұл ең алдымен қоршаған ортадағы объектілердің, құбылыстар мен процестердің әр түрлі қасиеттерін көру, сезу, есту. Барлық тірі тіршілік қоршаған орта туралы ақпаратты қабылдайды және өзінің өмір сүруіне жағдай жасау мақсатында оған жауап береді. Адам мен басқа да тірі ағзалар ақпаратты бір-бірінен, сондай-ақ қандай да бір ақпарат көздерінен алады. Мысалы, мәтінді оқу, тыңдау, сөйлеу арқылы. Мұнда ақпаратты қабылдау басқа ақпараттық процесс – ақпаратты беру нәтижесінде болады.

Ақпаратты беру әрдайым ақпарат көзінен қабылдаушыға (оны алушыға) қандай да бір байланыс арнасы арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, дыбыс → байланыс арнасы → ауа тербелісі; жарық → электромагниттік тербеліс.

Қабылданған ақпарат қабылдаушыда басқаша түрде сақталуы тиіс. Сақталатын ақпарат деректер деп аталады. Деректер – бұл машиналық тасымалдаушыда тіркелген немесе компьютерге енгізілген ақпарат. Ақпаратты техникалық құралдардың көмегімен беру үшін бастапқы хабарламаны жіберуге ыңғайлы түрге түрлендіруге арналған кодтаушы құрылғы және кодталған хабарды ақпарат қабылдаушыда бастапқы түрге түрлендіретін кері кодтаушы құрылғы қажет.

Ақпаратты өңдеу – бұрыннан бар ақпараттан жаңа ақпарат алу процесі. Мысалы, қазақ тіліндегі мәтінді шетел тіліне аудару, бірнеше сандардың қосындысын табу. Информатикада ақпаратты өңдеу дегеніміз – қатаң формальды ережелер бойынша ақпаратты бір түрден екінші түрге түрлендіру (кіріс ақпарат → ақпаратты түрлендіргіш → шығыс ақпарат). Біз ақпаратты өңдеу деп оның мазмұнын немесе бейнеленуін кез келген түрге түрлендіруді түсінеміз.

Ақпаратты пайдалану – мақсатқа бағытталған іс-әрекетті қалыптастырудың міндетті элементі. Ақпаратты пайдалану кезінде оның жаңашылдығы, өзектілігі, шынайылығы, объективтілігі, толықтығы және т.б. қасиеттері анықталады.



Ақпаратты сақтау – ақпаратты бірнеше рет пайдалану немесе уақыт өте келе ақпаратты беру үшін маңызды. Адам тұрғысынан, әр түрлі ақпараттың сақталу уақыты оның маңыздылығы мен құндылық дәрежесіне байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Кейбір ақпаратты адам өмір бойы сақтауға қабілетті, ал кейбіреуі – бірнеше секундтан бірнеше күнге дейін сақталуы мүмкін. Егер ақпарат алу бір секундқа да тоқтатылмай үздіксіз жүретінін ескеретін болсақ, адам жадысы алынған ақпараттың барлығын бірдей сақтауға қабілетсіз.

Ақпаратты қабылдау, өңдеу, жинақтау, беру және пайдалану процестерімен байланысты адамның іс-әрекеті ақпараттық іс-әрекет деп аталады.

Мысалы:

Компьютерде мәтін теру - іс-әрекетке жатады, ал ақпаратты енгізу және сақтау - ақпараттық процестер болады.

Оқушы мазмұндама жазады - іс-әрекет; ақпаратты қабылдау, өңдеу және беру - ақпараттық процестерге жатады.

Бағдарламаның «Ақпараттық процестер» бөлімі ақпараттың жоғарыда берілген сипаттамаларын зерделейді және мынадай бөлімшелерді қамтиды:

1. Ақпаратты ұсыну және өлшеу.
2. Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру.

*III. Компьютерлік ойлау* бөлімі – бұл әр түрлі саладағы мәселелерді шешудің жаңа тәсілдерін ұсынатын білім беру саласындағы тұжырымдама. Компьютерлік ойлау тұжырымдамасы жаңа нәрсе емес. MIT профессоры (Массачусетск технологиялық институты) және жасанды интеллект дайындау бойынша маман Сеймур Паперт бұл терминді балалардың компьютерді білім беру мақсатында қалай пайдалана алатынын сипаттау үшін 1980 жылы енгізді.

Қолданылуы және мағынасының толықтығы бойынша «Компьютерлік ойлау» алгоритмдерді құру, тестілерді әзірлеу, қателерді іздеу және түзету, күрделіні қарапайымға келтіру, нақты жағдайдан абстрактіге көшу, сондай-ақ тізбектерді ұйымдастыру мен паттерндерді тану дағдыларын қамтиды.

Компьютерлік ойлау ұғымы оқушылар үшін мағынасы түсініксіз, күрделі ұғым болып көрінуі мүмкін. Бірақ компьютерлік ойлау адамдардың күнделікті өміріндегі ұсақ-түйек мәселелерден шатаспай, оларды мақсатты шешуге көмектеседі, іс-әрекеттерін неғұрлым өнімді етуге мүмкіндік береді. Тізбектерді құрудың қарапайым мысалын қарастырайық. Адамдар жаппай тамақтанатын асханадағы ас ішу құралдары, әдетте, ас қатарының басында қойылады. Адам қатардың соңына жеткенше подностағы тарелкалар мен алған құралдардың орналасуын теңгеруі қажет. Егер ол құралдар қатардың соңында болса, адам өзіне қажет құралды қатардың соңына жеткенде ғана алады.

Компьютерлік ойлау дағдылары әртүрлі салаларда өз қолданылуын табады. Белгілі бір нәтижеге бағытталған дұрыс шешімдер қабылдау үшін мәселенің негізгі элементтерін бөліп алу және олардың ұсақ бөлшектермен қандай байланыста екенін түсіну қажет. Алгоритмдік ойлау арқылы осы байланыстарды анықтау әлдеқайда оңай әрі тез болады.

Алгоритмдік ойлау – мәселелерді шешуге арналған жүйелі ойлау құралдарының бірі, білім берудің жаңартылған бағдарламасында оған үлкен

назар аударылуда. Компьютерлік ойлаудың негізі логикалық ойлау болып табылады. Кез-келген зат туралы әр түрлі шашыраңқы фактілерге ие болғаннан гөрі, оның жалпы логикасын түсіну маңыздырақ болады.

Бағдарламалау – бұл пайдаланушыға қажет нәтижені қалай және қандай түрде алу керектігін машинаға түсінікті тілде жазу. Басқаша айтқанда, бағдарламалау адамның тілегін машина тіліне аударудың өзіндік өнері деп қарастыруға болады.

"Компьютерлік ойлау" бөлімі жоғарыда жазылған құралдарды еркін және шығармашылық ойлаумен ұштастыра отырып зерттейді және келесі бөлімшелерді қамтиды:

1. Модельдеу.
2. Алгоритмдер.
3. Бағдарламалау.
4. Робототехника.

Жасанды интеллекттің қазіргі даму қарқыны роботтардың өндіріс пен қоғамның барлық салаларында қолданыла бастайтын уақыттың жақын екендігін байқатты. Осыған байланысты роботтар техникасын мектепте оқыту қажеттігі туындады. Сондықтан, жаңартылған білім беру бағдарламасына Робототехника бірінші сыныптан бастап енгізілді.

Роботтар техникасын зерттеу арқылы информатика пәні STEAM (science, technology, engineering, mathematics, art – ғылым, математика, технология, инженерия, өнер) білім беру мүмкіндігіне ие болды. STEAM-білім беру дегеніміз – инженерлік шығармашылық пен математика, жаратылыстану ғылымдары мен технологиялардың кіріктірілуі негізінде жоба және пәнаралық амалдарды байланыстыратын жаңаша ойлау және жаңа технологияларға бағытталған ғылымдардың бірігуі.

Сонымен қатар, пән аралық байланыстарды жүзеге асыру үшін әртүрлі пән мұғалімдерінің ортақ идеясы мен шығармашылық бағыттағы бірлескен ізденісі қажет болады. Пәндік білімді, робот техникасын, құрастыруды, бағдарламалауды, 3D-жобалауды білім алушыларға үйрету үшін информатика мен пән мұғалімдеріне анағұрлым күрделі дағдылар мен құзыреттер және оқыту әдістемесі қажет.

STEAM дегеніміз – оқытудың біріктірілген тәсілі. Яғни, бұл тәсіл аясында академиялық ғылыми-техникалық тұжырымдамалар шынайы өмір контекстінде зерттеледі. Мұндай тәсілдің мақсаты – мектеп, қоғам, жұмыс және бүкіл әлем арасында STEAM-сауаттылықты дамытуға және әлемдік экономикадағы бәсекеге қабілеттілікке ықпал ететін нық байланыстарды орнату. [5]

IV. «Денсаулық және қауіпсіздік» бөлімі қауіпсіздік және өз денсаулығын сақтау бойынша білім береді: атап айтқанда эргономика міндеттерін тұжырымдау және шешу, тәуекелдер мен пайдаланушы интерфейстерінің эргономикалығын алдын алу және сыни бағалау. Информатика сабағында компьютерді қолданғанда екі түрлі мәселе туындайды:

1) қауіпсіздік техникасының ережелерін бұзудан, түрлі электрондық құрылғылардың адам ағзасына әсерінен, компьютерлерді ұзақ пайдаланудан денсаулыққа зиян келтіруге болады.

2) ақпараттық қауіпсіздік мәселелері.

Ақпараттық қауіпсіздік – бұл ақпараттық кеңістіктегі ақпараттық ресурстардың сақталу жағдайы және жеке тұлға мен қоғамның заңды құқықтарының қорғалу жағдайы.

Қорғаудың жүйелі және кешенді тәсілдері ғана ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ете алады. Ақпараттық қауіпсіздік жүйесінде барлық өзекті және ықтимал қатерлер мен осалдықтарды ескеру қажет. Осыған байланысты оқушыларға пайдаланушының желідегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін сақтау, алаяқтық және интернеттегі агрессиядан қорғану, құжаттарға пароль орнату, компьютерді зиянды бағдарламалардан қорғау, «авторлық құқық», «плагиат» ұғымдарының мағынасын түсіну, желідегі этикалық және құқықтық нормаларды бұзу салдарын және бөтен жұмысты көшірудің заңсыздығы туралы білу қажет.

Жоғарыда сипатталған қауіпсіздік шараларын ескере отырып, «Денсаулық және қауіпсіздік» бөліміне мынадай бөлімшелер енгізілген:

1. Эргономика.

2. Ақпараттық қауіпсіздік.

Сонымен, жаңартылған мазмұндағы бағдарламаның құрылымдық ерекшелігі – бағдарлама құрылымына жаңа «Робототехника» бөлімшесі кіргізілген «Компьютерлік ойлау» бөлімінің енгізілуі болып табылады.

Айта кету керек, жаңартылған бағдарламада негізгі мектептің 5-9 сыныптарындағы информатиканың пропедевтикалық курсы бастауыш сыныптарға ауыстырылды. Осылайша көшіру арқылы пән мазмұны оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес бейімделді, сонымен қатар бағдарламалау тілдерінің енгізілуін, STEAM-элементтердің қосылуын (робототехника, виртуалды шындық, 3D-принтинг және т.б.) ескере отырып, мектеп білімінің заманауи нысандары мен мазмұны қайта қаралды.

5-9 сыныптарда жаңа бағдарламада алгоритмдеу және бағдарламалаудың рөлі күшейтілді. Жаңартылған бағдарламаның сыныптар бойынша мазмұнын 2013 жылғы пән бағдарламасымен салыстыру 1-5 кестелерде берілген.

1-кесте. 5–сыныпқа арналған «Информатика» оқу пәнінің базалық мазмұны

Бөлімше	Тақырыптар	2013 жылғы бағдарламада /(2019 жылғы бағдарлама)
Компьютердің құрылғылары.	Ақпараттың цифрлық тасымалдаушылары	Жеке тақырып ретінде оқытылмады/ (Компьютердің негізгі құрылғыларымен танысу бастауыш сыныптарға енгізілді)
Компьютерлік желілер	Ортақ файлдармен жұмыс (орналастыру, редакциялау, жүктеу)	Жеке тақырып ретінде оқытылмады/ (Компьютерлік желілердің негізгі ұғымдары, мақсаты, Интернет қызметтері,

		берілген тақырыпқа ақпарат іздеу, ақпарат алмасу тәсілдері, интернет желісіндегі қауіпсіздік бастауыш сыныптарға ауыстырылды.)
Ақпаратты ұсыну және өлшеу	Ақпаратты әртүрлі нысандарда ұсыну. Байланыс арналары, ақпарат көздері және қабылдағыштары. Мәтіндік ақпаратты кодтау. Ақпараттың екілік көрінісі	Айырмашылық жоқ
Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру	Мәтіндік редактор: беттің параметрлері, алдын ала қарау. Компьютерлік графика: растрлық кескіндерді жасау және өңдеу, векторлық суреттер жасау және өңдеу, растрлық және векторлық графиканың артықшылықтары мен кемшіліктері	(Мәтін редакторымен, графикалық редактормен, презентациялар мен мультимедиаларды құрумен бастапқы танысу және негізгі дағдыларды меңгеру бастауыш сыныптарға ауыстырылды.)
Программалау	Роботтың бұрыштық бейімділігін анықтау. Роботты көрсетілген градусқа бұру. Робот қозғалысын ұйымдастыруға арналған түс датчигі. Объектіні табу үшін ультрадыбыстық датчик.	Робототехника 5 сынып бағдарламасына жаңадан енгізілді (Роботпен, алгоритмдер ұғымдарымен, программалаудың (Scratch)ойын ортасындағы сызықты алгоритмдерді орындаушыларымен алғашқы танысу бастауыш сыныптарға ауыстырылды.)
Робототехника	Роботты анықтау. Робот түрлерінің үлгілері және оларды қолдану салалары. Робототехника саласындағы адамзаттың техникалық жетістіктерінің мысалдары. Гироскопиялық датчик, жұмыс істеу принципі	Робототехника 5 сынып бағдарламасына бірінші рет енгізілді  (Білім беру роботының базалық моделін құрастыру, роботқа арналған бағдарламаны жүктеу және іске қосу, роботтың қозғалысын басқару бастауыш сыныпта оқытылады)
Эргономика	Қауіпсіздік техникасының ережелері.	«Қауіпсіздік техникасы және жұмыс орнын ұйымдастыру» тақырыбында оқытылды.
Ақпараттық қауіпсіздік	Біреудің жұмысын көшірудің заңсыздығы. Құжаттарға арналған пароль.	Тақырып жаңадан енгізілді

2–кесте. 6–сыныпқа арналған «Информатика» оқу пәнінің базалық мазмұны

Бөлімше	Тақырыптар	2013 жылғы бағдарламамен салыстыру / Ескерту
Компьютердің құрылғылары	Есептеу техникасының даму тарихы. Компьютерлік негізгі құрылғылардың әрекеттестігі;	Айырмашылық жоқ
Программалық қамтамасыз ету	Операциялық жүйелердің негізгі функциялары. IDE (ай ди и) (Integrated Development Environment (интегрейted девелопмент энвайронмент)) интерфейсінің мүмкіндіктері;	7-сыныпта оқытылды
Компьютерлік желілер	Сымсыз байланыстың артықшылықтары;	Жаңадан қосылған тақырып
Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру	Мәтіндік құжаттардағы сілтемелерді ұйымдастыру. Сілтемелер. Гиперсілтемелер. Мазмұны. Реферат құру;	Жаңадан қосылған тақырып
Модельдеу.	3D-модельдер қолдану мысалдары. 3D-редактордың мүмкіндіктері. 3D-редакторының графикалық примитивтерді құруға арналған құралдары. Айналу денелерін құру және түрлендіру. 3D-редактордағы объектілердің модельдері. Басып шығару үшін 3D-үлгіні экспорттау. 3D-баспаны баптау;	Модельдеу тақырыбы алгоритмдеу мен программалау жағынан оқытылды/ 3D-редакторда модельдеу жаңадан енгізілді
Алгоритмдер.	Python (пайтон) тіліндегі сызықтық алгоритмдер.	Паскаль тілінде оқытылды./ Python тілі жаңадан енгізілді
Программалау..	Бағдарламалау тіліннің алфавиті және синтаксисі. Мәліметтер типтері;	Паскаль тілінде оқытылды./ Python тілі жаңадан енгізілді
Эргономика	Эргономика міндеттері (барынша жайлылық пен тиімділік үшін);	«Қауіпсіздік техникасы мен жұмыс орнын ұйымдастыру» тақырыбында оқытылды.
Ақпараттық қауіпсіздік	Интернетке тәуелділіктің проблемалары. "Авторлық құқық", "плагиат" ұғымдары. Авторға сілтеме жасайтын ақпаратты сақтау.	Жаңадан қосылған тақырып

3-кесте. 7-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық білім мазмұны

Бөлімше	Тақырып	2013 жылғы бағдарламамен салыстыру / Ескерту
Компьютердің құрылғылары	Компьютердің жады түрлері (жедел есте сақтау құрылғысы, тұрақты есте сақтау құрылғысы, сыртқы жады, кеш-жады);	Ерекше айырмашылық жоқ
Программалық камтамасыз ету	Бірдей ақпаратты сақтайтын түрлі форматтағы файлдардың өлшемдерін салыстыру. Ақпаратты қысу, архиватор-бағдарламалар. Мұрағаттарды құру және ашу;	6-сыныпта оқытылды
Компьютерлік желілер	Компьютерлік желінің мақсаты, жіктелуі (ауқымы бойынша, топологиясы бойынша, тиістілігі бойынша);	8-сыныпта оқытылды
Ақпаратты ұсыну және өлшеу	Ақпаратты өлшеу бірліктері, ақпаратты бір өлшем бірлігінен басқаға аудару;	5-сыныпта оқытылды
Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру	Мәтіндік процессордағы кестелерді жасау, өңдеу және пішімдеу. Электрондық кестелер, электрондық кестенің негізгі ұғымдары. Деректерді енгізу, редакциялау және пішімдеу, маркер толтыру. Деректер типтері. Формулалар енгізу. Шартты пішімдеу. Диаграммаларды құру;	8-сыныпта оқытылды
Алгоритмдер	Салынған және құрамдас шарттарды, тармақталған алгоритмдерді программалау;	8-сыныпта Паскаль тілінде оқытылды / Python тілі жаңадан енгізілді
Программалау	Файлдарды оқу және жазу;	8-сыныпта Паскаль тілінде оқытылды / Python тілі жаңадан енгізілді
Эргономика	Пайдаланушы интерфейсінің эргономикалығын бағалау	Жаңадан қосылған тақырып
Ақпараттық қауіпсіздік	Ақпаратты зиянды бағдарламалардан қорғау;	6-сыныпта оқытылды.

4-кесте. 8-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық білім мазмұны

Бөлімше	Тақырып	2013 жылғы бағдарламамен салыстыру / Ескерту
Компьютердің құрылғылары	Процессор және оның негізгі сипаттамалары	Айырмашылық жоқ
Компьютерлік желілер	Компьютерлік желінің өткізу қабілеті;	Жаңадан қосылған тақырып
Ақпаратты ұсыну және өлшеу.	Ақпараттың көлемін бағалаудың алфавиттік тәсілі;	Жаңадан қосылған тақырып
Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру.	Электрондық кестелердегі деректер пішімдері. Абсолюттік және салыстырмалы сілтемелер. Функциялар графиктерін құру. Кірістірілген функцияларды пайдалану: математикалық (қосындысы, көбейтіндісі, дәрежесі), статистикалық (ең төменгі мән, ең жоғары мән, орташа мән, есеп), логикалық (егер);	Айырмашылық жоқ
Модельдеу.	Интеграцияланған дайындау ортасында қолданбалы міндеттерді шешу;	Модельдер Паскаль тілінде құрылды
Алгоритмдер.	Алгоритм трассировкасы. Интеграцияланған дайындау ортасында міндеттерді шешу;	Жеке тақырып ретінде оқытылған жоқ
Программалау.	Цикл операторлары (параметрі бар цикл, алғышартты цикл, кейінгі шартты цикл).	9-сыныпта Паскаль тілінде оқытылды
Эргономика	Электрондық құрылғылардың адам ағзасына әсері, электрондық құрылғылардың теріс әсерінен қорғау тәсілдері.	Жаңадан қосылған тақырып
Ақпараттық қауіпсіздік.	Желідегі пайдаланушының қауіпсіздігі: алаяқтық, интернеттегі агрессия.	Жаңадан қосылған тақырып

5-кесте. 9-сыныпқа арналған "Информатика" оқу пәнінің базалық білім мазмұны

Бөлімше	Тақырыптар	2013 жылғы бағдарламамен салыстыру / Ескерту
Компьютердің құрылғылары.	Мақсатына байланысты компьютердің аппараттық конфигурациясын таңдау;	Жеке тақырып ретінде оқытылған жоқ
Программалық қамтамасыз ету.	Пайдаланушының қажеттіліктеріне байланысты бағдарламалық қамтамасыз етуді таңдау;	Жеке тақырып ретінде оқытылған жоқ
Компьютерлік желілер	Бұлтты технологияларды қолдану арқылы құжаттармен ортақ жұмыс істеу;	Жаңадан қосылған тақырып
Ақпаратты ұсыну және өлшеу.	Ақпарат қасиеттері (өзектілігі, дәлдігі, анықтығы, құндылығы);	5, 6 сыныптарда оқытылды
Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру.	Дерекқор, өріс, жазба. Электрондық кестеде деректер базасын құру. Деректерді іздеу, сұрыптау және сүзгілеу;	9 сыныпта оқытылды
Модельдеу.	Процесс моделдерін (физикалық, биологиялық, экономикалық) электрондық кестеде зерттеу және құру;	9 сыныпта оқытылды
Программалау.	Бір өлшемді массив. Екі өлшемді массив. Массивтерді өңдеудің негізгі алгоритмдері: массив элементтерін іздеу, сұрыптау, орнын ауыстыру, жою және қою. PyGame (пайгейм) кітапханасы. Ойынның артқы фоны. Ойынға арналған дайын кейіпкерлер. Кейіпкер қозғалысы. Дайын сценарий бойынша ойын программалау. Ойын нәтижелерін есептеу;	Массивтер Паскаль тілінде оқытылды/ Python тілінде ойындар құру жаңадан енгізілді
Эргономика.	Компьютерде ұзақ уақыт жұмыс істеу тәуекелін бағалау;	Жеке тақырып ретінде оқытылған жоқ
Ақпараттық қауіпсіздік.	Желіде жұмыс істеудің этикалық және құқықтық нормаларын бұзу салдарлары.	Жеке тақырып ретінде оқытылған жоқ

Жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларын ұйымдастырудың негізгі принциптері:

- пән мазмұнын жобалаудың шиыршықтық ұстанымы, яғни білім мен біліктерді арттыруда оқу материалын сыныптан сыныпқа көшкен сайын біртіндеп кеңейту;

- таным заңдылығы мен пәндік операциялардың неғұрлым маңызды түрлері бойынша ойлау дағдысының деңгейлік жіктелімдеріне, Блум таксономиясы иерархиясына негізделген;



- білім беру деңгейлері және тұтас оқыту курсы бойынша педагогикалық мақсаттардың пәнішілік байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік беру;
- оқу үрдісін ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспар түрінде технологияландыру болып табылады [4].

Оқытудың шығыршықты түрі, яғни, оқыту барысында материалды күрделендіре отырып қайта қарау – оқушының бұрын алынған мәліметті жаңа мәліметпен сабақтастыра отырып еске түсіруін, есте сақтау қабілетінің дамуын қамтамасыз етеді.

Сыныптар мен бөлімшелер бойынша пән мазмұнының шығыршықты түрі б–кестеде келтірілген

б–кесте. Сыныптар мен бөлімшелер бойынша бойынша пән мазмұнының шығыршықты түрі

Бөлімшелер атауы	5 сынып	6 сынып	7 сынып	8 сынып	9 сынып
1	2	3	4	5	6
Компьютердің құрылғылары	Ақпараттың цифрлық тасымалдаушылары	Есептеу техникасының даму тарихы. Компьютерлік негізгі құрылғылардың әрекеттестігі	Компьютердің жады түрлері (жедел есте сақтау құрылғысы, тұрақты есте сақтау құрылғысы, сыртқы жады, кеш-жады)	Процессор және оның негізгі сипаттамалары;	Мақсатына байланысты компьютердің аппараттық конфигурациясын таңдау;
Компьютерлік желілер	Ортақ файлдармен жұмыс (орналастыру, редакциялау, жүктеу)	Сымсыз байланыстың артықшылықтары;	Компьютерлік желінің мақсаты, жіктелуі (ауқымы бойынша, топологиясы бойынша, тиістілігі бойынша);	Компьютерлік желінің өткізу қабілеті;	Бұлтты технологияларды қолдану арқылы құжаттармен ортақ жұмыс істеу;
Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру	Мәтіндік редактор: беттің параметрлері, алдынала қарау.	Мәтіндік құжаттардағы сілтемелерді ұйымдастыру.	Мәтіндік процессордағы кестелерді жасау, өңдеу және пішімдеу.	Электрондық кестелердегі деректер пішімдері.	Дерекқор, өріс, жазба. Электрондық кестеде деректер базасын құру.
1	2	3	4	5	6

<p>Ақпараттық объектілерді құру және түрлендіру</p>	<p>Компьютерлік графика: растрлық кескіндерді жасау және өңдеу, векторлық суреттер жасау және өңдеу, растрлық және векторлық графиканың артықшылықтары мен кемшіліктері;</p>	<p>Сілтемелер. Гиперсілтемелер. Мазмұны. Реферат құру;</p>	<p>Электрондық кестелер, электрондық кестенің негізгі ұғымдары. Деректерді енгізу, редакциялау және пішімдеу, маркер толтыру. Деректер типтері. Формулалар енгізу. Шартты пішімдеу. Диаграммаларды құру;</p>	<p>Абсолюттік және салыстырмалы сілтемелер. Функциялар графиктерін құру. Кірістірілген функцияларды пайдалану: математикалық (сомасы, көбейтіндісі, дәрежесі), статистикалық (ең төменгі, ең жоғары, орташа, есеп), логикалық (егер);</p>	<p>Деректерді іздеу, сұрыптау және сүзгілеу;</p>
<p>Программа лау.</p>	<p>Роботтың бұрыштық бейімділігін анықтау. Роботты көрсетілген градусқа бұру. Робот қозғалысын ұйымдастыруға арналған түс датчигі.</p>	<p>Бағдарламалау тіліннің алфавиті және синтаксисі. Мәліметтер типтері;</p>	<p>Салынған және құрамдас шарттарды, тармақталған алгоритмдерді программалау; Файлдарды оқу және жазу;</p>	<p>Алгоритм трассировкасы. Интеграцияланған дайындау ортасында міндеттерді шешу; Цикл операторлары (параметрі бар цикл, алғышартты цикл, кейінгі шартты цикл).</p>	<p>Бір өлшемді массив. Екі өлшемді массив. Массивтерді өңдеудің негізгі алгоритмдері: массив элементтерін іздеу, сұрыптау, орнын ауыстыру, жою және қою. PyGame (пайгейм) кітапханасы. Ойынның артқы фоны. Ойынға арналған дайын кейіпкерлер. Кейіпкер қозғалысы.</p>
<p>1</p>	<p>2</p>	<p>3</p>	<p>4</p>	<p>5</p>	<p>6</p>

	Объектіні табу үшін ультрадыбыстық датчик;				Дайын сценарий бойынша ойын программалау. Ойын нәтижелерін есептеу;
Эргономика	Қауіпсіздік техникасының ережелері	Эргономика міндеттері (барынша жайлылық пен тиімділік үшін);	Пайдаланушы интерфейстерінің эргономикалық бағалау	Электрондық құрылғылардың адам ағзасына әсері, электрондық құрылғылардың теріс әсерінен қорғау тәсілдері.	Компьютерде ұзақ уақыт жұмыс істеу тәуекелін бағалау;
Ақпараттық қауіпсіздік.	Біреудің жұмысын көшірудің заңсыздығы. Құжаттарға арналған пароль.	Интернетке тәуелділіктің проблемалары. «Авторлық құқық», «плагиат» ұғымдары. Авторға сілтеме жасайтын ақпаратты сақтау.	Ақпаратты зиянды бағдарламалардың қорғау;	Желідегі пайдаланушының қауіпсіздігі: алаяқтық, интернеттегі агрессия.	Желіде жұмыс істеудің этикалық және құқықтық нормаларын бұзу салдарлары.

3-тарауда бөлімдер бойынша пәнді оқыту мақсаттарының жүйесі берілген.

Тапқырыптар бойынша күтілетін нәтижелер білу немесе түсіну, дағды немесе білік түрінде сыныптар бойынша оқыту мақсаттарын қамтиды. Әрбір бөлімде жүйелі ұйымдастырылған оқыту мақсаттары мұғалімдерге сабақтағы жұмысын жоспарлауға, оқушылардың жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оларды оқытудың келесі кезеңдеріне даярлауға мүмкіндік береді.

Негізгі бөлімдер жылдан жылға қайталанғанымен, әрбір бөлім бойынша оқыту мақсаттары білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып күрделендірілген және оқытудың әрбір кезеңінде аса маңызды іргелі ұғымдардың жүйелі қайталануын қамтамасыз ететін етіп бөлінген.

Бағдарламада оқыту мақсаттарының жүйесі әр сыныпқа әрбір бөлім бойынша берілген, әрбір мақсат кодпен кодталған. Мысалы, 6.2.1.4 кодында "6" – сынып, "2.1" – бөлім және бөлімше, "4" – оқу мақсатының нөмірленуі.

Оқыту мақсаттарының иерархиясы Блум таксономиясы бойынша құрылған, таным заңдылықтарына негізделген және тақырып мазмұнының аса маңызды түрлері бойынша жіктелген.

«Компьютер құрылғылары» бөлімшесінің әр сыныпқа оқыту мақсаттары мен Блум таксономиясы бойынша ойлау дағдыларының деңгейлері 7- кестеде келтірілген.

7–кесте. «Компьютер құрылғылары» бөлімшесінің Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттары мен ойлау дағдыларының деңгейлері

Сынып	Оқыту мақсаттары	Ойлау дағдыларының деңгейлері
5	5.1.1.1 ақпараттың цифрлық тасымалдау құралдарын сипаттау	Білу
6	6.1.1.1 компьютерлік технологияның даму тарихы мен келешегі туралы әңгімелеу; 6.1.1.2 компьютердің негізгі құрылғыларының өзара әрекеттесуін түсіндіру	Білу, Түсіну
7	7.1.1.1 компьютердің жады түрлерінің мақсаттарын сипаттау (жедел есте сақтау құрылғысы, тұрақты есте сақтау құрылғысы, сыртқы жады, кеш-жады)	Білу, Түсіну
8	8.1.1.1 процессордың функцияларын және оның негізгі сипаттамаларын қарапайым деңгейде түсіндіру	Білу, Түсіну, Қолдану
9	9.1.1.1 мақсатына байланысты компьютердің конфигурациясын таңдау	Қолдану, Анализ Синтез, Бағалау

«Программалық қамтамасыз ету» бөлімшесінің әр сыныпқа оқыту мақсаттары мен Блум таксономиясы бойынша ойлау дағдыларының деңгейлері 8-кестеде келтірілген.

8–кесте. «Программалық қамтамасыз ету» бөлімшесінің оқыту мақсаттары және Блум таксономиясы бойынша ойлау дағдыларының деңгейлері

Сынып	Оқыту мақсаттары	Ойлау дағдыларының деңгейлері
6	6.1.2.1 операциялық жүйелердің негізгі функцияларын атау; 6.1.2.2 IDE (ай ди и) интерфейсінің мүмкіндіктерін қолдану	Білу, Түсіну
7	7.1.2.1 бірдей ақпаратты сақтайтын түрлі форматтағы файлдардың өлшемдерін салыстыру; 7.1.2.2 Түрлі форматтағы мұрағаттарды жасау және ашу	Білу, Түсіну, Қолдану
9	9.1.2.1 пайдаланушының қажеттілігіне қарай программалық жасақтаманы таңдау	Қолдану, Талдау, Бағалау

«Компьютерлік желілер» бөлімшесі бойынша әр сыныпқа оқыту мақсаттары мен Блум таксономиясы бойынша ойлау дағдыларының деңгейлері 9- кестеде келтірілген.

9–кесте. «Компьютерлік желілер» бөлімшесі бойынша Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттары және ойлау дағдыларының деңгейлері

Сынып	Оқыту мақсаттары	Ойлау дағдыларының деңгейлері
5	5.1.3.1 ортақ пайдалану файлдарын орналастыру, редакциялау, жүктеу	Білу, Түсіну, Қолдану
6	6.1.3.1 сымсыз байланыстың артықшылықтарын түсіндіру	Түсіну, Талдау
7	7.1.3.1 компьютерлік желілерді жіктеу	Білу, Түсіну
8	8.1.3.1 желінің өткізу қабілетін анықтау	Түсіну, Қолдану
9	9.1.3.1 бұлтты технологияларды қолданатын құжаттармен бірлескен жұмысты жүзеге асыру	Түсіну, Қолдану, Талдау

«Алгоритмдер» бөлімшесі бойынша әр сыныпқа оқыту мақсаттары мен Блум таксономиясы бойынша ойлау дағдыларының деңгейлері 10- кестеде келтірілген.

10–кесте. «Алгоритмдер» бөлімшесі бойынша Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттары және ойлау дағдыларының деңгейлері

Сынып	Оқыту мақсаттары	Ойлау дағдыларының деңгейлері
6	6.3.2.1 Python (пайтон) тіліндегі сызықтық алгоритмдерді жазу	Білу, Түсіну
7	7.3.2.1 Python (пайтон) программалау тілінде тармақталған алгоритмдерді жазу	Білу, Түсіну
8	8.3.2.1 алгоритмнің трассировкасын жүзеге асыру	Түсіну, Қолдану
9	9.3.2.1 сұрыптау алгоритмдерін қолдану	Түсіну, Қолдану

«Программалау» бөлімшесінің әр сыныпқа оқыту мақсаттары мен Блум таксономиясы бойынша ойлау дағдыларының деңгейлері 11– кестеде келтірілген.


11–кесте. «Программалау» бөлімшесінің Блум таксономиясы бойынша оқыту мақсаттары және ойлау дағдыларының деңгейлері

Сынып	Оқыту мақсаттары	Ойлау дағдыларының деңгейлері
-------	------------------	-------------------------------

5	5.3.3.1 роботтың бұрыштық бейімділігін анықтау үшін программалар жасау; 5.3.3.2 роботты көрсетілген градусқа бұру үшін программалар жасау; 5.3.3.3 ообот қозғалысын ұйымдастыруға арналған түс датчигін қолдану; 5.3.3.4 объектіні табу үшін ультрадыбыстық датчикті пайдалану	Білу, Түсіну, Қолдану
6	6.3.3.1 деректер түрлерін жіктеу	Білу, Түсіну
7	7.3.3.1 Python программалау тілінде файлды оқу және жазу; 7.3.3.2 Python программалау тіліндегі кірістірілген шарттарды қолдану; 7.3.3.3 Python программалау тіліндегі күрделі шарттарды қолдану	Білу, Түсіну, Қолдану
8	8.3.3.1 While (уайл) цикл операторын пайдалану; 8.3.3.2 For (фор) цикл операторын пайдалану 8.3.3.3 цикл басқару нұсқаулығын қолдану (continue (континю), break (брик), else (элс))	Білу, Түсіну, Қолдану
9	9.3.3.1 бір өлшемді массивтер пайдаланып Python (пайтон) программалау тілінде программалар жасау; 9.3.3.2 екі өлшемді массивтер пайдаланып Python (пайтон) программалау тілінде программалар жасау; 9.3.3.3 PyGame (пайгейм) кітапханасын қосу; 9.3.3.4 ойын терезесін жасау үшін PyGame (пайгейм) кітапханасының дайын модульдерін пайдалану; 9.3.3.5 ойынның артқы фонын құру 9.3.3.6 ойынға арналған дайын кейіпкерлер жүктеу 9.3.3.7 кейіпкер қозғалысын программалау 9.3.3.8 пернетақтадан кейіпкерлерді басқару; 9.3.3.9 дайын сценарий бойынша ойын әзірлеу 9.3.3.10 ойынның нәтижелерін есептеу алгоритмін іске асыру	Білу, Түсіну, Қолдану, Талдау, Бағалау

«Информатика» оқу пәнінің жаңартылған мазмұны бойынша үлгілік оқу бағдарламаларының үшінші тарауынан кейін әр сыныпқа арналған ұзақ мерзімді жоспарлар берілген. Ұзақ мерзімді жоспардың құрылымы 3-суретте көрсетілген.

Ұзақ мерзімді жоспарларда әр тақырыпқа сәйкес бөлімдер, тақырыптар атаулары, оқыту мақсаттары көрсетілген. Жаңартылған мазмұндағы Типтік оқу бағдарламаларында тақырыптар мен бөлімдерді оқуға арналған сағаттар көрсетілмеген. Тоқсан ішіндегі сағаттар бөлімдер мен тақырыптарға мұғалімнің қалауы бойынша бөлінеді. Бұл шешім білім беру ұйымының әдістемелік бірлестіктерінің отырыстарында қабылданады. Жоспарлау кезінде бекіту және қайталау сабақтарына арналған сағаттарды, бөлім, тоқсан және жыл үшін жиынтық бағалауды ескеру қажет. Ең бастысы, бір тоқсанда көрсетілген материал дәл осы тоқсанда оқытылуы тиіс.



3-сурет Пән бойынша бір оқу жылына бір сыныпқа арналған ұзақ мерзімді жоспардың құрылымы

Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-сыныбына арналған «Информатика» пәнінен жаңартылған мазмұн бойынша үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұзақ мерзімді жоспар 12-кестеде келтірілген

12-кесте 5-сыныпқа арналған ұзақ мерзімді жоспар

Ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдері	Тақырыптар, мазмұны	Оқыту мақсаттары
1-тоқсан		
Ақпаратты ұсыну	Біздің айналамыздағы ақпарат	5.2.1.1 әртүрлі ақпараттың мысалдарын келтіру және ақпаратты әртүрлі нысандарда ұсыну;
	Ақпарат беру	5.2.1.2 байланыс арналары, ақпарат көздері және қабылдағыштарының мысалын келтіру;
	Ақпаратты шифрлау	5.2.1.3 мәтіндік ақпаратты кодтау және декодтау;
	Екілік ақпаратты ұсыну	5.2.1.4 компьютерге арналған барлық ақпарат екілік түрінде ұсынылғанын түсіндіру
2-тоқсан		
Компьютерлік графика	Растрлық суреттерді құру және редакциялау	5.2.2.2 растрлық кескіндерді жасау және өңдеу;
	Растрлық суреттерді	5.2.2.2 растрлық кескіндерді жасау және өңдеу;

	өңдеу		
	Векторлық суреттерді құру	5.2.2.3 векторлық суреттер жасау және өңдеу;	
	Қисық бетімен жұмыс	5.2.2.3 векторлық суреттер жасау және өңдеу;	
	Растрлық және векторлық суреттерді салыстыру	5.2.2.4 растрлық және векторлық графиканың артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау	
3-тоқсан			
Робототехника	Робот түрлері және оларды қолдану	5.3.4.1 робот анықтамасын тұжырымдау; 5.3.4.2 Роботтардың түрлерінің үлгілері және оларды қолдану салаларына мысал келтіру;	
	Робототехника тарихы және перспективалары	5.3.4.3 робототехника саласындағы адамзаттың техникалық жетістіктеріне мысалдар келтіру;	
	Гироскопиялық датчик	5.3.4.4 гироскопиялық датчик жұмыс істеу принципін түсіндіру; 5.3.3.1 роботтың бұрыштық бейімділігін анықтау үшін бағдарламалар жасау;	
	Бұрылыстар	5.3.3.2 роботты көрсетілген градусқа бұру үшін бағдарламалар жасау;	
	Роботтың сызық бойымен қозғалысы	5.3.3.3 робот қозғалысын ұйымдастыруға арналған түс датчигін қолдану;	
Роботтардың жарысы	Робо-сумо	5.3.3.4 объектіні табу үшін ультрадыбыстық датчикті пайдалану; 5.3.3.3 робот қозғалысын ұйымдастыруға арналған түс датчигін қолдану;	
4-тоқсан			
Компьютер және қауіпсіздік	Компьютерде жұмыс істеу кезінде өзіңе зиян келтірмеуге қалай болады?	5.4.1.1 қауіпсіздік ережелерін бұзу салдары туралы талдау	
	Ақпаратты цифрлы тасымалдаушылары	5.1.1.1 сандық ақпараттың цифрлық тасымалдау құралдарын сипаттау	
	Интернетте жұмыс істеудің қандай қауіп-қатері бар?	5.4.2.1 біреудің жұмысын көшіру заңсыздығы туралы айту;	
	Компьютеріңіздегі деректерді қалай қорғауға болады?	5.4.2.2 құжаттарға арналған пароль орнату 5.1.3.1 ортақ пайдалану файлдарын орналастыру, редакциялау, жүктеу	
	Шағын жоба		5.4.2.2 құжаттарға арналған пароль орнату 5.2.2.1 құжатты басып шығару үшін тиімді ұйымдастыру (бет параметрлерін орнату, алдын ала қарауды орындау);
			5.1.3.1 ортақ пайдалану файлдарын орналастыру, редакциялау, жүктеу



Кестеден тоқсандар бойынша ұзақ мерзімді жоспардың бөлімдерін, тақырыптардың мазмұнын, оқу мақсаттарын көреміз. Ұзақ мерзімді жоспар негізінде мұғалім БЖБ мен ТЖБ-ны көрсете отырып күнтізбелік-тақырыптық жоспар құрастырады. Бұл шешім білім беру ұйымдарының әдістемелік бірлестіктерінің отырыстарында қабылданады.

Информатика сабақтарында пәнаралық байланыс оқушылардың қызығушылығын және оқыту сапасын арттыруға көмектеседі, оқушылардың ғылыми ойлау стилін дамытуға ықпал етеді, оқу пәндеріне деген кешенді көзқарасты қалыптастырады, оқушылардың ой-өрісін кеңейтеді, шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға ықпал етеді, бағдарламалық материалды терең ұғынуға және меңгеруге көмектеседі, оқушыларды ғылыми-зерттеу қызметіне бейімдейді.

«Информатика» пәнінің төмендегі пәндермен тақырыптық байланысы анықталған:

- математика (функцияны ұсыну тәсілдері, функцияны бейнелеу тәсілдері, функция графигі, функцияны ұсынудың кестелік формасы, өлшем бірліктері, логарифм, теңдеулерді, теңсіздіктерді шешу, фигуралар және олардың қасиеттері, координаттар жүйесі, қисық сызықты трапеция, арифметикалық және геометриялық прогрессиялар, математикалық логика және т. б.);

- биология және химия (энергия, элементар бөлшектер, атомдар, молекулалар, биологиялық жүйелер, органдар, рецепторлар, генетикалық ақпарат, жасушалар, генетикалық код, қабылдау органдары, биологиялық жүйелер, бас, ми, жүрек және т. б.);

- физика (өткізгіш, аналогтық құрылғылар, қабылдағыштар, код, өлшем бірліктері, Морзе әліппесі, элементтік база, транзисторлар, катод, анод, электромагниттік сигналдар, электрлік импульс, обсерватория, механика, динамика, статика, күштер, энергия, жылу құбылыстары, Элементарлық база, электрлік импульс, магниттік индукция және т. б.);

- тарих (ақпарат, есептеу техникасының даму тарихы, ақпараттық революциялар, ақпараттық мәдениет, ұлттық ақпараттық ресурстар, қоғамды ақпараттандыру, ұлттық ресурстар, ақпараттық қоғамның белгілері, Рим есептеу жүйесі, объект, субъект, адамның ақпараттық қызметінің этикалық және құқықтық аспектілері, ақпараттың жеткіліктілігі, ақпараттың өзектілігі, ақпараттың шынайылығы, ақпараттың қолжетімділігі).

Аталған пәнаралық байланыстар "Ақпарат", "Ақпараттық процестер", "Ақпаратты ұсыну және өлшеу", "Модельдеу", "Компьютерлік желілер", "Бағдарламалық қамтамасыз ету", "Алгоритм", "Бағдарламалау", "Эргономика" тақырыптарында айқын көрінеді.

Ұзақ мерзімді жоспарда көрсетілген шығармашылық жобаларды орындау тақырыптары пәнаралық байланысты жүзеге асырудың тиімді әдісі болып табылады.

## 2 «Информатика» пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері

Білімалушыларды жаңартылған білім беру мазмұны бойынша оқыту мұғалімнен оқыту процесін ұйымдастыруға, атап айтқанда, сабақта озық педагогикалық технологияларды, білім беру процесін ұйымдастырудың тиімді нысандарын, білім алушыларды практикалық және ойлау іс-әрекетіне итермелейтін оқытудың белсенді әдістерін пайдалануда жаңа көзқарасты талап етеді.

Мектептегі информатика сабағы – мұғалім дәстүрлі және инновациялық әдістерді, техникалық құрылғыларды үйлесімді қолданатын заманауи сабақ. Әрбір сабақ практикаға бағытталған, қойылған мақсатқа жеткізетін, қазіргі уақытта маңызды және білімалушының заманауи қажеттіліктеріне жауап беретін болуы тиіс.

Бүгінгі күні оқушы білім берудің әр түрлі көздері пайдаланылатын, жеке және ұжымдық іс-әрекеттер қолданылатын, жаңа міндеттерді шешуде жан-жақты оқу іс-әрекеттерін қалыптастыруға басымдық берілетін, алынған білім бағалаудың жаңа критерийлері арқылы бағаланатын сабақтың субъектісі болып табылады.

"Информатика" пәні мектептің басқа пәндерінен арнайы техникалық құралдардың: әрбір оқушы үшін дербес компьютердің, оқу процесінде пайдаланылатын ұйымдастыру техникасы мен мультимедиялық құрылғылардың болуымен ерекшеленеді.

Типтік оқу бағдарламасын жүзеге асыруда мұғалімдер қолданатын формалар мен әдістер, оқыту әдістемесі оқыту процесіне елеулі әсер етеді және күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін маңызды болып табылады.

"Информатика" пәні бойынша оқытудың қолданылатын формалары мен әдістерінің нақ ортасында білім алушы тұрады. Білім алушы өз дағдыларын дамытатын, білім алу процесін талдайтын, бірлесіп оқуға және диалогқа қатысатын, оқу үдерісіне белсенді тартылатын және өз білімі мен дағдысын рефлексиялайтын болуы тиіс.

Бүгінгі таңда білім беруде «оқуды үйрену» принципі басымдықта болып табылады, бұл принцип білімалушылардың дербестігін, уәжденуін, қызығушылығын, сенімділігін, жауапкершілігін қалыптастыру мен оларды дамытудан тұрады. Сондықтан, оқытудың нақты мақсаттары шеңберінде күтілетін нәтижеге жету үшін мұғалім оқыту формалары мен әдістерін дұрыс таңдауы маңызды болып табылады. Мұғалім сабақта қолданатын оқыту формалары мен әдістері мыналарды қамтуы керек:

- оқушының пікірін тыңдау және білімді, іскерлікті, дағдыларды одан әрі дамыту үшін осы уақытқа дейін меңгерілген білімді пайдаланудың маңыздылығын мойындау;

- мұқият таңдалған тапсырмалар мен әртүрлі іс-әрекеттер көмегімен оқушыларды ынталандырып дамыта оқыту;

- мәселелерді шешу стратегияларын оқушыларға түсінікті тәсілмен ұсыну;

- «оқыту үшін бағалау» арқылы оқушылардың оқуын қолдау;
- оқушылардың мәселені шешу мен талдауға негізделген зерттеу әрекеттері мен белсенді оқуларын ынталандыру;
- оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту;
- оқушылардың жеке, жұптық, топтық қызметін және барлық сынып жұмысын ұйымдастыру [4].

Оқытуды ұйымдастыру түрі – бұл оқу процесінің уақытпен шектелген жеке бөлігі.

Сабақ – барлық пәндер бойынша оқушылармен оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі түрі.

Оқыту формасы – мақсатқа бағытталған, нақты ұйымдастырылған, мазмұнға бай және әдістемелік жағынан жабдықталған мұғалім мен білімалушылардың танымдық, тәрбиелік қарым-қатынастарының жүйесі. Оқыту формасы білім мазмұнының, оқыту құралдары мен әдістерінің мақсатқа бағытталған біртұтас ұйымдасуы ретінде іске асырылады.

Оқу процесінде оқытудың жалпы түрлері және оқытуды ұйымдастыру түрлері қолданылады [6].

Оқытудың жалпы түрлері *фронтальды, жеке, жұптық, топтық, ұжымдық, сондай-ақ оқушылардың топтағы құрамының ауыспалы түрлеріне* бөлінеді.

Оқытудың *фронтальды* түрі барлық оқушылардың бір ғана мазмұнмен жұмыс істеу кезінде немесе бір іс-әрекет түрін меңгеру кезінде қолданылады және мұғалімнің барлық сынып оқушыларымен бірыңғай қарқынмен, ортақ міндеттермен жұмыс істеуін көздейді.

Оқытудың *жеке* түрі мұғалімнің бір ғана оқушымен өзара қарым-қатынасын білдіреді. Информатика пәні оқытудың компьютермен жеке дара деген жаңа түрін (компьютер – оқушы) қалыптастырды. Жеке оқытуды мына жағдайларда жүргізуге болады:

- 1) күрделілік деңгейі бойынша жіктелген, барлығы үшін бірдей емес, жеке тапсырмаларды орындау арқылы;
- 2) білім алушының ойлау түріне байланысты оқыту бағдарламасын икемді күйге келтіру арқылы;
- 3) педагогикалық еңбектің бір сарындағы ұсақ-түйек бөлігін автоматтандырып, оқушымен жеке жұмыс жүргізуі үшін мұғалімнің уақытын босату арқылы.

Нәтижесінде оқушы білімді өз қарқынына сәйкес меңгереді, берілген сабақ тақырыбы аясында оқу материалын меңгерудің жеке бағытын өзі таңдайды.

*Жұптық* оқытуда негізгі іс-қимыл екі оқушы арасында жүргізіледі, олар мәселені бірлесіп талқылай алады, өзара оқу немесе өзара бақылау жасай алады. Бір компьютерде екі оқушы бірлесіп жұмыс істегенде, бұл оқыту түрі пайдалы болуы мүмкін. «Орындаушы – тапсырыс беруші» түріндегі рөлдік қарым-қатынас арқылы оқушының сыни ойлауын қалыптастыруға болады, ескеретін нәрсе, оқушылардың орындары мен және рөлдерін ауыстырып отыру керек.

Бағдарламалауды оқытуда жұптық бағдарламалауды қолдануға болады. Оқушыларды жұптармен бөліп, жұптасып бағдарламалау үшін есептер беріледі.

*Жұптық бағдарламалау*, бұл –бір жұмыс орнында отырып, бір есепті бағдарламалайтын адамдардың жұптарымен бағдарлама коды құрылатын бағдарламалау техникасы. Жұптағы екі адам, негізінен, кодтауды бүге-шігесіне дейін жоспарлайды. Бір бағдарламашы («жүргізуші») кодты компьютерде тереді, компьютерді басқарады. Басқа бағдарламашының («штурман») зейіні кодтаудың жалпы барысына шоғырланады және бірінші бағдарламашы жазып жатқан кодты үздіксіз қадағалап отырады. Уақыт өте келе олар рөлдерімен ауысады. Мұғалім оқушыларға рөлдерін өзгертуін еске түсіріп отырады.

*Электронды құрылғыларсыз информатиканы оқыту* – бұл компьютерді пайдаланбай практикалық интерактивті әрекеттерді қолдана отырып, информатиканы оқыту әдістемесі. Бұл әрекеттер бастауыш, орта немесе жоғары мектептің оқушыларына информатика ұғымдарын түсіндіру үшін жиі қолданылады [6].

Қандай да бір алгоритмді бағдарламалаудан бұрын, оның мағынасы мен орындалу ретін түсіну үшін бұл әдіс маңызды рөл атқарады. Компьютерсіз меңгеруге арналған әдістің мәні - өмірмен байланыстыра отырып, қарапайым мысалдарды қарастыру.

Мысал,  $x=5$ ,  $y=12$  екі айнымалының мәндерін ауыстыру. Нәтижеде  $x=12$ ,  $y=5$  болу керек.

Бұл алгоритм массивтерді сұрыптау, элементтердің орнын ауыстыру есептерінде жиі қолданылады.

Алгоритм былай жазылады:

$x:=5$ ;  $y:=12$ ;


$z:=x$ ;  $z$  – көмекші айнымалы пайдаланылады.

$x:=y$ ;  $y:=z$ ;

Осы алгоритмді күнделікті өмірдегі іс-әрекеттермен байланыстырайық. Бір кеседе ( $x$ ) сүт, екіншісінде ( $y$ ) шай құйылған. Кеселердегі сүт пен шайды ауыстыру керек. Ол үшін үшінші бос кесе ( $z$ ) қажет болады. Сүтті бос кесеге құямыз ( $z:=x$  (сүт)), сүт болған кесеге шайды құямыз ( $x:=y$  (шай)); шайдың кесесіне үшінші кеседен сүтті құямыз ( $y:=z$  (сүт)). Нәтижеде шай мен сүттің кеселері ауыстырылды.

5-сыныптағы «Ақпаратты ұсыну» бөліміндегі «Екілік ақпаратты ұсыну» тақырыбын (мақсаты 5.2.1.4 компьютерге арналған барлық ақпарат екілік түрінде ұсынылғанын түсіндіру) мына әдіспен түсіндіруге болады.

*Мұғалімге арналған нұсқау.* Нүктелер белгіленген карточкалар алдын ала дайындалып, 4-суретте көрсетілгендей ретпен бір қатарға қойылады



4- сурет. Нүктелер белгіленген карточкаларды орналастыру реті

Әңгімелесу үшін төмендегі сұрақтар беріледі.


–Карточкалардағы нүктелер саны туралы не айтуға болады? (Әрбір келесі карточкадағы нүктелер саны алдыңғыдан екі есе артық).

–Егер қатарды жалғастырсақ келесі карточкада неше нүкте болар еді?  
(32)

–Толығырақ түсіндіріңіз...

Осы карточкаларды әр түрлі ретпен төңкеру арқылы кез келген санды көрсетеміз.


6 санын қалай көрсетуге болады? (Төрт және екі нүктесі бар карточкалар арқылы ( $6=4+2$ )) (5-суретте)



5- сурет. 6 санын нүктелермен белгіленген карточкалар арқылы көрсету

15 саны 8, 4, 2, 1 нүктелері бар карточкалар арқылы көрсетіледі.

Енді 0-ден бастап басқа сандарды көрсетіңіздер. Басқа оқушылар карточкалардың төңкерілу үрдісін бақылап отырады (әрбір карточка нүктелер жағымен немесе төңкерілген түрдегі екі жағдайдың бірінде болады). Карточка нүктелер жағымен болса 1-деп, төңкерілген жағдайда болса 0-деп белгілейміз. 9-санының 0 мен 1 арқылы жазылуын қарайық (6-суретте).



6- сурет. 9 санын 0 мен 1 арқылы көрсету

Осылайша, 0 мен 1-ден тұратын екілік жүйені енгіздік.

01001 қалай көрсетілетінін балалардан сұраңыз.

Ондық жүйеде бұл қай сан? (9).

Екілік жүйеде 17 саны қалай ұсынылады? (10001).

Тағы бірнеше мысал келтіріңіз. Топта әрбір бала түсінбейінше, дағдыларды бекіту үшін тапсырмаларды кеңейтуге тырысыңыз. 17 санын екілік жүйеде жазыңыздар. Тағы да бірнеше мысалдар қараңыздар.

*Топтық* оқыту түрінде оқушылар әр түрлі негізде және әртүрлі мерзімге құрылған топтарда жұмыс істейді.

Информатика сабақтарында оқыту мен оқу сапасын жақсарту мақсатында *сараланған, іс-әрекеттік, тұлғалық-бағытталған, құзыреттілік, кіріктірілген, жүйелілік* және басқа да тәсілдерді қолдану ұсынылады.

Сабақ барысында осы тәсілдерді қолдану топтық жұмыстар мен оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруға, проблемалық-бағытталған оқытуға, деректермен жұмыс істеуге (жинақтауға, өңдеуге, сақтауға, таратуға, пайдалануға), оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуға, жобалық жұмыстарды ұйымдастыруға, пәнге шығармашылық көзқарасты талап ететін ашық сұрақтар құруға және «Информатика» пәнінің қолданбалы сипатын көрсету мақсатында басқа пән салаларымен кіріктірілген міндеттерді орындауға мүмкіндік береді.

*Кейс-технология* – талдау әдістері болып табылатын білім беру технологияларының жалпы атауы. Технологияның мәні - оқу пәнінің белгілі бір бөлімі бойынша оқушылардың жалпы талдауы, талқылауы немесе шешім шығаруы үшін нақты жағдайларды, «кейс» деп аталатын жағдаяттарды, мәтіндерді пайдалану болып табылады. Әдістемелік тұрғыдан кейс - нақты практикадан алынған жағдайлардың сипаттамасын қамтитын арнайы дайындалған оқу материалы. Кейстер (ситуациялық жаттығулар) нақты белгіленген сипатқа және мақсатқа ие. Әдетте, олар қандай да бір мәселеге байланысты. Жағдайдың әлдеқашан қандай да бір шешімі болған немесе оны қазір шешу қажет, сондықтан оны талдау керек. Кейс – бұл өмірлік жағдайды модельдеу және кейс шешімін табушының құзыреттілігі мен кәсібилік деңгейін көрсетеді, сондай-ақ мәселенің нақты шешімі бола алады. Әдетте, кейстің шешімі бірнешеу болуы мүмкін. Әрбір қатысушы әрқашан өзінің қайталанбас нұсқасын жасай алады.

*Кейс тапсырмасы.*

Мектептің баскетбол командасына қабылдау жарияланды. Бұл командаға барғысы келетін N оқушының бойы белгілі. Үміткерлердің бойын 150-200 см диапазонынан кездейсоқ сан деп есептеңіз, ал үміткерлердің саны  $n=50$ . Командаға алыну үшін үміткерге қойылатын талап белгілі. Командаға алыну мүмкіндігі бар үміткерлердің санын анықтау керек. Мектеп бағдарламасында оқытылған бағдарламалық құралдарды қолдану арқылы кейсті шешудің барлық жолдарын ұсыныңыз.

- *сараланған* тәсіл оқушылардың шығармашылық және сыни ойлауын белсенді дамытуға, оқыту уәждемесінің басқа да тәсілдерін табуға, тұлғаның шығармашылық дамуына ықпал етеді;

7-сыныптағы «Кестелік мәліметтерді графикалық ұсыну» тақырыбына (оқыту мақсаты - 7.2.2.3 Электрондық кестеде диаграммалар құру) орындалатын сараланған тапсырмалардың үлгісі.

*А деңгейінде*

Әлемнің әр мемлекетіндегі Интернетке қосылу жылдамдығын қарап шығыңыз (13-кесте)

13 – кесте. Мемлекеттерде Интернетке қосылу жылдамдығы

Реті	Мемлекет атауы	Реті	Мемлекет атауы
1.	Корея(16,63 Мб/с)	16.	Испания (2,77)
2.	Сянган (8,57)	17.	Россия (2,59)
3.	Жапония (8,03)	18.	Украина (2,28)
4.	Румыния (6,80)	19.	Чили (2,19)
5.	Нидерланды (6,50)	20.	Сауд Аравиясы (1,85)
6.	Швеция (5,50)	21.	Марокко (1,76)
7.	Чехия (5,32)	22.	Вьетнам (1,73)
8.	Бельгия (5,26)	23.	Түрия (1,72)
9.	Дания (5,18)	24.	Колумбия (1,65)
10.	Швейцария (5,08)	25.	Аргентина (1,55)
11.	Канада (4,73)	26.	Мексика (1,49)
12.	АҚШ (4,60)	27.	Бразилия (1,36)
13.	Венгрия (4,45)	28.	Малайзия (1,19)
14.	Германия (4,14)	29.	Перу (1,17)
15.	Тайвань (4,08)	30.	ОАР (1,07)

1.Кез келген 15 елді таңдаңыз.

2.Осы елдер бойынша кесте құрыңыз.

3.Берілген деректерге сәйкес екі түрлі диаграмма құрыңыз.

Диаграмманың қай түрі жағдайды көрнекі бейнелейді?

Бағалау критерийлері: Берілген деректер бойынша диаграмма құрады

Дескриптор. Білімалушы:

- кестедегі деректерді жіктейді;
- таңдалған деректермен кесте құрады;
- бірінші диаграмманы жасайды;
- екінші диаграмманы жасайды;

ҚБ: мұғалімнің қатысуымен топ ішінде бір-бірін бағалау.

*В деңгейі* Төмендегі 14-кестені жасаңыз.

14 – кесте. Глюкоза мен фруктозаның мөлшері, грамм  
(жеуге болатын 100 грамында)

Жеміс-жидектер	Глюкоза	Фруктоза	Көкөністер	Глюкоза	Фруктоза
Алма	2,0	5,5	Қарақат	1,5	4,2
Алмұрт	1,8	5,2	Қырыққабат	2,6	1,6
Шабдалы	2,0	1,5	Қызанақ	1,6	1,2
Мандарин	2,0	1,6	Сәбіз	2,5	1,0
Қара өрің	2,5	1,5	Қызылша	0,3	0,1

Шие	5,5	4,5	Қарбыз	2,4	4,3
Жүзім	7,8	7,7	Қауын	1,1	2,0
Бүлдірген	2,7	4,4	Асқабақ	2,6	0,9

1. Ұнататын өнімді таңдап, деректерді Лист 2-ге көшіріңіз.

2. 100г ұнайтын өніміңізді жесеңіз қанша глюкоза мен фруктоза алатыныңызды есептеңіз.

3. Берілген деректер бойынша екі түрлі диаграмма құрыңыз.

3. Диаграммаларды жеке беттерде орналастырыңыз.

4. Қандай мәліметтер орналасқандығы түсінікті болатындай етіп диаграммаларға атау қойыңыз.

ҚБ: В тобының ішінде бір-бірін бағалау.

Бағалау критерийлері: Пішімделген деректер бойынша диаграмма құрады және редакциялайды

Дескриптор. Білімалушы:

- кесте ішіндегі деректерді көшіреді;
- деректерді есептеу үшін формулаларды пайдаланады;
- диаграмманы жеке бетке орналастырады;
- диаграмманың түрін өзгертеді;
- диаграммаларға атау қояды.

5 дұрыс жауап - «Толық меңгердім»

2-4 дұрыс жауап – «Меңгердім, бірақ күмәнім бар»

1 дұрыс жауап - «Тақырыпты түсінбедім»

*С деңгейі*

1. Интернет желісінен Қазақстанның өзендері мен көлдері туралы ақпарат алыңыз. Қазақстанның туристік сайттарының мәліметін пайдалануға болады.

2. Алынған ақпаратты кестеге салыңыз.

3. Кесте мәліметтерінің негізінде Қазақстанның су ресурстарын сипаттайтын диаграммалар салыңыз.

ҚБ: С тобының ішінде бір-бірін бағалау.

Бағалау критерийлері: Деректерді пайдаланып электрондық кестеде диаграмма құрады.

Дескриптор. Білімалушы:

- берілген тақырып бойынша Интернеттен ақпарат алады;
- осы ақпаратпен кесте дайындайды;
- кесте мәліметтері бойынша Қазақстанның су ресурстарын сипаттайтын диаграммалар салады;
- диаграмманың параметрлерін анықтайды.

- *іс-әрекет* тәсілі оқушылардың өзіндік танымдық іс-әрекетіне сүйене отырып негізгі ақпараттық және коммуникациялық құзыреттілікті қалыптастыратын орындаушылық іс-әрекетке бағыттайды;



- *тұлғалық* – бағытталған тәсіл білім беру мақсаттарына қол жеткізу барысында мұғалім мен оқушының өзара тең дәрежелі іс-қимылын көздейді. Оқушы мен оқытушы арасында диалогтық қарым-қатынас орнату, кедергіні жою, ынтымақтастық нәтижесінде тұлғалық қасиеттерді, шығармашылық қабілеттерді көрсету, әлеуметтік белсенділікке ұмтылу, жәрдем беру арқылы білім беру міндеттерін шешуге ықпал етеді.

- *құзыреттілік* тәсіл оқушылардың білім мен іскерлікті бір-бірімен үйлестіре отырып кешенді түрде меңгеруін көздейді;

- *кіріктірілген* тәсіл «Информатика» пәнін басқа пәндермен тығыз байланыстыруға мүмкіндік береді;

- *жүйелілік* тәсіл – бұл «Информатика» курсына оқытылатын бөлімдердің оқшауланбай, бір-бірімен өзара байланыста болуы.

Осы тәсілдерді іске асыру жолдары:

-оқушылар командамен ортақ жобаны орындайтын топтық жұмыстар: барлық бағдарламалық өнімдер топтық жұмыстар нәтижесінде пайда болады, ортақ жобаға әр адам өз үлесін қосады. Топтық жұмыста ынтымақтастық маңызды рөл атқарады.

-ғылыми-зерттеушілік әрекеттерді ынталандыру: аналитикалық, практикалық, коммуникациялық (көпшілік алдында сөз сөйлеу) дағдыларды дамытатын және нақты теорияны, әдістерді, принциптерді пайдалануды қажет ететін мәселелерді зерттеу;

-проблемалық-бағытталған оқыту: проблеманы тапқырлықпен шешу қабілеті;

-ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және беру кезінде сыни ойлауды қолдану; тек «жоғары сапалы» ақпаратты пайдалану қабілеті;

-жобалық жұмыс: алдағы жұмысты жоспарлау, мақсат қою, әр түрлі ақпарат көздерінен қажетті ақпарат алу, гипотезаны ұсыну және дәлелдеу, тәжірибе жүргізу, орындалған жұмыстың нәтижелерін ұсыну, талдау және бағалау, сондай-ақ өз жобасын шебер қорғау сияқты қабілеттері;

- оқушыларды алған дағдыларын өмірдегі әртүрлі жағдайларда қолдануға ынталандыру;

-шығармашылық көзқарасты және түсініктеме беруді талап ететін ашық міндеттер қою;

-«Информатика» пәнінің қолданбалы сипатын көрсету мақсатында басқа пәндік салалармен кіріктірілген тапсырмаларды пайдалану.

Мұғалім мен оқушының бірлескен әрекеті *белсенді оқыту формасы* – диалог арқылы жүзеге жақсы асырылады.

Бірлескен әрекеттің бұл түрінің ерекшеліктері:

- оқу процесінің барлық қатысушыларының (оқушы, мұғалім) бір мазмұндық кеңістікте болуы;

- күрделі мәселелерді шешу үшін бірлескен әрекет арқылы бірыңғай шығармашылық кеңістікке қосылу;

- міндеттерді орындау үшін қажетті әдістерді таңдау кезіндегі өзара келісім.

Танымдық үдерістегі бірлескен іс-әрекет әр қатысушының күш-жігерін біріктіру арқылы жаңа білімді бірлесіп меңгеруді қамтамасыз етеді. Олар өз білімдерімен, жаңа идеяларымен, тәжірибелерімен бөліседі, бір-бірін қолдап, өздерінің танымдық дағдыларын дамытады.

Оқушылардың логикалық ойлау дағдыларын дамыту үшін олардың салыстыру, синтездеу, жеке талдау жүргізулеріне жағдай жасау қажет. Бұл шарттарды эвристикалық әңгіме формасын қолдана отырып жасауға болады.

*Эвристикалық әңгімелесу* – мұғалім оқушыларға дайын білімді берудің орнына жауаптарды зерттеу арқылы жаңа ұғымдар мен тұжырымдарға әкелетін сұрақ-жауап арқылы оқыту. Бұл оқыту мұғалімнің дұрыс сұрақтар қоюы мен оқушылардың өзінде бар білімін, тәжірибесін, бақылауларын пайдалануы арқылы жүзеге асырылады. Сабақты эвристикалық әңгіме әдісімен өткізу мұғалімнің мұқият дайындығын қажет етеді. Мұндай сұхбаттың ерекшелігі – ұсынылатын мәселе шешімді талап етеді. Ол үшін мұғалім оқушыларға бір-бірімен байланысты сұрақтар қояды. Әрбір сұрақ-жауап кішігірім мәселе болып табылады, бірақ жиынтығында олар мұғалім қойған негізгі мәселені шешуге әкеледі [6].

Информатика пәнін оқытудың негізгі ерекшелігі – сабақтың басым бөлігінде компьютердің қолданылуы. Осыған байланысты, оқу процесінде сабақтың демонстрация, зертханалық жұмыс, практикалық сабақ сияқты түрлері кеңінен қолданылады. Сонымен бірге, ақпараттық технологиялар орталықтарына, есептеу орталықтарына экскурсиялар ұйымдастыруға болады.

*Демонстрация.* Демонстрациялық экранда немесе интерактивті тақтада мұғалім сабақ тақырыбына байланысты оқу материалының әртүрлі элементтерін көрсетеді (интерфейс элементтері, бағдарламалардан үзінділер, схемалар, мәтіндер және т.б.). Мұғалім өзі компьютерде жұмыс істейді, ал оқушылар оның іс-әрекетін бақылап отырады. Кейбір жағдайларда мұғалім жергілікті желі арқылы арнайы демонстрациялық бағдарламаларды оқушы компьютерлеріне жібереді, ал оқушылар олармен дербес жұмыс істейді. Компьютер көмегімен көрсетілім рөлі мен дидактикалық мүмкіндіктерінің артуы заманауи компьютерлердің жалпы графикалық мүмкіндіктерінің артуымен түсіндіріледі. Демонстрациялық әдістің негізгі мақсаты – оқушыларды жаңа ақпаратпен көрнекі түрде таныстыру.

Кабинетте демонстрациялық экран болмаған жағдайда арнаулы желілік бағдарламалар арқылы, мысалы, JoyClass, мұғалімнің экранындағы ақпаратты әр оқушының экранында немесе бір оқушының экранындағы ақпаратты басқа оқушылардың экранында бір уақытта көрсетуге болады.

«Информатика» сабақтарында «Графикалық редакторлар», «Презентациялар», «Программалау», «Мәтіндік редакторлар» тақырыптары бойынша практикалық сабақтарда оқушылардың орындаған шығармашылық жұмыстарын немесе жобаларын барлық оқушының экранында демонстрациялап, оқушылардың бірлесіп талқылауын, ой бөлісуін ұйымдастыруға болады. Қиындық тудыратын қандай да бір тапсырмаларды орындаған оқушылар өз тәжірибесімен бөлісе алады.

5-сыныптағы «Компьютер және қауіпсіздік» бөлімі бойынша «Шағын жоба» тақырыбындағы, 6-сыныптағы «3D - баспа», «Мәтіндік құжатпен жұмыс жасау», 7-8-сыныптардағы «Python (пайтон) тілінде алгоритмдерді программалау», 9-сыныптағы «Python (пайтон) программалау тілінде 2D ойынын құру» бөлімшелері бойынша әр оқушының өзі дайындаған жұмысын демонстрациялап, басқа оқушылардың назарына ұсыну арқылы, өзіне деген сенімділігін, жобалау әрекетіне қызығушылығын арттыруға болады.

*Зертханалық жұмыс* кезінде барлық білім алушылар бір уақытта өз жұмыс орындарында бағдарламалық құралдармен жұмыс істейді, оқыту міндеттеріне байланысты жеке тапсырмаларды орындайды. Бұл тапсырмалардың дидактикалық мақсаты әртүрлі болуы мүмкін: оқыту бағдарламасының көмегімен жаңа материалды меңгеру, жаттықтырушы бағдарламаның көмегімен мұғалім түсіндірген жаңа материалды бекіту, бақылаушы бағдарламаның көмегімен алған білімді немесе дағдыны тексеру.

Зертханалық жұмыста бірдей бағдарламалық құралдармен жұмыс істеу кезінде оқушылардың іс-әрекеттері бірдей болуы немесе әртүрлі қарқынмен, әртүрлі бағдарламалық құралдармен жұмыс істеуі мүмкін. Зертханалық жұмысты орындау кезінде бағдарламалық құралдармен өз бетімен жұмыс істеу дағдыларына ерекше көңіл бөлінеді. Ол үшін мұғалім оқушыларды мұқият дайындалған нұсқаулықпен қамтамасыз етуі, тапсырмалардың жеке орындалуын реттеуі, қажет болған жағдайда оқушылардың оқуын бағыттауы қажет. Сондай-ақ мұғалім дифференциалды оқытуды қамтамасыз ету үшін тапсырманы тез орындайтын оқушыларға күрделі тапсырмалар дайындауы керек. [6]

*Практикум-сабақ* алған білімдерін тәжірибеде қолдану және бекіту дағдыларын қамтамасыз етеді. Оқушылар мұғалімнен өзіндік жұмысы үшін әртүрлі деңгейдегі жеке тапсырмалар алады. Орындалу мерзімін мұғалім анықтайды, бір-екі немесе одан да көп сабақ, тапсырмалардың бір бөлігін сабақтан тыс, үйде орындауға беруге болады. Әдетте, мұндай тапсырма тұтас бөлім немесе тақырып бойынша білім мен іскерлікті пысықтау үшін беріледі. Оқушылар компьютерді, Интернет жүйесін қай уақытта, қалай пайдаланатынын, желіде ақпарат іздеуді, кітаппен жұмыс істеуді, дәптерге жазба жасауды өздері шешеді.

Оқушылардың компьютермен жұмысын ұйымдастыруға қойылатын гигиеналық талаптарды ескере отырып, мұғалім оқушылардың компьютермен үздіксіз жұмыс уақыты ұсынылған нормалардан аспауын қадағалауы тиіс. Практикалық сабақтар тек компьютердің көмегімен өтуі тиіс деген ұғым қалыптаспау керек. Оқушылар тапсырмаға сәйкес блок-сызбалар, алгоритмдер, бағдарламалар құрастырады. Алгоритмді қолмен орындап, трассировка арқылы қателерді табады, нәтижені анықтайды. Сабақты жоспарлау кезінде тапсырмалар оқушылардың жеке мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін ескере отырып таңдалады. Тәжірибе барысында мұғалім оқушылардың жетістіктерін бақылап, оларға көмек көрсетеді. Қажет болған жағдайда барлық оқушылардың назарын жиі кездесетін қателіктерге аудара отырып, жалпы мәселелерді

талқылайды. Практикум-сабақтарда оқушылар компьютердің көмегімен әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды орындайды.

Оқушылар оқытудың жоғары нәтижелеріне қол жеткізу үшін белсенді оқытуды қолдау және тиімді әдістерді қолдану қажет.

*Экскурсия-сабағы* пән бойынша білімнің қолданылу салалары мен практикада пайдаланылуын көрсету арқылы оқушылардың білімін тереңдетуге және кеңейтуге ықпал етеді. Экскурсия – оқу үдерісін сыныптан тыс уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен байланысты мекемелерде, өндірістердегі есептеу орталықтарында ұйымдастыру арқылы өткізілетін оқыту әдісі. Мұндай сабақтар теориялық білімді практикалық әрекетпен байланыстыратын тәжірибелі мамандардың жұмысымен жақынырақ танысуға және өндірісті басқаруда ақпараттық технологиялар қалай қолданылатынын көруге мүмкіндік береді. Экскурсиядан кейін оқушыларға экскурсия жетекшілерінен естігені, өз көзімен көргені бойынша презентация дайындауға тапсырмалар беруге, сыныпта пікір алмасуды өткізуге болады.

Экскурсия оқушыны мұқият тыңдауға, естуге, қарауға, өзіне қажет ақпаратты басқа ақпараттан ажырата білуіне, ақпаратты бағалауға, өзін дұрыс ұстауға тәрбиелейді.

"Компьютерлік құрылғылар", "Компьютерлік желілер" және т.б. тақырыптарды тиімді игеру мақсатында «Қазақтелеком» мекемесіне, жаңа ақпараттық технологиялар орталықтарына немесе мамандандырылған компьютерлік көрмелерге экскурсиялар ұйымдастыруға болады.

*Кіріктірілген* сабақ - педагогтен да, білім алушылардан да ұзақ, мұқият дайындықты талап ететін оқу-танымдық қызметті ұйымдастырудың күрделі формасы. Осындай ұйымдастырушылық форманың арқасында оқушылардың оқу-танымдық қызметі белсендіріледі, оқушыға өз бетімен оқуға мүмкіндік беріледі. Нәтижесінде білім алушыларда пәндерге деген қызығушылықтар қалыптасады, әрі дами бастайды, әртүрлі пәндер бойынша білімді синтездеу мүмкіндіктері кеңейтіледі, білімді бір пәннен екінші пәнге ауыстыру біліктері қалыптасады. Мұғалімдерде пәндер бойынша оқушылардың іс-әрекеттерін үйлестіруде жаңа дидактикалық мүмкіндіктер пайда болады. Мұндай жағдайларда оқушылардың аналитикалық қызметі ынталандырылады, таным объектісіне жүйелі көзқарас қажеттілігі дамиды, объективті қызметтің күрделі процестері мен құбылыстарын салыстыра білу қалыптасады. Яғни, мұндай сабақтарда оқушылардың жұмысын ұйымдастыруда іс-әрекеттік тәсіл жүзеге асырылады.

5-сыныптағы «Компьютерлік графика» бөлімін көркем еңбекпен кіріктіріп, суретті қолмен және компьютермен салудың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын, қай түрі тиімді екеніне пікір алмасу ұйымдастыруға болады.

6-сыныптағы «3D – баспа» бөліміндегі «Конус, цилиндр және сфера құру» тақырыбын – геометрия пәнімен кіріктіріп, аталған геометриялық фигуралардың табаны, қыры, беті, төбесі, биіктігі ұғымдарын 3D моделі арқылы кеңістікте айналдыра отырып таныстыруға болады.

8-сыныптағы «Электрондық кестелердегі ақпаратты өңдеу» бөлімінде MS Excel-дің кіріктірілген функцияларын пайдалану арқылы физика, алгебра, геометрия пәндерінің есептерін шығаруға болады.

9-сыныптағы «Деректер базасы» бөлімінде физикалық, биологиялық, химиялық процестерді модельдеу арқылы физика, биология, химия пәндерімен кіріктіруге болады. Ал «Python (пайтон) программалау тілінде алгоритмдерді программалау» бөлімінің кіріктірілуін барлық пәндерден табуға болады.

*Білім беру жобасы* – бұл белгілі бір уақыт аралығында, бір сабақтан бірнеше айға дейін білім беру өнімдерін алу бойынша барлық қатысушылардың іс-әрекетінің кешенді сипатын қарастыратын сабақтарды ұйымдастыру нысаны.

Оқытуды ұйымдастырудың формалары серпінді келеді, яғни олар пайда болады, дамиды, қоғамның, өндірістің, ғылымның даму деңгейіне байланысты бірі екіншісін алмастырып отырады. Информатика – бұл бізді қоршаған әлемді талдауға жүйелік-ақпараттық көзқарасты қалыптастыратын ғылыми білімнің іргелі салаларының бірі, сонымен қатар әртүрлі ақпараттық процестерді, ақпаратты алудың, берудің, түрлендірудің, пайдаланудың және сақтаудың барлық ықтимал әдістері мен құралдарын зерттейді. Информатика адамның практикалық қызметінің қарқынды дамып және үнемі кеңейіп келе жатқан саласы – АКТ технологияларын пайдаланумен байланысты.

Әлемдік білім беру практикасының тарихында қандай да бір формаларға басымдық берілген оқытудың түрлі жүйелері белгілі.

Жыл сайын оқу үрдісін ұйымдастырудың жаңа формалары пайда болады, олардың көпшілігі инновациялық технологиялардың дамуымен тығыз байланысты. Сыныптағы дәстүрлі сабақтан басқа қазіргі кезеңде аралас және қашықтықтан оқыту формаларын пайдалану қажеттілігі пісіп-жетілді. Ол қажеттілік мына жағдайларда туындайды: бала дамуы бойынша құрдастарынан озады немесе үлгермейді, бала спортпен, музыкамен, бимен және т.б. кәсіби түрде айналысады, әр түрлі жарыстар мен сайыстарға шығып, мектептегі сабақты жиі босатады, одан басқа, мұғалім мен оқушының қашықтықтағы өзара қарым-қатынасын талап ететін, арнайы құралдармен жүзеге асырылатын басқа да өмірлік жағдайларға байланысты.

Бүгінгі таңда әртүрлі оқу пәндерінің оқыту әдістемесінде «Аралас оқыту» деген ұғым пайда болды. Жаңартылған білім беру мазмұны жаңа білім беру технологияларын, оқыту нысандары мен әдістерін енгізу және аралас оқыту арқылы білім беру нәтижелеріне бағдарланған.

*Аралас оқыту* – бұл онлайн-оқыту мен мұғалімнің бетпе-бет қатысуымен оқытуды қоса атқаратын және оқушыны оқыту барысын, уақытын, орны мен қарқынын, сондай-ақ мұғалім мен онлайн ықпалдастыруды көздейтін оқыту нысаны. Аралас оқыту кезіндегі оқыту процесі уақытылы ауысып отыратын дәстүрлі және электронды оқыту болып табылады. Аралас оқыту тұжырымдамасында білім беру жүйесінің қазіргі жағдайындағы оқытудың сыныптық-сабақтық түрінің «күшті» жақтарын: жеке қарым-қатынастың эмоционалдық құрамын, ассоциативті идеялар тізбегін құрудағы табиғилығын электрондық оқытудың артықшылықтарымен: түрлі мүмкіндігі бар оқушылар

үшін оқу процесіндегі икемділік, даралылық, интерактивтілік, бейімділік қасиеттерімен оңтайлы үйлестіруге болады деп болжанады.

#### *Аралас оқыту принциптері*

- Бірізділік. Тиімділікке қол жеткізу үшін оқытудағы жүйелілік маңызды: алдымен оқушы материалмен танысып, олардың практикада қолданылу мысалдарын білуі керек, содан кейін сабақта, практикалық жұмыстарды орындауда қолданып, нәтижесін талқылайды.

- Көрнекілік. Оқушының қолында үнемі болатын электронды оқытудың заманауи құралдары арқылы білім базасын құруға болады. Оқытудың классикалық моделіне қарағанда, аралас оқыту барысында оқушы әдістемелік материалдарға — бейнесабақтарға, кітаптарға немесе жаттықтырушыларға қол жеткізе алады.

- Практикада қолдану. Теорияны меңгеру үшін практикалық сабақтар міндетті түрде болу керек.

- Үздіксіздік. Аралас оқыту ішінара микрооқыту принциптеріне негізделеді. Материалдың қол жетімділігі есебінен оқушы оқу порталына кіріп, материалдың жаңа бөлігін ала алады.

- Қолдау. Қашықтықтан оқыту жүйесінде оқушы әрдайым мұғалімге сұрақ қойып, келесі күнгі сабақты күтпестен жедел жауап ала алады.

*Қашықтықтан оқыту түрі* – мұғалім мен оқушылардың өзара интерактивті әрекеттесуі қашықтықтан жүзеге асырылатын және оқу процесіне тән барлық компоненттері: мақсаты, мазмұны, әдістері, ұйымдастыру формалары, оқыту құралдары интернет-технологиялардың ерекше құралдарымен немесе интерактивтілікті көздейтін басқа да құралдармен жүзеге асырылатын оқыту түрі. Қашықтықтан оқыту технологиясының көмегімен оқуды және материалды меңгеруді бақылау on-line, off-line технологияларын пайдалана отырып интернет желісінің көмегімен жүргізіледі. On-line оқыту - қашықтықтан оқытудың бір бөлігі болып табылады.

Егер мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынас тұрғысынан қашықтықтан білім беру ерекшеліктерін қарастырсақ, онда оның келесі сипаттарын анықтауға болады:

- қашықтықтан оқытудың негізі ретінде өздігінен білім алу, бұл оқушылардың өз оқуына деген өзін-өзі ынталандыруы, сондай-ақ жеке тұлғаның өзін-өзі ұйымдастыруының белгілі бір деңгейін көрсетеді;

- мұғалім мен оқушының «бір-біріне» деген принцип бойынша қарым-қатынасы, ол жеке кеңес беру нысаны мен мазмұнына сәйкес келеді;

- «бір адамға» деген қарым-қатынас пен өзара әрекеттестік және «біреуден көпке дейін» өзара әрекеттестікті жоққа шығармайды, өйткені мұғалім, алдын ала құрастырылған кестеге сәйкес, бірден оқушылардың көпшілігімен жұмыс істейді. Осындай өзара іс-қимыл түрі сыныптарда дәстүрлі оқытуды еске салады.

Қашықтықтан оқыту компьютерлерді және телекоммуникациялық желілерді пайдалануға негізделеді. Компьютерлік байланыс құралдары қашықтық мәселесін шешіп, оқытушы мен оқушы арасында жедел байланыс жасайды. Ақпараттық технологиялардың қазіргі заманауи құралдары оқыту

кезінде материалды ұсынудың әртүрлі формаларын ауызша және бейнелі түрде (дыбыс, графика, бейне, анимация) қолдануға мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқыту кезінде:

- *электрондық поштаның* көмегімен оқытушы мен оқушы өзара қарым-қатынас орната алады: оқу тапсырмалары мен материалдарын тарату, оқытушы мен оқытушының бір-біріне деген сұрақтары, хат алмасу тарихын қадағалау;

- *телеконференциялар* оқушылар арасында оқу тақырыптарына жалпы пікірталасты ұйымдастыруға; пікірталас тақырыбын қалыптастыратын оқытушының басқаруымен конференцияға келетін хабарламалардың мазмұнын қадағалауға; келіп түскен хабарламаларды қарауға; өзінің жеке хаттарын, хабарламаларын жіберуге, осылайша, пікірталасқа қатысуға мүмкіндік береді;

- білім беру порталдары мен сайттарында ең сапалы және тиімді мультимедиа-ресурстарға сілтемелер беріледі.

Қашықтықтан оқытуды таңдау кезінде электронды поштамен қатар, білім беру порталдары мен сайттарын қолдануға болады, олар ең сапалы және тиімді мультимедиа-ресурстарынан тұрады:

-«Coursera» (<https://www.coursera.org/>) - жаппай онлайн-білім беру саласындағы жоба;

-Хан Академиясы (<https://ru.khanacademy.org>) - коммерциялық емес білім беру ұйымы;

- "BilimmediaGroup" (<https://bilimland.kz>) - 40 мыңнан астам материалдары бар білім беру контенті бар үлкен база;

- "DarynOnline" <https://daryn.online> - порталдың барлық мазмұны қазақ тіліндегі МЖМБС-ға сәйкес келеді;

-Орііқ платформасы ([www.opiiq.kz](http://www.opiiq.kz)) - интерактивті ресурста мектеп оқулықтары бар. «Алматыкітап» баспасының оқулықтарының көп бөлігі;

-iTest [www.itest.kz](http://www.itest.kz) – ҰБТ-ға дайындалуға арналған виртуалды жаттықтырушы;

-<https://100ballov.kz/> - оқушылар мен студенттерге арналған білім беру порталы,

-NISPlay (<http://play.nis.edu.kz/application/registration>) – Назарбаев интеллектуалды мектептерінің порталы;

-STEM академиясы - (<https://stem-academia.com/en/main-page/>);

-iМектеп ([www.imektep.kz](http://www.imektep.kz)) - бастауыш мектеп бағдарламасы,

-STEAM-(<http://makeathon.kazneuro.kz/>, [www.steam.kz](http://www.steam.kz)) және басқа да көптеген платформалар бар.

*Okoо.kz* - бағдарламалауды қашықтықтан үйренуге арналған онлайн платформа. Платформада қазақ және орыс тілдеріндегі білім мазмұны, интерактивті тапсырмалар, кірістірілген IDE (код жазу және орындау ортасы), ойын форматындағы рейтинг жүйесі, оқушының үлгерім аналитикасы және оқытуды даралауға арналған жасанды интеллект алгоритмдері бар.

Оқу мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес 6-10 сыныптарға Python бағдарламаларын қамтиды. Интерактивті тапсырмалар және кіріктірілген IDE-код жазу және орындау ортасы оқушыға үшінші тарап

бағдарламаларын орнатпай тікелей сайтта бағдарламалауға мүмкіндік береді, сонымен қатар Python, Java, C++, Perl, Pascal тілдерінде тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді. Оқушының үлгерім аналитикасы автоматты түрде жасалады және онлайн-журналда көрсетіледі. Мұғалім әр тапсырма бойынша оқушылардың жұмыстарын көре алады.

«Виртуалды мұғалім» - жасанды интеллекттің алгоритмдері мектеп оқушыларының білімін жекелендіруге мүмкіндік береді. Виртуалды мұғалім оқушылардың көзқарасына, сондай-ақ бағдарламалау тіліне қарамастан мәселелердің дұрыс шешілуін тексере алады. Виртуалды мұғалім секундына 50 000-нан астам шешімді тексере алады және қате шешім қабылданған жағдайда қателер туралы кері байланыс береді.

OKoo.kz платформасында бағдарламалау бойынша республикалық олимпиада өткізіледі. Виртуалды мұғалім қатысушылардың рейтингін нақты уақыт режимінде көруге мүмкіндік береді, сондай-ақ есепті көшіру фактілерін анықтай алады.

"OKoo" платформасы <https://okoo.kz/auth/signin> мекенжайы бойынша орналасқан. "OKoo" платформасының толық сипаттамасы 1-қосымшада келтірілген.

*Информатика сабақтарында STEM білім беру.*

ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген «2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Білім және ғылымын дамыту» бағдарламасында жаңа технологияларды, ғылыми инновацияларды, математикалық модельдеуді дамытуға бағытталған STEM-элементтерін қосу туралы айтылған [9]. STEM-элементтер негізінде STEM білім беруді жаратылыстану-ғылыми цикл, IT және робототехника пәндеріне енгізу мүмкіндіктері пайда болды. Бұл тәсіл жиынтығы функционалдық сауаттылықты қамтамасыз ететін кең ауқымды дағдыларды дамыту бойынша халықаралық тәжірибеге бағытталған.

"Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында мектептерде "Робототехника" кабинеттері жұмыс істей бастады, бұл STEM элементтерін пайдалануға мүмкіндік береді. Робототехникамен танысу үшін бастауыш сыныптарда Lego-Mindstorm жиынтықтары, жоғары сыныптарда Arduino платформасы қолданылады.

[www.steam.kz](http://www.steam.kz) онлайн платформасында STEM-сабақтарының үлгісі ұсынылған.

Arduino көмегімен түрлі интерактивті құрылғыларды жасап, датчиктер мен ауыстырып-қосқыштардың деректерін өңдеуге, қозғалтқыштарды басқаруға болады. Құрылғы дербес болуы немесе компьютердің бағдарламалық жасақтамасымен өзара әрекеттесуі мүмкін.

Бағдарлама жасай отырып, оқушылар өз іс-әрекеттерінің нәтижелерін бірден көре алады: өз қолдарымен жиналған нақты құрылғыны жасайды және басқарады.

Мұндай сабақтардың мысалдарының бірі ретінде 8-сыныптағы «Электрондық кестелерде ақпаратты өңдеу, сызықтық есептеу алгоритмдері» тақырыбында жүзеге асыруға болатын сабақты қарастырайық [7].



Бұл ретте өлшеу нәтижелерін өңдеудің жалпы мәселелері қарастырылады және физикалық тәжірибе жүргізіледі. Сабақ кіріктірілген болады - сабақтың мақсаты біреу емес, әр пән аясында әр түрлі болады.

#### *Сабақ өткізу алгоритмі*

1. Оқушыларды sharp инфрақызыл (ИҚ) датчиктерімен таныстыру, жұмыс принципі және қолданылуы.

2. Электр сұлбасын құрастыру және Arduino микроконтроллеріне қосу.

3. Датчиктен мәліметтер алуға микроконтроллерді бағдарламалау.

4. Тәжірибелік деректерді жинау. Датчиктің көрсеткіштері мен объектіге дейінгі қашықтықтың сәйкестік кестесін жасау.

5. Excel кестелік процессорында диаграмманы құру. Деректер арасындағы тәуелділікті іздеу. Алынған эксперименталды деректердің аппроксимациясы (интерполяциясы). Excel кестелік процессордағы тренд сызығы.

6. Бағдарламалық ортада қолдану үшін математикалық функцияларды қолдану мысалдарын іздеу. Микроконтроллерді автоматты түрде есептеу және объектіге дейінгі қашықтықты есептеу үшін бағдарламалау.

7. Алынған нәтижелерді талдау. Өлшеу қателігі. Дөңгелектеу. Бағдарламаны түзету.

Инфрақызыл өлшеу датчиктері – Sharp фирмасының қашықтықты өлшеуге, объектіге немесе кедергілерге дейінгі қашықтықты анықтауға мүмкіндік беретін қол жетімді, тиімді және қарапайым сенсорлар. Инфрақызыл датчиктерді қолданудың кейбір салалары:

-проекторлар (автоматты фокус үшін);

-тұрмыстық техника (робот-шаңсорғыштар, жарықтандыруды басқару, копирлер, сауда автоматтары, ноутбуктер, LCD-мониторлар және т. б.);

-автоматты ажыратқыштар (жарықтандыру және т. б.);

-ойын-сауық жабдықтары (роботтар, ойын автоматтары және т.б.).

Sharp GP2Y0A02YK0F датчигінде 20-дан 150 см дейінгі қашықтықты өлшеу диапазоны бар. Қашықтықты анықтау үшін триангуляция әдісі қолданылады.


ИҚ диапазондағы жарық импульсі (толқын ұзындығы  $850 \text{ нм} \pm 70 \text{ нм}$ ) сәуле шығарғышпен шығарылады. Бұл сәуле сенсордың «көру өрісінде» орналасқан нысаннан таралады және көрінеді. Шағылысқан сәуле қабылдағышқа қайтарылады. Шығарылған және шағылысқан сәулелер үшбұрыш құрайды «сәулелендіргіш — көрініс объектісі — қабылдағыш».

$\alpha$  бұрышы L нысанына дейінгі қашықтыққа тікелей байланысты. Алынған шағылысқан импульстер жоғары сапалы линзамен жиналады және желілік ЗБП<sup>1</sup>-матрицаға (CCD) беріледі. CCD белгілі бір учаскесінің жарықтандыруы бойынша матрицаның  $\alpha$  бұрышы анықталады.

---

<sup>1</sup> ЗБП-матрица («зарядты байланыстағы прибор») ( ПЗС-матрица -«прибор с зарядовой связью» немесе CCD-матрица (ағыл. CCD- «charge-coupled device») — кремнийдің негізінде дайындалған, фотодиодтардан тұратын арнаулы аналогтық интегралды микросхема.

Қосылу сызбасы өте қарапайым (7-сурет). Дидактикалық материалдарды жасау және модельдеу үшін еркін Fritzing бағдарламалық жасақтамасын пайдалануға болады ([www.fritzing.org](http://www.fritzing.org)). Бұл АЖЖ – автоматтандырылған жобалау жүйесі.




Сурет-7. Датчикті микроконтроллерге қосу схемасы

Датчикті микроконтроллерге, оны дербес компьютерге қосқаннан кейін оқушылар датчиктің көрсеткіштерін экранға шығаратын бағдарлама жазуы қажет. Мұндай бағдарлама сызықтық алгоритмнің мысалы болып табылады және төменде көрсетілген.

```
// сенсор шығысын қосу үшін контактінің нөмірі
int SensorPin = 0;
// микроконтроллердің бастапқы параметрлері
void setup() {
  // тізбектелген порт бойынша деректерді беруді қосу (9600бит)
  Serial.begin(9600);
}
void loop() {
  // сенсордың мәнін оқу
  int x = analogRead(SensorPin);
  float y = x; // формуланы табу қажет
  // тізбектелген портқа мәнді жібереміз
  Serial.println(y);
  // уақытша кідіріс 300 мс
  delay(300);
}
```

Бұл бағдарлама бағдарламалау саласында оқушылардың алдын ала терең даярлығын талап етпейді. Оқушылар диалог режимінде немесе топтарда жұмыс істеу арқылы қол жеткізеді.

Бұдан әрі оқушылар ИҚ датчиктен объектіге дейінгі қашықтықты өлшейді (8-сурет) және датчиктен алынатын сандық мәндерді 15-кестеге (Microsoft Excel 2007 немесе 2010 пайдаланып) жазады.




8-сурет. Датчиктен объектіге дейінгі қашықтықты өлшеу

15- кесте. Датчик көрсеткіштерінің және объектіге дейінгі өлшенген арақашықтықтың сәйкестігі

Датчиктің көрсеткіші	275	288	300	330	352	400	464	540	642
Арақашықтық, см	100	90	80	70	60	50	40	30	20

Кестеде берілген деректер бойынша нүктелік диаграмма салу қажет.




9-сурет. Нысанға дейінгі қашықтықтың байланысы және SharpGP2Y0A02YK0F сенсор көрсеткіштері

График сенсордың қисық сызықты шығуын көрсетеді: қашықтықтың сызықтық ұлғаюы мен аналогтық шығыс сигналы қисық сызықпен төмендейді:


Диапазонды табудың қисық сызықты сипаттамасы өлшенген қашықтыққа байланысты. Сенсор берген қашықтықты сантиметрге дейін түрлендіретін функцияны табу керек.

Ғылыми және инженерлік есептеулердің көпшілігі тәжірибе жүзінде алынған құндылықтар жиынтығымен жұмыс істеуге мәжбүр. Дәлелдің осы мәндеріне сүйене отырып, басқа алынған мәндермен сәйкес келетін жоғары дәлдікпен функция құру қажет. Мұндай әрекет аппроксимация деп аталады. Интерполяция - бұл жуықтаудың бір түрі, ол құрылған қисық функцияның қол жетімді мәліметтер нүктелерінен өтеді.


Электрондық кесте процессорының мүмкіндіктерін, атап айтқанда Trend Line (10-сурет) қолдана отырып, оқушылар қажетті функциялардың параметрлерін табады. Қажетті функциялар 11 және 12 суреттерде көрсетілген.



Сурет-10. Құру үшін мүмкін функциялар



11-сурет. Нысанға дейінгі қашықтықтың байланысы және SharpIR сенсорының көрсеткіштері (полиномиалды немесе көп функциялды функция)



12-сурет. Нысанға дейінгі қашықтықтың байланысы және SharpIR сенсорының көрсеткіштері (қуат (степенная) функциясы)

Қажетті формулаларды алғаннан кейін оқушылар анықтамалық материалдарды қолдана отырып, Arduino программалау ортасында математикалық функцияларды жазудың жолын өздері табады.

Біздің жағдайда іздеген жол осылай көрінеді:

$$f(x) = -0,000000000077285 \cdot x^5 + 0,000000188033547 \cdot x^4 - 0,000181681360086 \cdot x^3 + 0,08742808736192 \cdot x^2 - 21,1629384370078 \cdot x + 2132,33666005216$$

```
float y = -0.000000000077285*pow(x,5)+ 0.000000188033547* pow(x,4)-
0.000181681360086*pow(x,3)+0.08742808736192*pow(x,2)- 21.1629384370078*x
+ 2 132.33666005216;
```

Бағдарламаға қажетті өзгерістер енгізгеннен кейін графиктердің сәйкес келетінін, бірақ экранда көрсетілген мәндер нақты қашықтыққа сәйкес келмейтінін байқауға болады. Бұл жағдайда есептеу дәлдігіне назар аудару керек. Үтірден кейін 2 разрядқа жуықтау әрекеттері қашықтықты дұрыс

есептемеуге әкеледі. Сондықтан екіден көп разрядқа жуықтау қажет. Бұл әрекет өте маңызды, әрі оқушылар үшін маңызды тәжірибе болады.

Осыған ұқсас жоспар бойынша терморезисторды, фоторезисторды, қысым резисторын және т. б. пайдалана отырып сабақтар өткізуге болады.

STEM сабақтары табиғаттағы, техникадағы, социумдағы әртүрлі өзін-өзі басқару жүйелерінің құрылымы мен жұмысының ақпараттық қағидаттарының бірлігін түсінудің іргетасын біртіндеп қалыптастырады.

STEM білім беру мақсаттары, жалпы алғанда және әр сабақтың жеке-жеке 5 негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған:

-*тұжырымдамалық түсінік* – тұжырымдамаларды, операцияларды және қарым-қатынастарды түсіну;

-*іс-әрекеттегі еркіндік* – іс-әрекеттерді икемді және ұқыпты орындау дағдылары;

-*стратегиялық құзыреттілік* – мәселелерді қалыптастыру, ұсыну және шешу қабілеті;

-*бейімді ұғыну* – логикалық ойлау, рефлексия, түсіндіру және негіздеу;

-*өнімділік сана* – затты пайдалы, ақылға қонымды, бағалы деп қарастыру және өз әрекетінің тиімділігіне сеніммен қарау.

Осы құзыреттіліктер шеңберінде мұғалім әдістемелік және дидактикалық материалдарды әзірлейді.

Оқыту әдістерін таңдау және үйлестіру кезінде келесі критерийлерді басшылыққа алу қажет:

1. Оқыту мақсаттары мен міндеттеріне сәйкестігі;

2. Оқытылатын материалдың мазмұнына сәйкестігі (күрделілігі, жаңалығы, сипаты, материалды визуалды түрде көрсету мүмкіндігі және т.б.);

3. Сынып оқушыларының нақты оқу мүмкіндіктеріне: жас ерекшеліктеріне (физикалық, психикалық), дайындық деңгейіне (оқу, даму, тәрбие, ақпараттық және коммуникациялық технологияларды меңгеру дәрежесі), сынып ерекшеліктеріне сәйкестігі;

4. Материалдық базаның (оқу бөлмесінің тиісті оқу құралдарымен жабдықталуы, электронды және баспа материалдарымен қамтамасыз етілуі) және оқуға бөлінген уақыттың сақталуы;

5. Эргономикалық жағдайлар (сабақ уақытының сабақ кестесіне сәйкестігі, компьютерде жұмыс істеу уақыты және т.б.);

6. Мұғалімдердің жеке ерекшеліктері мен қабілеттеріне сәйкестігі (мінез-құлық белгілері, ұсынылған немесе басқа әдісті игеру деңгейі, сыныппен байланысы, алдыңғы тәжірибе, психологиялық-педагогикалық әдістемелік және ақпараттық-технологиялық дайындық деңгейі).

Әрбір оқушыны оқу процесіне тартуға ықпал ететін формалар мен әдістерді таңдау қажет. Әр бала сабақта жұмыс істеп, өзінің алға жылжуын сезінуі керек. Оқушыға қолдау қажет болған сәтте мұғалім оқушыны ынталандырып, қызықты практикалық тапсырмаларды ұсыну арқылы ынтымақтастықта жұмыс істеу арқылы оның оқуын қолдау қажет.

Оқыту әдістерінің немесе әдістердің құрамдас бөлігі ретіндегі тәсілдердің таңдалуына байланысты оқыту түрі анықталады.

Информатика сабақтарында компьютер оқу нысаны ғана емес, сонымен бірге оқу құралы, әрі танымдық іс-әрекетті ұйымдастыру құралы болып табылады. Мұғалім компьютерлік бағдарламалық құралдарды дәстүрлі баспа материалдарымен ұштастыра отырып, дербес компьютерді пайдалануды тиімді етеді. Компьютердің түрі мен оқушының деңгейі қандай болса да әр баланың қызығушылығы мен қабілетінің қолдану аясын табу керек.

Белсенді оқыту әдістерінде оқытудың белсенді формалары, сонымен қатар информатика пәнін оқытудағы әртүрлі әдістер мен стратегиялар қолданылады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту әдістері сабақты қызықты және нәтижелі етеді, сонымен қатар мұғалімге оқушылардың тақырыпты түсінуі мен түсіну деңгейі туралы кеңірек түсінік береді. Мұндай әдістер өте көп, олардың сабақта қолдану санына шек қойылмайды. Дегенмен, қолданатын әдістердің санын емес, сабақтың тиімділігін алдыңғы орынға қою керек.

*Оқыту әдісі* – бұл оқыту мақсаттарына жету үшін мұғалім мен білім алушылардың бірлескен қызметін ұйымдастыру тәсілі. Оқыту әдісінің құрамдас бөлігі – әдістемелік, атап айтқанда, педагогикалық және дидактикалық тәсіл. Ол оқыту әдісін іске асырудағы жеке қадам болып табылады, яғни оқытудың әрбір әдісі белгілі бір әдістемелік тәсілдердің үйлесімі арқылы іске асырылады. Сонымен қатар, әмбебап әдістер жоқ, сондықтан сабақта әртүрлі әдістер өзара үйлесімді қолданылуы тиіс.

Әдістер әртүрлі белгілері бойынша жіктеледі:

-оқу іс-әрекетінің сипаты бойынша: репродуктивті, проблемалық, зерттеу, іздестіру, түсіндіру, иллюстрациялық, эвристикалық және т. б.;

-педагог пен білім алушылардың белсенділік дәрежесі бойынша: пассивті, белсенді және интерактивті;

-оқу материалының дереккөзі бойынша: ауызша, көрнекі, практикалық;

-оқу-танымдық қызметті ұйымдастыру тәсілі бойынша: практикалық білімді, іскерлікті, дағдыларды қалыптастыру әдістері, жаңа білім алу әдістері, тексеру және бағалау әдістері.

Әдістердің әрқайсысы оқытудың бір міндеттерін ойдағыдай шеше алатынын, басқаларын – ішінара, ал кейбіреулерін мүлдем шешпейтіндігін түсіну маңызды.

5-9 сыныптарда информатика сабақтарында қолдануға ұсынылатын *белсенді оқыту* әдісіне бірнеше мысалдар қарастырайық.

*Сыни ойлауды дамыту әдістері.* Сын тұрғысынан ойлауды дамыту әдістерінің мақсаты - оқушылардың алдағы өміріне қажет болатын ойлау қабілеттерін дамыту (байсалды шешімдер қабылдау, ақпаратпен жұмыс жасау, негізгілерді және қосымшаларды ажырату, құбылыстардың әр түрлі аспектілерін талдау). Бұл әдіс оқушының бағалау, жаңа идеяларды қабылдау, өзіндік пікірінің болуы, айтылған пікірлерді ой елегінен өткізу сияқты негізгі қасиеттерін қалыптастыруға бағытталады.

Сыни ойлаудың негізгі ерекшелігі – үш кезеңнің болуы: ой шақыру, түсіну, рефлексия. Бірінші кезеңде оқушылар белсендіріледі, барлық топ мүшелерін процеске тарту жүргізіледі. Мақсаты - осы тақырып бойынша

бұрыннан бар білімді жаңғырту, ассоциативті топ құру және сұрақтар қою. Түсіну кезеңінде ақпаратпен жұмыс ұйымдастырылады: мәтінді оқу, бағдарлама кодын талдау, алынған білімді ойлау және талдау. Рефлексия кезеңінде – алынған білім шығармашылықпен өңделіп, қорытынды жасалады.

«Миға шабуыл» - бұл ғылыми және практикалық мәселелерді шешуге арналған жаңа идеяларды табу әдісі. Оның мақсаты - проблемаларды шешудің дәстүрлі емес тәсілдерін іздеу үшін ойлау әрекетін ұйымдастыру. Әдетте «Миға шабуыл» топтық жұмысқа 5-7 адам қатысады. Миға шабуыл жасау үшін екі топ құрылады:

- 1) мәселені шешудің жаңа нұсқаларын ұсынатын оқушылар;
- 2) ұсынылған шешімдерді өңдейтін оқушылар.

Осы әдіспен жұмыс жасағанда әр кезеңде қатар жүретін сұрақтардың иерархиясына назар аудару керек, сондықтан бірінші кезең - идеялар банкіні құру, мәселені шешудің ықтимал шешімдері, сіз не білесіз? деген сұрақпен бірге жүреді. Екінші кезең - идеялар мен ұсыныстарды ұжымдық талқылау. Бұл кезеңде бастысы кез-келген ұсыныстардан сәйкес келетін жауап табу, сұрақ қою арқылы жауаптарды біріктіруге тырысыңыз, мұны қалай түсінесіз? (басқа білімді қолдану, талдау) кез-келген ұсыныстар қабылданады және тақтаға немесе плакатқа жазылады.

Миға шабуыл әдісі бойынша сабақта тұжырымдалған проблема теориялық немесе практикалық тұрғыдан маңызды және оқушылардың белсенді қызығушылығын оятуы керек. Миға шабуыл жасау үшін мәселені таңдау кезінде ескерілетін жалпы талап - бұл оқушыларға оқу міндеті ретінде қойылған мәселенің көптеген екіұшты шешімдерінің болуы.

Миға шабуыл әдісінің жетістігі психологиялық атмосфераға және пікірталас белсенділігіне байланысты, сондықтан миға шабуыл әдісінде мұғалімнің рөлі өте маңызды.

«Миға шабуыл» информатиканың кез-келген тақырыбын зерттеуде, қиялын дамытуда, оқушылардың санасын көтеруде, кез-келген мәселенің әртүрлі шешімдері бар екенін және әркім өзінің жеке жағдайына сәйкес келетінін қолданыла алатындығын көрсетеді. Сондай-ақ, бұл әдісті оқушылардың өз ойларын батыл айтуға үйрету үшін, сындар мен қателіктерден қорқуды жою үшін қолдануға болады.

Мысалы: 8 сыныпта while циклі, for циклі тақырыптары бойынша жаңа материалды түсіндіру кезеңінде (оқу мақсаттары: 8.3.3.1 while циклдік (уайл) операторын қолдану; 8.3.3.2 For (фор)) циклдік операторын қолдану). Әр кезеңге арналған келесі сұрақтар арқылы «Миға шабуыл» әдісін қолдануға болады.

I кезең - Сіз күн сайын қандай қайталанатын алгоритмдерді кездестіресіз?

II кезең - Сіздің циклдарыңыздағы қайталанулардың саны әрқашан алдын-ала белгілі бола ма?

III кезең - Егер біздің өмірімізде циклдер болмаса не болар еді?

6 сыныптың «Эргономика дегеніміз не?» тақырыбын зерделеу үшін (оқу мақсаты: 6.4.2.1. Интернетке тәуелділік проблемалары) «Миға шабуылға» арналған сұрақтар келесідей болуы мүмкін: I кезең - Сіз қандай желілік

қызметтерді зиянды деп сипаттайсыз? II кезең - Сіз қандай қызметтерге нақты тыйым саласыз немесе басқара аласыз? III кезең - Интернетке тәуелділік бар ма, оның себептері неде?

*Кластер әдісі.* Бұл әдістің мәні - бұрыннан бар білімді жүйелеуге тырысу. Бұл «Идеялар қоржыны» әдісімен байланысты. Ой шақыру кезеңінде оқушылар тақырып бойынша алған барлық білімдерін, сондай-ақ болжамдары мен ассоциациясын түсіндіріп жазып шығады. Бұл оқушылардың танымдық белсенділігін ынталандыруға және тақырыпты оқудан бұрын ойлануға итермелейді. Тақырыпты түсіну кезеңінде осы әдістерді қолдану оқу материалының құрылымын дұрыс меңгертуге мүмкіндік береді. Рефлексия кезеңінде «Кластер әдісі» оқушының алған білімдерін жүйелеу қызметін орындайды. Кластерді сабақтың барлық кезеңінде, жалпы сабақ стратегиясы түрінде қолдануға болады.

Осы әдісті қолданған кезде, жай болжамдар болса да ақылға келген нәрсені айтуға және оны түзетуге қорықпау керек. Жұмыс барысында қате немесе дұрыс емес мәлімдемелер түзетіледі немесе толықтырылады. Оқушылар барлық идеялар аяқталғанға дейін жұмыс істей отырып, қиял мен түйсікке батыл түрде ие бола алады. Неше түрлі ой қорытындыларынан жүрексіңбей, керісінше, олардың арасында мүмкіндігінше көбірек байланыс табуға тырысу керек. Талдау барысында бәрі жүйеленіп, орнына түседі.

Бұл әдісті қолдану кезінде оқыту формасы: жеке, топтық және ұжымдық болуы мүмкін. Ол мақсаттар мен міндеттерге, мұғалім мен ұжымның мүмкіндіктеріне байланысты анықталады. Бір формадан екінші формаға өтуге болады. Мысалы, ой шақыру кезеңінде бұл жеке жұмыс болады, мұнда әр оқушы дәптерде өз кластерін жасайды. Жаңа білім пайда болған кезде, жеке сызбалар негізінде және өткен сабақта алған білімдерін ескере отырып, өткен материалдарды бірлесіп талқылау нәтижесінде жалпы графикалық диаграмма жасалады. Кластерді сабақта жұмысты ұйымдастырудың әдісі ретінде және егер оқушы оны құрастыруда белгілі бір тәжірибесі болса, үй тапсырмасы ретінде пайдалануға болады.

Бұл әдіс жүйелі ойлауды қажет етеді, соның ішінде құндылықтарды жүйелеуді үйретеді, өз пікірі мен оны білдіру қабілетінің дамуына ықпал етеді, бірнеше позицияларды бір уақытта қарастыру, ақпаратты шығармашылықпен өңдеу қабілеттерін дамытады.

Мәселен, барлық сабақтарда әр түрлі тақырыптарды зерделеу барысында, сабақтың әртүрлі кезеңдерінде «Кластер» сыни ойлау әдісін қолдануға болады. Информатика сабағында кластер құру мысалы:

7 сынып - «Компьютерлік желілер және олардың жіктелуі», оқу мақсаты: 7.1.3.1 компьютерлік желілерді жіктеу;

6 сынып – «Мәліметтер типтері», оқу мақсаты: 6.3.3.1 мәліметтер типтерін жіктеу;

5-сынып – «Роботтехникасының тарихы мен перспективалары», «Роботтардың түрлері және оларды қолдану», оқу мақсаты: 5.3.4.2 роботтардың алуан түрлерін және оларды қолдануды; 5.3.4.3 адамзаттың робототехника саласындағы техникалық жетістіктерін мысалға келтіреді.



Жұмыстың басында оқушылар осы тақырыпқы байланысты мәселелер, пікірлер мен болжамдар туралы барлық білімдерін көрсетеді. Мысалы: «Мәліметтер типтері» тақырыбында оқушылардан айнаымалының не екенін сұраңыз. Мұғалім тақтаға немесе оқушылар постерге ақпарат жазады. Жақсырақ түсінікті болу үшін мұғалім оқушылардан өмірдегі әртүрлі заттарымен байланыстыруды сұрайды: мысалы, шкафтар: кітап шкафы кітаптарды сақтауға, киімге арналған шкаф - киім жинауға, әр түрлі заттарға арналған шкаф, ыдыс-аяқтар қоюға арналған шкафтар болады.

Мұнан кейін оқулықтан тақырыпты оқып немесе мұғалімнің презентацияларын көруге болады. Материалмен танысу барысында немесе оқу нәтижесінде сызба жаңа фактілермен толықтырылады. Мұғалім немесе оқушы оларды түрлі-түсті бордың көмегімен аяқтайды. Бастапқы пайымдаулардың дұрыстығы немесе дұрыс еместігі талқыланып, алынған ақпаратты жалпылау арқылы сурет талданады. Содан кейін мұғалім слайдтағы мәліметтер түрлерін көрсетеді. Оқушылар мәліметтердің негізгі түрлерін жазып алғаннан кейін, мұғаліммен бірге мәліметтердің әр түрін талдайды.

Сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша бір сабақтың әртүрлі кезеңдерінде әртүрлі әдістерді қолдануға болады. Көптеген тақырыптарда сыни тұрғыдан ойлау технологиясының келесі әдістерін қолдануға болады: шынайы және жалған мәлімдемелер, инсерт, түйіндеме.

«Дұрыс-бұрыс тұжырымдар» әдісі. Бұл әдісті сабақтың басында қолдануға болады. Мұғалім тақырып бойынша бірнеше тұжырымдар ұсынады. Оқушылар өздерінің тәжірибиелерімен ішкі сезімдеріне сүйене отырып, «дұрыс» тұжырымды таңдайды. Кез-келген жағдайда олар тақырыпты зерделеуге икемделіп, негізгі сәттерді ерекшелейді, ал жарыс элементі сабақтың соңына дейін назар аударуға, белсенді болуға мүмкіндік береді. Рефлексия кезеңінде осы тақырыпты қабылдауға, қандай тұжырымдардың дұрыс болғаны анықталады.

Сабақ тақырыбын жариялағаннан кейін мұғалім бар білімнің негізінде тақтада немесе тұсаукесерде 16-кесте түрінде жазылған тұжырымдардың дұрыс немесе бұрыс екенін бағалауды ұсынады:

16 - кесте. Тұжырымдардың дұрыс немесе бұрыс екенін бағалау

Дұрыс па,әлде бұрыс па	Сабақтың басында	Сабақтың соңында
Егер қайталау саны белгілі болса параметрі бар циклдер қолданылады.		
Егер қайталау саны белгілі болса, әзірше циклі қолданылады.		
Егер бірнеше шарт тексерілсе, онда тармақталу операторының толық нұсқасы қолданылады.		
Егер бірнеше шарт тексерілсе, онда таңдау операторының толық нұсқасы қолданылады.		

Оқушылар ұсынылған кестенің «Сабақтың басында» бағанын толтырады, әр торкөзге «Д» немесе «Б» әрпін қояды. Одан әрі оқушылар өз ойларының нәтижелерін жұпта бір-бірімен салыстырады. Мұғалім 2-3 жұптан оқушыларды өз жұмысының нәтижелерімен бөлісуді сұрайды. Олардың кейбір тұжырымдардың ақиқатына қатысты пікірлері сәйкес келмегені анықталады. Осылайша, туындаған сұрақтарда кімдікі дұрыс, кімдікі бұрыс екендігін айқындайды. Мұғалім оқушыларға туындаған проблемалық жағдайды шешуді, ал ол үшін жауап алуға қажет сұрақтарды және жаңа білім алу тәсілдерін тұжырымдауды тапсырады. Оқушыларға оқулықтағы мәтінмен жұмыс істеу ұсынылады.

«*Инсерт*» әдісі ағылшын тілінен аударғанда –оқу мен ойлауға арналған тиімді интерактивті жазу жүйесі. Инсерт - оқығанын түсінуге, өз ойына басшылық етуге, ойын білдіруге үйрететін ұтымды әдіс. Бір тақырыптың соңына тез жету, оқығанды есте сақтау, мәнін жете түсіну - әрине, ынта-зейінді қажет ететін күрделі әрекет. Оқушылар білгендерін анықтап, білмейтіндерін сұрауға әзірленеді. Бұл әрекет арқылы жаңаны түсіну үшін бұрынғы білетіндері мен жаңа материалды байланыстыруға дағдыланады. Кесте толтырылады.

Сабақта «Insert» әдісін қолдану алгоритмі

*1 қадам.* Оқушылар мәтінді арнайы белгішелермен белгілеп оқиды:

√— мен бұл ақпаратты білемін;

«√» белгісімен - білім алушыларға бұған дейін таныс білім белгіленеді (бұрын білгем);

«—» «мен үшін түсініксіз», мен басқаша ойладым, бұл менің білгеніме қарама-қайшы (түсінбедім);

«+» - «мен үшін жаңа ақпарат» ;

«?» - «мені таңғалдырады», мен мұны түсінбедім, нақты түсіндірулер қажет (білгім келеді).

*2 қадам.* Мәтінді оқу кезінде білім алушылар тиісті таңбамен жолдардағы жеке абзацтар мен сөйлемдерді белгілейді.

*3 қадам.* Білім алушыларға ақпаратты өзінің белгілеріне сәйкес жүйелеп кестеге орналастыру ұсынылады.

*4 қадам.* Кестенің әрбір бағанын дәйекті талқылайды.

Мұғалім белгілер бойынша әңгіме ұйымдастырады:

1. Циклдар туралы бұрын білгенің туралы айтып берсең.

2. Мәтіннен тақырып бойынша өзіңе құнды не алдың?

3. Бұл ақпарат сені несімен ерекше таң қалдырды, өзіңе назар аударды?

4. Не түсініксіз, не қиын болды?

Егер оқушыларда қандай да бір тақырыпты түсінуде мәселелер туындаса, мұғалім оларға қосымша түсініктемелер береді. Оқушылар дұрыс және бұрыс емес тұжырымдар кестесіне оралады және үшінші бағанды толтырады, содан кейін не және неге сәйкес келмегенін талқылайды.

«*Эссе жазу*» бұл берілген тақырыпқа еркін хат, онда дербестік, даралықтың көрінісі, пікірталас, проблеманы шешудің бірегейлігі, аргументтер бағаланады. Әдетте эссе мәселені талқылағаннан кейін сыныпта жазылады

және уақыт бойынша 5 минуттан аспайды. Информатика сабағында бұл әдіс қорытынды рефлексияда, көлемді мақсаттарды қарастырғанда немесе сабақ соңында ауызша рефлексия үшін уақыт жетпеген кезде күрделі мәселені шешумен бірнеше мақсаттарды қарастырғанда қолдануға ыңғайлы.

9 сыныптағы «Компьютер құнын есептеу» тақырыбын оқыған кезде (оқу мақсаттары: 9.1.1.1 мақсатына байланысты компьютердің конфигурациясын таңдау; 9.1.2.1 пайдаланушының қажеттілігіне қарай бағдарламалық жасақтаманы таңдау; 9.3.1.1 процесс моделдерін (физикалық, биологиялық, экономикалық) электрондық кестеде әзірлеу және зерттеу). «Менің қиялымдағы компьютер» тақырыбына эссе жазуды ұсынуға болады.

«Жуан және жіңішке сұрақтар» әдісі. Бұл әдісті сабақтың кез-келген кезеңінде қолдануға болады: ой шақыру кезеңінде – бұл тақырыпты зерделеуге дейінгі сұрақтар; түсіну кезеңінде – оқу, тыңдау барысы бойынша сұрақтар; рефлексия (ойлау) кезеңінде – сабақта өткен материалды түсінуді көрсету. «Жуан және жіңішке» әдісін қолдану сұрақ қою мәнерін жетілдіреді. Оқушының қойған сұрағы оның мәтінге ену деңгейі мен алған біліміне диагностика жүргізу тәсілі болып табылады. «Жуан және жіңішке сұрақтар» мысалы 17-кестеде берілген.

#### 17 кесте. «Жуан» және «жіңішке» сұрақтар

«Жіңішке» сұрақтар	«Жуан» сұрақтар
Кім...? Не...? Қашан...? Мүмкін...? ... бола ма? ... қалай аталады...? ... болды ма? ... келісесіңдер ме? ... дұрыс па...?	Түсініктеме беріңдер, неге... ... болатынын түсіндіріңдер. Неге сендер... деп ойлайсыңдар. Неге сендер... деп есептейсіңдер. ...айырмашылығы неде? Болжап көріңдер ...болса, не болады. ...болса, не ...

Жұмыс барысында кестенің бірінші бағанына бір жауапты талап ететін сұрақтар, ал екінші бағанға – ойлауды, қосымша білімді тартатын, талдай білуді талап ететін сұрақтар жазылады. «Жуан және жіңішке сұрақтар» кестесі зерттеулер, пікірталастар, эсселер үшін негіз бола алады.

«Жуан және жіңішке сұрақтар» әдісін кез-келген тақырыпта қолдануға болады, мысалы «Кестелік мәліметтердің графикалық ұсынылуы» тақырыбын оқу кезінде (мақсат 7.2.2.3 - электронды кестеде диаграммалар құру;). Білімді өзектендіру кезеңінде мұғалім келесі сұрақтарды ұсынады:

- 1.Электрондық кесте не үшін керек? (кестеде есептеулер үшін).
- 2.Мәтіндік редактормен салыстырғанда ЭК-нің өзіндік ерекшелік белгілерін атаңыз (ЭК жұмыс өрісі кесте түрінде берілген).
- 3.ЭК ортасында жасалған құжат қалай аталады? (жұмыс кітабы).
- 4.Электрондық кесте неден тұрады? (бағандар мен жолдардан).

5. Ұяшықтың мекен-жайы неден тұрады? (баған атауы мен жол нөмері, мысалы В5, А7).

6. Ұяшықта қандай деректер түрлері сақталады? (сан, мәтін, формула).

7. ЭК ұяшықтарында формулаларды жазу ережелері қандай? (Формуланы енгізу " " белгісінен басталады, барлық формула бір жолға жазылады, символдар бір-бірінен кейін ретімен тұрғызылады, операциялардың барлық белгілері қойылады. Формулаларда сандар, ұяшықтар атаулары, операциялар белгілері, дөңгелек жақшалар, функциялар атаулары болуы мүмкін).

8. ЭК-де арифметикалық операциялар белгілері қалай көрінеді? («+»-қосу, «-»-алу, «\*»-көбейту, «/»-бөлу, «^»-дәрежеге шығару).

9. ЭК-де жиі қолданылатын математикалық функцияларды атаңыз? (қосындыны табу, максималды санды, ұяшықтар диапазонының орташа арифметикалық мәнін табу).

10. Функция шеберінің мақсаты қандай? (кесте ұяшығына функцияларды енгізу үшін қолданылады).

Берілген сұрақтардың қайсысы жіңішке және жуан сұрақтарға жататынын және неге екенін дәлелдеу керек.

Информатика сабағында «іскерлік ойын» әдісін тиімді пайдалану, мысалы 9 сыныпта «Компьютердің конфигурациясы» тақырыбын оқу кезінде (оқу мақсаты 9.1.1.1 мақсатына байланысты компьютердің конфигурациясын таңдау). Оқушылар алдын ала компьютерлерді жинау және сату дүкеніне барады, дүкендегі жағдайды сырттай бақылайды. Таңертеннен сатып алушылар болмаған кезде сатушылар кез-келген іспен: әуен тыңдау, Интернетке кіру немесе сөзжұмбақ құрастырумен айналыса алады. Сондай-ақ, балалар сатып алушылардың көпшілігі компьютерді сатып алғысы келетінін, бірақ компьютер конфигурациясын таңдауда қиналатынын, қандай компьютер алу керектігін білмейтіндігін байқайды. Балаларда сатып алушыларға көмек көрсету ниеті пайда болады.

Сабақ негізгі екі кезеңнен тұрады, олардың әрқайсысында белгілі бір тапсырма орындалады.

Бірінші тапсырма: *Компьютерді жинақтау (компьютердің конфигурациясын анықтау)*. Осы тапсырманы орындай отырып, оқушылар жаңа ұғымдардың анықтамаларын, компьютердің құрамдас бөліктерінің функционалдық мүмкіндіктерін, осы жинақтаушылардың түрлерін біледі. Тапсырманы орындау соңында оқушылар осы нұсқаны неге ұсынатынын негіздеумен өздері таңдаған компьютер конфигурациясының нұсқасын ұсынуы тиіс, оқушылар компьютердің конфигурациясын оның мақсатына байланысты таңдау керек деген қорытынды жасайды.

Екінші тапсырма-кроссворд құру, ол компьютер құрылғыларының атауын және компьютер құрылымы бойынша басқа ұғымдарды қамтиды, бұл тапсырма алынған білімді бекітеді.

*Жобалар әдісі*. Бұл әдіс оқу-танымдық үрдісті қамтамасыз етеді, онда оқушы мәселені өздігінен зерттейді және өз зерттеулерінің нәтижелерін хабарлайды. Жобалық жұмыс барысында оқушылардың өзіндік рефлексияға

және күрделі коммуникативтік мәселелерді шешу жолында іздеу дағдыларын дамыту қабілеті дамиды. Сондай-ақ, бұл әдіс пәнаралық байланыс орнатуға және тақырыпты концептуалды түсіну үшін пәндерді байланыстыра отырып кіріктірілген сабақтар өткізуге көмектеседі.

Жоба әдісі оқушылардың өздігінен ізденуіне бағытталған; жұмыс белгілі бір мерзімде жеке, жұптық немесе топтарда орындалады, сондай-ақ бұл әдіс бірлескен оқыту әдісімен байланысты. Нәтижесінде, жобалар әдісі бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану дағдыларын дамытуды және күрделі мәселелердің тиімді шешімдерін іздеуде шығармашылық және зерттеу қабілеттерін дамытуды қамтамасыз етеді.

Жоба әдісін қолдану пәнді оқытудың тиімділігін арттырады, пәнаралық байланысты белгілейді және пәндер бойынша оқыту сапасын арттырады. Жобалау жұмысының тақырыбын анықтау кезінде мұғалім мен оқушының құзыреттілігі мен шығармашылық көзқарасы анықталады, бірақ мұғалім өткен материалға сәйкес тақырыпты өз бетінше анықтай алады.

Жаңартылған мазмұн бағдарламасының ерекшеліктерінің бірі – бастауыш сыныптан бастап ұзақ мерзімді жоспарда оқушылардың жобалық жұмыстарының тақырыптары мен мақсаттарының көрсетілуі болып табылады.

Жобалық әдісті қолданғанда мұғалімнің рөлі дайын білім беретін адамнан оқушылардың шығармашылық, зерттеу және іздеу дағдыларын дамыту арқылы танымдық процесті ұйымдастырушыға айналады. Сабақта немесе сабақтан тыс уақытта жобалау жұмыстарын жазу барысында оқушылардың компьютерлік сауаттылығы дамиды және мотивациясы артады. Оқушылар қорытынды жасайды, жаңа нәтижелер алады және оларды дамыту, талқылау және жаңа білім іздеу арқылы жариялайды.

5-сыныпта «Компьютер және қауіпсіздік» бөлімінде балалар құжатқа жалпы қолжетімділікті, сондай-ақ белгіленген парольмен анықтап баспаға арналған тиімді ұйымдастырылған құжаты бар шағын-жоба жасайды.

6-сыныпта «3D басып шығару» бөлімінде жобаны дайындау кезінде мұғалім оқушыларға 3D басып шығару түрлерін зерттеу, 3D редакторын зерттеу, 3D үлгісін жасау міндеттерін қояды. Оқушылар қажетті ақпаратты алады. 3D-басып шығару, бүгінгі күні адам қызметінің көптеген салаларында қолданылады, 3D-басып шығару технологиясы ең креативті идеяларды іске асыру үшін үлкен мүмкіндіктер береді, 3D-басып шығарудың маңызды артықшылықтарының бірі дәстүрлі әдістермен салыстырғанда түрлі күрделіліктегі бұйымдарды өндіру кезінде қаражатты үнемдеу болып табылады. Жобаны орындау барысында соңғы коммерциялық өнім алуға мүмкіндік беретін 3D-баспа объектілерін аддитивті құрудың прогрессивті технологиялары бойынша қорытынды жасалады. Процесті сипаттау кезінде сілтемелерді (гиперсілтемелер, мазмұндар, атаулар, сілтемелер) пайдалану қажет. Жобаның нәтижесі дайын өнімді реферат түрінде оның жасалуын сипаттай отырып ұсыну болады. 3D-басып шығару әдісі жобаның авторы қойған мақсаттар мен міндеттерге тікелей байланысты.

6-сыныпта «Мәтіндік құжаттармен жұмыс» бөлімінде сілтемелер, ауысулар ұйымдастырылған, сондай-ақ авторлық құқықпен қорғалған реферат дайындайды.

7-ші, 8-ші сыныптарда оқушылардың жобалық жұмыстары Python бағдарламалау тілінде практикалық бағдарламалауға бағытталады.

«Практикалық бағдарламалау» бөлімі бойынша 7-ші сыныпта оқыту мақсаты: 7.3.2.1 Python(пайтон) бағдарламалау тілінде тармақталатын алгоритмдерді жазу және 8-ші сыныпта оқыту мақсаттары: 8.3.1.1 Python бағдарламалау тілінде есептер моделін жасау; 8.3.2.1. алгоритмді трассировкалауды жүзеге асыру – компьютерде есептерді шешу кезеңдерін сақтай отырып, есептер моделін құру үшін: проблеманы қою, алгоритмді әзірлеу, алгоритмді бағдарламалау, бағдарламаны тестілеу және Python бағдарламалау тілінің оқытылған командалары мен операторларын пайдалана отырып жобаны әзірлейді.

9-шы сыныпта «Python (пайтон) бағдарламалау тілінде 2D ойындар құру» бөлімінде – оқушылар Python бағдарламалау тілінде 2D ойындар жасайды. Ойын сценарийін құрастырады. Жобада PyGame кітапханасын пайдаланады, ойын фонын безендіреді, ойын кейіпкерлерін жүктейді және анимациялайды, кейіпкерлерді басқарады, ойын нәтижелерін өңдейді және көрсетеді. Құжаттарды рәсімдейді және ойынды қорғайды.

9-сыныпта «Компьютер құнын есептеу» бөлімінде (оқыту мақсаты: 9.1.1.1 компьютер конфигурациясын оның мақсатына байланысты таңдау; 9.1.2.1 пайдаланушының қажеттілігіне байланысты бағдарламалық қамтамасыз етуді таңдау; 9.3.1.1 электрондық кестедегі процестер моделін (физикалық, биологиялық, экономикалық) зерттеу және жоба әзірлеу. Жобаны «біздің кәсіпорын» деп атауға болады. Жоба практикалық-бағдарлы сипатқа ие болады. Мұғалім жобаны даярлау мерзімін анықтайды. Оқушы мақсатты нақты анықтайды, қойылған мақсатқа жету бойынша негізгі қадамдарды сипаттайды, барлық жұмыс барысы мақсатқа жетуге шоғырланады. Жобаның бастапқы деректері келесідей болуы мүмкін: ақшаның қандай да бір мөлшері бар, өз кәсіпорынның ұйымдастыру, қызметкерлерді жалдау, жабдықтарды сатып алу және кәсіпорынның жұмысын ұйымдастыру қажет. Кәсіпорынның жұмысы біраз уақыт өткеннен кейін табысты болатындай ұйымдастырылуы тиіс.

Жобамен жұмыста сынып әртүрлі деңгейдегі 3-4 адамнан топтарға бөлінеді. Жобаны орындай отырып, оқушылар қажетті ақпаратты, мысалы, басшының лауазымдық міндеттері мен біліктілік талаптары туралы алады. Оның мақсатына байланысты компьютердің әртүрлі конфигурацияларын; пайдаланушының қажеттілігіне байланысты бағдарламалық қамтамасыз етуді, физикалық, биологиялық, экономикалық процестердің әртүрлі модельдерін зерттейді. Жұмысты орындау барысында оқушылар креативтілік пен сын тұрғысынан ойлау, бастамашылық, ынта-жігер танытуы тиіс. Мұғалім белгіленген жұмыс жоспары мен кестесіне сәйкес мерзімде жұмысты орындауды қадағалайды. Жобаны қорғау ұйымдастыру бойынша негізгі материалды, есептеу формулаларын және кәсіпорынның рентабельділігі туралы

электрондық кестеде қорытындыны қамтитын презентацияны қорғау түрінде жүргізіледі.

Жоба бойынша жұмыс төрт кезеңнен тұрады. Олар: *жоспарлау, талдау (аналитика), ақпаратты жинақтау, жоба бойынша алынған жұмыс нәтижелерін ұсыну (презентация)*.

*Жобаны жоспарлау* оның ұжымдық талқылауынан басталады. Бұл, пікір алмасу және оқушылардың мүдделерін келісу; қолда бар білім негізінде бастапқы идеяларды ұсыну және даулы мәселелерді шешу. Содан кейін оқушылар ұсынған жоба тақырыптары талқылауға шығарылады. Келісілгеннен кейін жобаның әрбір қатысушысы болашақ зерттеу үшін өз тақырыпшасын таңдайды. Осылайша, бір тақырып бойынша жұмыс істейтін топтар құрылады. Мұғалімнің осы кезеңдегі міндеті – әр құрылған топта білім деңгейі, шығармашылық әлеуеті, әртүрлі бейімділігі мен қызығушылығы бар оқушылардың жұмыс істеуін қадағалау. Мұғалім жұмысты әр оқушы өзін көрсете алатын және басқалардың құрметіне ие болатындай етіп ұйымдастыруы қажет.

*Аналитикалық кезең* – әрбір оқушы өз бетінше зерттеу жүргізу, ақпаратты алу және талдау кезеңі. Бұл кезеңде әрбір оқушы:

- жалпы жобаның мақсаты мен топтың міндеттерін негізге ала отырып, өз міндетін нақтылайды және тұжырымдайды;

- өз тәжірибесін, басқа оқушылармен, мұғалімдермен, ата-аналармен, кеңесшілермен ақпарат алмасу нәтижесін, арнайы әдебиеттен, интернеттен және т. б. алынған мәліметтерді ескере отырып, ақпаратты іздейді, жинайды, алынған мәліметтерді талдайды.

*Ақпаратты жинақтау* кезеңінде жиналаған ақпарат құрылымданады, білімді, іскерлікті, дағдыларды интеграциялау жүзеге асырылады, алынған деректер жүйеленеді; әрбір топтан алынған ақпарат біртұтас бүтін етіп біріктіріледі; қорытынды шығару үшін олардың жалпы логикалық сызбасы мен формалары (реферат, баяндама, конференция, бейнефильмдер, буклеттер, ақпараттық парақтар шығару, презентация) анықталады. Мұғалім оқушылардың әртүрлі жұмыс түрлері барысында алынған ақпаратпен (сауалнама жүргізу және алынған білімді өңдеу, әлеуметтік сауалнама жүргізу, сұхбат жүргізу, эксперименталды жұмыс және т.б.), білім мен іскерлікпен алмасуын қадағалауы қажет. Жоба бойынша алынған жұмыс нәтижелерін ұсыну кезеңінде оқушылар алынған мәліметтерді және нәтижеге қол жеткізу тәсілдерін түсінеді; жоба бойынша мектепте, өңірде, қалада және т.б. жұмыс нәтижелерін ұсынуды, қорытындыны талқылайды, дайындайды. Оқушылар алынған нәтижелер мен қорытындыларды ғана емес, сонымен қатар ақпарат алынған және талданған тәсілдерді сипаттайды; алған білімдері мен біліктерін көрсетеді; жоба жұмысында кездескен проблемалар туралы айтады. Презентацияның кез келген түрі оқу процесі болып табылады, оның барысында оқушылар өз жұмысының нәтижесін ұсыну дағдыларын меңгереді.

Мұғалімнің міндеті – оқушыларға пікірталастар мен іскерлік қарым-қатынасты жүргізудің негізгі ережелерін түсіндіру; оларды өз ойларын сынауға жүйелі қарауға үйрету; бір проблеманы шешудің әртүрлі әдістері бар екенін

түсінуге бағыттау. Жоба бойынша жұмыс істей отырып, мұғалімге табыстылықтың негізгі критерийлері - оның барлық қатысушыларының өз жетістіктері мен алған дағдыларын түсінуден қуаныш пен қанағаттану сезімін алуы екенін ұмытпаған жөн.

Жобалық іс-әрекеттің міндеттері:

- жоспарлауға үйрету: оқушы мақсатты нақты анықтай алады, қойылған мақсатқа қол жеткізу бойынша негізгі қадамдарды сипаттай алады, барлық жұмыс барысында мақсатқа жетуге ұмтылады;

- ақпаратты, материалдарды жинау және өңдеу дағдыларын қалыптастыру: оқушы қажетті ақпаратты таңдай және оны дұрыс пайдалана алады;

- талдау жасай білу: креативтілік және сыни ойлау;

- жазбаша есеп жасай білу: оқушы жұмыс жоспарын құрастыра алады, нақты ақпаратты таныстыра алады, түсіндірмені рәсімдей алады, библиография туралы түсінікке ие болады;

- жұмысқа позитивті көзқарасты қалыптастыру: оқушы бастамашылық, ынта таныта біледі, жұмысты белгіленген жұмыс жоспары мен кестесіне сәйкес мерзімінде орындауға тырысады.

Жобалық әрекетті табысты пайдалану оны ұйымдастырудың негізгі принциптерін сақтауға негізделген, атап айтқанда:

- жоба орындау үшін қолайлы болуы керек;

- жобаны табысты орындау үшін қажетті жағдайлар жасалуы тиіс;

- оқушыларды жобаны орындауға дайындау, жоба тақырыбын таңдауға оқушылардың уақыты болу үшін арнайы бағдар жүргізу, осы кезеңде жобалық іс-әрекет тәжірибесі бар оқушыларды тартуға болады;

- мұғалім тарапынан жобаны басқару: таңдалған тақырыпты, жұмыс жоспарын, орындау уақытын талқылау және күнделік жүргізуді ұйымдастыру. Күнделікте оқушы өз ойларын, идеяларын, түйсіктерін жазады, әрбір іс-әрекетінен соң рефлексия жасайды. Күнделік оқушыға есеп жазу кезінде, көмектесуі тиіс. Оқушы жоба жетекшісімен әңгімелесу кезінде күнделіктің көмегіне жүгінеді;

- топтық жобамен жұмыс істеген жағдайда әрбір оқушы жобаны орындауға өз үлесін нақты көрсетуі тиіс. Жобаның әрбір қатысушысы жеке баға алады;

- жоба бойынша жұмыс нәтижелерін қандай да бір нысанда міндетті түрде таныстыру қажет.

Жобалық қызметтің маңызды факторлары:

- қойылған міндеттерді шешу кезінде оқушылардың уәждемесін арттыру;

- шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- мәселелерді шешудегі инструменталды тәсілден технологиялық тәсілге ауысу;

- жауапкершілік сезімін қалыптастыру;

- мұғалім мен оқушылар арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынас үшін жағдай жасау.



Білім алушылардың үлгерімін арттыруда мынадай стратегияларды іске асыратын әдістер тиімді болып табылады, олар:

- белсенді оқыту, оқушылар нақты тапсырмаларды орындап, практикалық дағдыларды іске асырғанда;

- кері байланыс, қатарластары арасында немесе мұғалім мен оқушылар арасында орын алуы мүмкін жеке пікірді қамтитын оқу туралы пікірталас;

- сенімділікті нығайту, оқушыға уәждеме мен сенімділік беру үшін мақтауды пайдалану;

- сараланған тапсырмалардың кең ауқымын жоспарлау және орындау арқылы оқыту сапасына қол жеткізу.

Осы стратегиялардың барлығы белсенді оқыту әдістерін қамтиды.

*Оқытудың белсенді әдістері* - бұл оқушыларды оқу материалын меңгеру барысында белсенді ойлау және практикалық қызметке итермелейтін әдістер.

Белсенді оқыту педагогтің білімін баяндауға емес, оларды есте сақтау мен оны айта білуге, ал белсенді ойлау және практикалық қызмет процесінде білім алушылардың білімдері мен іскерліктерін өздігінен меңгеруіне бағытталған әдістердің жүйесін пайдалануды көздейді.

Оқытудың белсенді әдістерін пайдалану оқу материалын меңгеруді қарқындату, білім алушылардың өзіндік жұмысының тиімділігін арттыру, ашық дамыған функциясы бар бақылау жүйесін құру мүмкіндігі есебінен оқытудың өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Білім алушыны процеске барынша тарту нәтижесінде ақпаратты тиімді қабылдауға қол жеткізіледі.

*Сабақ тақырыбымен танысу үшін проблемалық мәселелерді қою және шешу, проблемалық жағдайларды құру.* Сабақта қолданылатын проблемалық жағдайлардың түрлері: күтпеген жағдай; сәйкессіздік жағдайы; белгісіздік жағдайы; болжам жағдайы; таңдау жағдайы.

«Төңкерілген оқыту» мұғалім бұл әдіс арқылы оқушыларды ынталандырып, жетістіктерге жеткізе алады және оқушылардың өз бетінше білім алуына жағдай жасалады. «Төңкерілген оқыту» - жаңашыл әдісімен оқыту моделінің мәні білім алушыларды сабақта нақты іс-әрекетке тарту болып табылады. Бұл әдісте үй тапсырмасы мен сабақтағы жұмыс мазмұны «керісінше» принципі бойынша өзгереді. Оқушы жаңа тақырыпты оқытушы әзірлеген нұсқаулықтарды және электронды ресурстарды қолдану арқылы өз бетімен үйде меңгереді, мұғалім бейнесабақтар, бейнедәрістер, презентациялар, интерактивті материалдар, оқушының білімін өзара тексеру үшін тест немесе сауалнама орналастырады. Заманауи құрал-жабдықтарды пайдаланып мұғалім оқушыларға қиындық тудыратын тақырыптарға бейнесабақтар түсіріп желіге жүктейді. Бұл модельдің ерекшелігі - оқушылардың тақырыпты өз бетінше меңгеру барысында бір-бірімен және мұғаліммен интерактивті әрекеті, ақпараттық-білім беру ортасының көмегі арқылы тұрақты байланыста болу мүмкіндігін қарастырады. Өзара әрекеттесу үшін кез-келген білім беру платформасына тіркелу маңызды және google қызметін пайдалануға болады. Сабақта жаңа материалды талдауға аз уақыт кетеді, маңызды мәселелер талқыланады. Мұғалім жаңа материалды бейнежазба арқылы көрсетіп, сабақ барысында оқушыларға тәжірибелік тапсырмалар беру арқылы теориялық

білімін, жаңа тақырыпты меңгеруін бақылайды. Осының нәтижесінде оқушыларға тәжірибе жүзінде орындайтын тапсырмалар мен пікірталастарды, жобалау жұмыстарын ұйымдастырады. Жаңа материалды игеруді бағалау сабақ соңында жүзеге асырылады. Мұғалім сонымен қатар білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастырушы, әрі желілік мұғалім болып табылады.

Информатиканың кез-келген бөлімін оқыту кезеңдерінде «Төңкерілген сынып» әдісін қолданауға болады. Мұғалім:

1) таңдалған тақырып бойынша бейне құралдар, оқуға арналған бейне фильмдер, бейнероликтер, презентациялар дайындайды немесе Интернеттегі дайын оқу материалдарын көруді ұсынады, алдын ала Интернетте осындай сенімді материалдардың бар екеніне көз жеткізуі керек. Оқу видеоларын, оның ішінде сапалы ғылыми-танымдық деректі фильмдерді қолдануға болады. Оқу-бейне жазбалардың ұзақтығы 5- 8 минуттан аспау керек.

2)білім алушыларды бейне материалды қолдану бойынша нұсқаулықтармен қамтамасыз етеді;

3) өзін-өзі бақылау құралдарымен қамтамасыз етеді. Бейне-материалды өз қажеттілігіне қарай кез-келген уақытта қарап, бірнеше рет қайталауына мүмкіндік тудыру - «төңкерілген сынып» моделінің басты ерекшелігі. Мұндай құралдар ретінде интерактивті дидактикалық тапсырмалар мен ойындарды, интерактивті тесттерді қолдануға болады. Интерактивті қызметтер сонымен қатар қалыптастырушы бағалаудың инновациялық құралы болып табылады: мысалы, жұмыс парақтары, сауалнамалар, тесттер.

4) оқушылар жаңа материалды игеру үшін оларға арнайы тірек тапсырмалар дайындалады. Оқу материалдары бойынша нақты сұрақтар мен тапсырмалардан тұратын арнайы дайындалған шаблондарды (Google-форманы) қолдануға болады.

Сабақтағы жұмыс оқушылардың сабаққа даярлануда кездескен сұрақтары мен мәселелерін талдаудан басталады. Мұғалім сабақтағы жұмыс ретін анықтауы керек:

1)тақырып бойынша сұрақтарды айқындау;

2) алынған білімді талдау, синтездеу, бағалау бағытындағы жеке немесе топтық практикалық тапсырмалар дайындау; сонымен бірге, алған білімді болашақта қолдану салаларын анықтау бойынша оқушылардың практикалық жұмыстарын ұйымдастыру;

3) қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмаларды бағалау критерийлерін анықтау;

4) рефлексияға дайындық.

Мысалы, 7 сыныпта «Python (пайтон) программалау тілінде тармақталу алгоритмін программалау» тақырыбы бойынша (мақсаты 7.3.2.1 Python программалау тілінде тармақталу алгоритмдерін программалау) оқушылар мұғалім алдын ала дайындаған теориялық материалды немесе интернеттегі дайын материалдарды меңгеріп сабаққа дайын келеді. Ол үшін дайындық материалы мына ақпаратты қамтуы керек:

- логикалық мәліметтердің типі;

- *if/else* құрылымы;

- логикалық операторлар және салыстыру операторлары;
- өзін-өзі бақылау құралдары;

Оқушыларға бейнематериалды қолдануға нұсқаулар беріледі.

Сабақ келесі сұрақтарды талдай отырып басталады:

- Қандай алгоритмді тармақталған деп атаймыз?
- Тармақталу алгоритмінің қандай түрлерін білесіздер?
- Python программалау тілінде тармақталу операторы қалай жазылады?
- elif операторы қандай әрекетті білдіреді?
- және, емес, немесе операторлары қалай қолданылады?

Сұрақтарды талдағаннан кейін, қолданған материалды пайдалана отырып, жазбаларды (топтық жұмыс) келтіріңіз:

1 топ: тармақталу операторының қысқаша түрі;

2 топ: тармақталу операторының толық түрі;

3 топ: elif операторы;

4 топ: құрама шарт.

ҚБ. «Екі жұлдыз, бір тілек».

Дербес компьютерде жеке жұмыс мысалдары. Практикалық тапсырмалар.

1) Бүтін сан енгізу. Егер бұл сан 5-тен артық болса, «Бұл сан бестен арттық» деген хабарлама шығады.

2) Бүтін сан енгізу. Егер ол оң сан болса, 1-ге арттыру, әйтпесе 2-ге азайту. Нәтижені көрсетіңіз.

3) Пернетақтадан енгізілген сан (-9; 2) аралығына тиістілігін анықтау.

4) «Болжам» программасын жазу. Программаны пайдаланғанда қолданушы сұрақ енгізеді, осы сұраққа программа «иә» немесе «жоқ» деп жауап береді. Осыдан кейін пайдаланушыға кездейсоқ жауап беріледі, мысалы «Иә», «Жоқ», «Әрине!», «Ешқашан!», «Әрине, жоқ! Дұрыс сұрақтар қойыңыз!» және т.б. Сұрақтың жауаптары кемінде төртеу болуы керек.

5) а санын енгізіңіз. Жұп немесе тақ екенін анықтайтың хабарлама шығару керек.

6) Қабырғалары a, b, c болатын үшбұрыш теңқабырғалы екендігін анықтаңыз.

7) Апта күнінің нөмірі бойынша оның атауын көрсету.

Программа мәтінін экранға шығару арқылы өзін-өзі тексеру.

Программа үзіндісі бойынша нәтижені анықтау. Мысалы, есептің мазмұны төмендегідей.

1) Программа үзіндісін орындау нәтижесінде экранға не шығады?

a=7

b=9

if a>b:

print(a)

2) Программа үзіндісін орындау нәтижесінде экранға не шығады?

?

a=8

b=5

if a<b:

```
print(a)
else:
print(b)
```

3) Программа үзіндісін орындау нәтижесінде экранға не шығады?

```
a=8
b=5
if a<b:
print(a)
cost = 1500
if cost < 1000:
print ( "Жеңілдік жоқ" )
elif cost< 2000:
print ( " Жеңілдік 2% " )
elif cost < 5000:
print ( " Жеңілдік 5% " )
else:
print ( " Жеңілдік 10% " )
else:
print(b)
```

«Рефлексиялық экран» әдісімен сабақты аяқтау. Бүгін мен білдім..... Қызықты болды... Қиын болды... Мен тапсырманы түсіндім...Мен келесі ұғымдарды түсіндіре аламын... Бұл ұғымға келесі тіркестер кіреді.

«Жұмыс аймақтарын ауыстыру» әдісін, оқытудың аралас формаларын информатиканың кез келген бөлімін оқыту кезінде қолдануға болады. Мысалы, 6-сыныпта «Компьютер қалай жұмыс істейді» тақырыбын оқытуда (оқыту мақсаты 6.1.1.2 компьютердің негізгі құрылғыларының өзара әрекеттесуін түсіндіру; 6.1.2.1 операциялық жүйенің негізгі функцияларын атаңыз). Сыныптағы оқушылар 3 топқа бөлінеді: online оқыту, мұғаліммен жұмыс, топтағы жұмыс аймағы.

1-топтың бағыты - топтағы жұмыс аймағы, онлайн жұмыс аймағы және мұғаліммен жұмыс аймағы.

2-топтың бағыты - мұғаліммен жұмыс істеу аймағы, топтағы жұмыс аймағы, онлайн жұмыс аймағы.

3-топтың бағыты - онлайн жұмыс аймағы, мұғаліммен жұмыс аймағы, топтағы жұмыс аймағы.

Әр аймақта бағыт парағы бар, онда топтың аймақтарға өту реті, сондай-ақ әр аймақта жұмыс істеуге қажет тапсырмалар көрсетілген. Әрбір аймақта жұмыс уақыты шамамен 10 минут, сабақ қорытындысын шығаруға уақыт қалдырылады.

Жұмыс аймақтарын ауыстыру таймер сигналы бойынша жүргізіледі. Әр аймақтағы жұмыс уақытын мұғалім материалдың күрделілігіне қарай өзі анықтауы тиіс. Бұл модель сабақты қарқынды етеді, әрі оқу материалдарымен қанықтандырады, балаларды қызықтырады.

Аймақтардағы жұмыс

A) *online жұмыс аймағы.*

Бұл топта оқушылар интернет ресурстарын пайдалана отырып, операциялық жүйенің функцияларын зерделеуі тиіс. Мұнда мұғалім оқушыларға іздеу жүйесін пайдалануға немесе нақты сілтемені пайдалануға мүмкіндік береді.

*Тапсырма үлгісі:*

1) Интернет ресурстарын пайдалана отырып, операциялық жүйе ұғымымен танысу

*Б) Мұғаліммен бірлесе жұмыс істеу аймағы.*

Бұл аймақта мұғалім әрбір оқушыны теориялық түрде сұрайды. Әрбір балада жауап беретін сұрақтары бар жеке парақ болады. Мұғалім оқушылардың сұрақтарға жауаптарын тексереді және жіберілген қателіктер жөнінде әңгімелеседі.

*Сұрақтар үлгісі:*

1) Операциялық жүйе – бұл.....

2) Windows ортасына қандай қасиеттер жиынтығы жатады?

3) Операциялық жүйе қандай функцияларды орындайды?

4) Уақытша жойылатын нысандар ... орналастырылады.

5) Драйвер – бұл.....

6) Операциялық жүйелер құрамына кіреді.....

*В) Топтағы жұмыс аймағы.*

Бұл аймақта оқушылар ұйымдасқан түрде топпен жұмыс істеп, өз міндеттерін дұрыс бөлуі керек. Бұл аймақтағы тапсырма шығармашылық сипатта болғаны дұрыс, мысалы, әрбір оқушыға тапсырмалар жазылған кестесі бар парақ беріледі. Бір жағында тапсырмалардың жауаптары, ал екінші жағында суреттің бөліктері беріледі. Балалар кестеде көрсетілген тапсырмаларды орындап, жауаптары берілген карточкаларды кесте ұяшықтарындағы тапсырмалармен салыстыруы керек. Одан әрі – жауаптары бар карточкаларды аударып отырып, оқушылар ребус салынған суретті алады. Ребусты шешу нәтижесінде олар сабақ тақырыбына байланысты түсінік алады.

### **3 «Информатика» пәнінен қысқа мерзімді сабақ жоспарын әзірлеу және критериалды бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар**

Сабақты дұрыс жоспарлау және жақсы әзірленген қысқа мерзімді жоспар – сабақты тиімді өткізуге үлкен қадам болып табылады.

Сабақ жоспарында мұғалім мақсаттарды нақты және анық тұжырымдауға; сабақ жоспарының әртүрлі компоненттерінің тиісті бөліктерін қамтуға; оқушылар орындауы үшін қисынды реттелген жаттығулар мен тапсырмалар туралы толық ақпарат беруге; мақсаттағы білім мен дағдыларды қалыптастырудың тиісті әдістерін анықтауға, мәселелерді алдын ала анықтауға және белгілі бір дағдылар бойынша шешім беруге; қажетті материалдар мен ресурстарды қолдануды жоспарлауы тиіс.

Сабақты жоспарлау кезінде дайындалған қысқа мерзімді жоспар мына сұрақтарға жауап беруі қажет:

1.Сабақтың мақсаты қандай? Сабақтың әр бөлігі оқушылардың осы мақсатқа жетуіне ықпал ете ме?

2.Білім алушылар шын мәнінде не істейді? Бұл ретте, оқушыларға не істеу керектігін және қандай нәтижелер алу керектігі түсіндіріледі.

3.Оқытудың тиімді болғаны қалай анықталады?

4.Сабақ кезінде оқушыға өзіне деген сенімділік беретін көмек бола ма? Қосымша материалдар беріле ме?

5.Жоспар қаншалықты икемді? Ол бір оқушының толық түсіндіруді талап ететін қызықты сұрағына жауапты, тағы бір оқушының қысқа кері байланысты қажет ететін сауалына жауапты қамтамасыз ете ала ма немесе аудиовизуалды құралдармен туындаған күтпеген жағдайларды жеңе ала ма?

6.Оқушылармен кері байланыс қалай жасалады?

#### **Жоспардың кіріспе бөлігін рәсімдеу**

1.Ең алдымен, сабақтың мақсатын анықтап, тұжырымдау керек.

- мақсаты пәннің оқу бағдарламасындағы оқыту мақсаттарымен байланысты болуы және орта мерзімді немесе күнтізбелік-мақсатты жоспардан алынуы тиіс.

- сабаққа мақсаттарды анықтаңыз. Олар оқыту мақсаттарымен (ОМ) бірдей болуы мүмкін немесе ОМ ұзақ мерзімді сипатында берілген сабақ үшін бейімделуі мүмкін (егер ОМ жету үшін бірнеше сабақ қажет болса).

2.Осы сабақта қол жеткізілетін оқыту мақсаттарына бағалау критерийлерін, күтілетін нәтижелерді көрсетіңіз. Сіз өз бетіңізше бағалау критерийін құрастыра аласыз және/немесе әдістемелік құжаттардан бағалау критерийін таңдай аласыз («Формативті бағалау бойынша тапсырмалар жинағы», «Жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдар»). Оларды тұжырымдай отырып, оқушылар сабақ соңында жасай алады деген тұрғыда оқытудың күтілетін нәтижелерін сипаттау керек. Мына жағдайларды еске ұстаңыз:

- мұғалім емес, оқушының іс-әрекетіне назар аудару;

- сабақты жоспарлау кезінде артық жүктеме қоспау;
- оқушылардың оқуын дәлірек бағалау;
- оқу мен оқытуға нақты баға беру.

3.Қолданылатын лексика мен фразаларды қоса алғанда, тілдік мақсаттарды анықтаңыз. Пәнге тән лексика мен терминологияны жазыңыз. Диалог үшін пайдалы сөздер тізімін жасаңыз.

4.Құндылықтарды дарытуды жоспарлаңыз. Кіріктірілген білім беру бағдарламасының құндылығын көрсетіңіз, «Мәңгілік ел» бағдарламасынан осы сабақ бағытталған ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтаңыз.

5.Пәнаралық байланысты көрсетіңіз және сабақта пәнаралық интеграция қалай жүзеге асырылады (іс-әрекет және/немесе мазмұн арқылы). Информатика сабақтарында пәнаралық байланыс оқушылардың қызығушылығын және оқыту сапасын арттыруға көмектеседі, оқушылардың ғылыми ойлау стилін дамытуға ықпал етеді, оқу пәндеріне кешенді көзқарасты қалыптастырады, оқушылардың ой-өрісін кеңейтеді, шығармашылық мүмкіндіктерін дамытуға ықпал етеді, бағдарламалық материалды терең ұғынуға және меңгеруге көмектеседі, оқушыларды ғылыми-зерттеу қызметіне бейімдейді.

7-сыныптағы «Компьютерлік желілер және олардың жіктелуі» тақырыбындағы сабақтың қысқа мерзімді жоспарының мысалы

<b>Бөлім 3 – Желі және қауіпсіздік</b>	<b>Мектеп</b>	
<b>Мерзімі</b>		
<b>Сынып 7</b>	<b>Қатысқандар саны:</b>	<b>Қатыспағандар саны:</b>
<b>Тақырыбы</b>	Компьютерлік желілер және олардың жіктелуі	
<b>Осы сабақ арқылы іске асатын оқыту мақсаттары</b>	7.1.3.1 компьютерлік желілерді жіктеу	
<b>Сабақтың мақсаты</b>	<p><b>Барлық оқушылар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- желі, компьютерлік желі, байланыс арнасы, ақпарат беру жылдамдығы ұғымын біледі және түсінеді.</li> </ul> <p><b>Оқушылардың көпшілігі:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- желі түрлерінің кемшіліктері мен артықшылықтарын түсінеді.</li> </ul> <p><b>Кейбір оқушылар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- компьютерлік желілердің түрлері және оларды қолдану мақсаты анықтайды.</li> </ul>	
<b>Бағалау критерийлері</b>	<p><b>Білім алушылар:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- "жергілікті желі" және "желі топологиясы" ұғымын түсінеді»;</li> <li>- компьютерлік желілерді жіктеудің кемінде үш негізінің сипаттамасын келтіреді;</li> <li>- компьютерлік желілерді пайдаланудың кем дегенде екі артықшылығын / кемшіліктерін атап көрсетеді;</li> <li>- компьютерлік желіні ұйымдастыру мәселелерінде жеке тәжірибе негізінде өз пікірін тұжырымдайды және негіздейді.</li> </ul>	

<b>Оқытудың тілдік мақсаты</b>	<b>Пәнге қатысты лексика және терминология</b> Компьютерлік желі, ғаламдық желі, жергілікті желі, корпоративті желі, аймақтық желі, желі топологиясы, шина, сақина, жұлдызша. <i>Диалог құруға / жазылымға қажетті сөздер топтамасы:</i> ... компьютерлік желі ... қолданылады, компьютерлік желі қолданылған уақытта... Компьютерлік желіні ұйымдастыру үшін ең жақсы таңдау...
<b>Құндылықтарға баулу</b>	<i>Құндылық:</i> Тапсырманы орындауда өзара келісім, жұптық (топтық) жұмыс кезінде бір-біріне деген құрмет. Оқушылар қызметінің нәтижелерін талқылай отырып, ұжымдық, топтық және жеке жұмыс түрлерін кезектестіру кезінде мәдени құндылықтарды, сыйластықты, ынтымақтастықты, еңбек пен шығармашылықты дарыту, бұл Мәңгілік Ел құндылықтарының бірі: «Ұлттық қауіпсіздік және еліміздің жалпы әлемдік және аймақтық мәселелерді шешуге жаһандық қатысуы».
<b>Пәнаралық байланыс</b>	Ағылшын тілі, физика
<b>АКТ пайдалану дағдылары</b>	Операциялық жүйеде жұмыс істеу, ОЖ объектілерімен жұмыс істеу дағдылары.
<b>Алдыңғы білім</b>	Оқушылар сымсыз байланыс туралы және желіде ақпаратпен алмасуды біледі.

### Жоспардың негізгі бөлігін рәсімдеу

Қысқа мерзімді жоспарды дайындау кезінде мыналарды ескеру керек:

1. Оқушылардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін есепке алуға ерекше көңіл бөліңіз, себебі мұғалімнің оларды қанағаттандыруы оқушылардың үлгеріміне оң әсер етуі мүмкін.

2. Сабақ аясында әртүрлі тапсырмаларды жоспарлауға тырысыңыз. Бір сабақта төрт, бес немесе одан көп түрлі тапсырмаларды қолдануға болады. Интервалдарды ауыстырумен оқу қызметін ұйымдастырыңыз (10 минуттан артық емес).

3. Әрбір жоспарланған тапсырманың дәйекті түрде алдыңғы тапсырмадан шығып, сабақтың мақсатына/мақсаттарына қол жеткізуге бағытталатынына көз жеткізіңіз. Сұрақтар мен тапсырмаларды ауыстырып отырған жөн. Мысалы, оқушылар тапсырманы ауызша орындайды, содан кейін сынып осы тапсырманы жазбаша түрде орындайды. Бұл оқушыларға тапсырманы түсінуге көмектеседі, бір тақырыптан екіншісіне логикалық ауысуларды жүзеге асырады және олардың алдыңғы білімі мен дағдыларын бекітеді.

4. Сыныппен өзара әрекет ету стильдерін ойластыруға тырысыңыз, өзіңіздің сөз сөйлеу уақытыңызды нақтылаңыз.

5. Диалогтік оқыту негізінде оқу әрекеттерін жандандыруға көңіл бөліңіз, өйткені жаңартылған білім беру бағдарламасы оқыту мен оқытуға



конструктивтік тәсіл негізінде іске асырылады, оның мәні оқушыларды мұғаліммен де, бір-бірімен де диалог жүргізуге ынталандыру болып табылады. Өртүрлі сұрақтар қоюға ерекше назар аударыңыз.


6. Жеке, ұжымдық, топтық/жұптық жұмыс түрлерін, сыни ойлауды дамытуға бағытталған тапсырмаларды жоспарлау және кезектестіру қажет.



7. Сабақ жоспарында қалыптастырушы бағалауды техника мен әдістер арқылы жүзеге асыруды ойластыру керек.

3. Жоспар соңында білім алушыларға олардың нені үйренгенін білуге, өз жұмысын және басқа да оқушыларды бағалауға мүмкіндік беретін сұрақтар, тапсырмалар, сондай-ақ келесі сабақтың мақсаттарын анықтау қажет. Мысалы, 7-сыныпта «Компьютерлік желілер» тақырыбы үшін.

### Сабақтың барысы

Жоспарланған уақыт	Жоспарланған әрекеттер	Ресурстар
Сабақтың басы 2 мин	Ұйымдастыру сәті, психологиялық көңіл күй. Сабақтың басында жағымды эмоционалдық көңіл-күй жасау үшін "комплимент жаса" белсенді әдісі, ойын шарты: көршісіне күлімсіреу, қолын созу, атын айту және комплимент айту. Ұй тапсырмасын тексеру: Ұй тапсырмасын шағын тест арқылы тексеру.  ҚБ: бақылау, мадақтау	Қосымша 1 Тұсаукесер (слайд 1-2)
Сабақтың тақырыбы мен мақсаты. 2 мин  Мотивация 1 мин	Білімді өзектендіру. Мұғалім проблемалық жағдай жасайды, кейін оны бірнеше сұрақтар арқылы талқылайды. Балалар, біз тапсырыстарды орындаумен айналысатын «Жоба» деп аталатын фирманың қызметкері болып табыламыз. Әрбір қызметкердің жобаны орындауға қажет ақпаратты сақтайтын компьютері бар. Жұмыс барысында сізге фирманың қызметкері ретінде бір-бірімен ақпарат алмасуға, ортақ принтер мен сканерді пайдалануға тура келеді. Принтер мен сканер бүкіл бөлімге біреу ғана. Тапсырыс шұғыл. Біз оны орындайтынымызға сенімдімін. Мақсат қоюға мына сұрақтар қойылады: 1) жобаны орындау кезінде қандай проблемалар пайда болуы мүмкін? 2) сіз осы проблемаларды шешудің қандай нұсқаларын ұсына аласыз? ҚБ: бақылау, мадақтау. Талқылау қорытындысы бойынша мұғалім оқушыларды сабақтың тақырыбымен және мақсаттарымен таныстырады.	Слайд 3-6 Бейнематериал көру 1
Жаңа білімді зерттеу 15 мин	Сабақтың тақырыбы: Компьютерлік желілер Оқушылар сабақ материалын сәтті игергеннен кейін жергілікті желі мен ғаламдық желіні ажырата	Слайд 7-8  Оқулық

	<p>алатындығына назар аударады.  2 топқа бөлу («Мозаика» әдісі):  1 топ - «Жергілікті желі»  2 топ - «Ғаламдық желі»  Инсерт әдісі.  Оқушыларға ресурсты оқу ұсынылады.  Тапсырма - оқулықпен жұмыс  «Бұны Мен білемін», «Бұл Мен үшін жаңа» деген белгілерді жасау.  Содан кейін топтар Кластер құрады.  Кластерді қорғайды</p> <p>ҚБ: Әдіс «Екі жұлдыз, бір тілек» (1мин)  Сергіту сәті</p>	ватман, маркер, магнит								
<p>Жаңа тақырыпты практикалық шоғырландыру 10 мин</p>	<p>Жеке жұмыс  <i>A-деңгейі</i>  «Компьютерлік желілер» тақырыбында learningapps.org ресурсын қолдана отырып тест өткізу</p>  <p>ҚБ: Өзін-өзі бағалау  Бағалау критерийлері:  10 дұрыс жауап - «Мен толық білдім»  8-10 дұрыс жауап - «Мен жеткілікті білдім»  5-8 дұрыс жауап - «Жеткіліксіз»  5 немесе одан аз дұрыс жауап - «Мен тақырыпты түсінбедім»</p> <p><i>B-деңгейі</i>  Компьютерлік желілердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарын Венн диаграммасына салыңыз.  ҚБ: Өзара бағалау</p> <table border="1" data-bbox="395 1594 1177 1854"> <tr> <td data-bbox="395 1594 730 1644">Бағалау критерийі</td> <td data-bbox="730 1594 1177 1644">Дескриптор</td> </tr> <tr> <td data-bbox="395 1644 730 1697"></td> <td data-bbox="730 1644 1177 1697">Білім алушы</td> </tr> <tr> <td data-bbox="395 1697 730 1774">Компьютерлік желілердің негізгі сипаттамаларын білу</td> <td data-bbox="730 1697 1177 1774">Екі түрдің ұқсастықтарын табады</td> </tr> <tr> <td data-bbox="395 1774 730 1854"></td> <td data-bbox="730 1774 1177 1854">Екі түрдің айырмашылығын табады</td> </tr> </table> <p><i>C деңгейі</i>  Берілген түсініктерді қолданыстағы терминдермен байланыстырыңыз</p>	Бағалау критерийі	Дескриптор		Білім алушы	Компьютерлік желілердің негізгі сипаттамаларын білу	Екі түрдің ұқсастықтарын табады		Екі түрдің айырмашылығын табады	<p><a href="https://www.youtube.com/watch?v=k6_CfnnXCGc">https://www.youtube.com/watch?v=k6_CfnnXCGc</a></p> <p>Дұрыс жауабы жазылған слайд</p> <p>Постер, маркер, стикер</p> <p>диаграмма салынған таратпа қағаз</p>
Бағалау критерийі	Дескриптор									
	Білім алушы									
Компьютерлік желілердің негізгі сипаттамаларын білу	Екі түрдің ұқсастықтарын табады									
	Екі түрдің айырмашылығын табады									

	 <p>ҚБ: Мұғалімнің қатысуымен өзара бағалау  -4- дұрыс жауап - «Тақырыпты толық түсіндім»  -2-3 дұрыс жауап – «Меңгердім, бірақ күмән бар»  -1 дұрыс жауап - «Тақырыпты түсінбедім»</p>	
<p>Сабақтың соңы 3 мин</p>	<p>Сабақты қорытындылау Рефлексия (2 мин)  Бүгінгі сабақ қаншалықты қиын болды?  Әдіс. Жетістік баспалдағы</p>  <p>Үй тапсырмасы: интернет желісінен желі құруға қажет құрылғылар туралы ақпарат табыңыз. Жергілікті желілерді ұйымдастыру үшін қажетті жабдықтар тізімін дәптерге жазыңыз.</p>	<p>Слайд 12</p>

### Жоспардың қорытынды бөлігін ресімдеу

1.Ұсынылып отырған оқу жоспарының сабақ шаблонында қосымша ақпарат қарастырылған: «Дифференциация», «Бағалау», «Пәнаралық байланыс», «Денсаулық және қауіпсіздік», «Құндылықтармен байланыс». Бұл тармақтар сабақтың конспектісі мазмұнында жоспарланады.

2.Сабақты өткізгеннен кейін рефлексияға көңіл бөлу қажет. Бұл өтілген сабақтың артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтауға және сабақты одан әрі тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді.

Дифференциация	Бағалау –	Денсаулық сақтау және қауіпсіздік техникасы
----------------	-----------	---

Топтарға бөлу. Күрделілігі әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар. Критерий бойынша бағалау. Оқушылардың жеке қажеттіліктерін есепке алу. Қорытындыны оқушылар өздерінің күшті және әлсіз жақтарына байланысты жасайды.	<b>Қалыптастырушы бағалау</b> 1) сабақ барысында мұғалім балаларды мадақтау арқылы қолдайды. Өзін-өзі бағалау, өзара бағалау. Рефлексия.	Психологиялық көңіл-күй, физминут.
---	---	------------------------------------

*CLIL әдістемесі* - пәнді және тілді кіріктіріп оқыту барысындағы басты нәтиже оқушылардың ғылыми-жаратылыстану бағыты пәндерінен алған білімдері емес, тілді мақсатты меңгеруі (біздің жағдайымызда – ағылшын тілі) болып табылады. Аталған ұстанымдарды кіріктіріп оқытуда жүзеге асыру үшін арнайы әдістер мен педагогикалық технологиялар әзірленген және қолданысқа енгізілуде. [10]

### Үштілділік CLIL-технологиясын пайдалану сабағының қысқамерзімді жоспар үлгісі

#### Lesson plan

<b>Long-term plan section / Ұзақ мерзімді сабақ жоспары:</b> <b>Networks and security/ Желі және қауіпсіздігі</b>		<b>School / Мектеп:</b> <b>№29, Pavlodar</b>	
<b>Date / Күні:</b>		<b>Teacher's name: / Мұғалім :</b> <b>Скляренко А.В.</b>	
<b>Grade: / Сынып: 7</b>		<b>Number present / Қатысқаны:</b>	<b>Absent / Қатыспағаны:</b>
<b>Professional development objective / Біліктілікті арттыру мақсаты</b>	<b>The development of skills of a high level of student learning through hpractice – oriented tasks using elements of blended learning / Аралас оқыту элементтерін қолдана отырып, практикаға бағытталған тапсырмалар арқылы оқушылардың жоғары деңгейлі дағдыларын дамыту.</b>		
<b>Theme of the lesson: / Сабақтың тақырыбы</b>	<b>Computer networks and their classification/ Компьютерлік желі және олардың жіктелуі.</b>		
<b>Learning objectives that are achieved at this lesson / Сабақта қол жеткізетін оқыту мақсаты</b>	7.1.3.1-classify computer networks / 7.1.3.1 компьютерлік желілердің жіктелуі.		
<b>Lesson objectives / Оқу мақсаты</b>	-компьютерлік желілерді типі бойынша жіктеуді; /классифицировать компьютерные сети по типу;		

<b>Assessment Criteria / Бағалау критерийі</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- «компьютерлік желі» ұғымына анықтама береді;</li> <li>- желілік топологияға анықтама береді;</li> <li>- компьютерлік желінің әр түрін қолданудағы кем дегенде екі пайдасын/ кемшіліктерін атайды;</li> <li>- алынған ақпарат көздерін көрсете отырып, компьютерлік желілерді ұйымдастыру түрлері мен сипаттамаларының ұсынады;</li> </ul>
<b>Language objectives / Тілдік мақсаты</b>	<p><b>Students can/ Оқушылар істей алады:</b> компьютерлік желілердің әртүрлі ерекшеліктеріне сәйкес жіктеу түрлерін сипаттаңыз.</p> <p><b>Vocabulary / Лексика және терминология:</b> Компьютерлік желі, жергілікті желі, ауқымды желі, компьютерлік желілердің топологиясы, топологияның «сақина» түрі, топологияның «жұлдыз» түрі, топологияның «шина» түрі;</p> <p><b>Set of useful phrases for dialogue / writing / Диалогқа/ хатқа арналған пайдалы сөйлемдер жиынтығы</b> Жіктелуі ... түрлері бойынша ... Артықшылығы/ кемшілігі...болып табылады... Компьютерлік желіні пайдалану үшін ұсынылады ... себебі</p>
<b>Assimilation of values / Құндылықтары</b>	<p>Сабақтың мақсаты сыйластық құндылықтарын оятуға бағытталған, еңбек және шығармашылық, топ және жұптық жұмыстардың түрлері, міндетті түрде ұжымдық талқылау, сабақты бұл ұйымдастыру формасы оқушылардың арасында креативті және сыни тұрғыдан ойлана білетін, мейірімді және көпшіл тұлға ретінде қалыптасуға бағытталған.</p> <p>7.1В бөліміне сәйкес оқушылардың тұрақты теориялық білім мен практикалық дағдыларын қалыптастырады.</p> <p>Желілер мен қауіпсіздік оқушыларға оқу және кәсіби міндеттерді шешу үшін АКТ құралдарын тиімді және кәсіби түрде пайдалану арқылы денсаулық сақтау технологияларын міндетті түрде пайдалануға мүмкіндік береді.</p>
<b>Cross curricular links / Пән аралық байланыс</b>	<p>Валеология – экрандармен жабдықталған құрылғылармен жұмыс кезінде денсаулықты сақтау.</p> <p>Физика – электр сигналдары, деректерді беру арналарының физикалық сипаттамалары.</p> <p>Ағылшын тілі – терминдер, CLIL технологиясы.</p>
<b>ICTskills / АКТ дағдылары</b>	<p>Интернетке қосылған, веб-браузерлер орнатылған ноутбукті (дербес компьютерді) қолдану: зерттеу аясында ақпарат жинау, оның нәтижесі топтық жұмыстың нәтижелері жазылған постер болады./</p>
<b>Previous learning / Алдыңғы білім</b>	<p>Желілік ресурстармен жұмыс істеу негіздері (5-6 сыныптар); «Желелік бума» (ортақ бумаға қолжетімді) ұғымы; (5 сынып) Сымсыз байланыстың артықшылықтары мен кемшіліктері (6 сынып).</p>
<b>Lesson course / Сабақ барысы</b>	

<b>Planned stages of the lesson / Сабақтың жоспарлау кезеңдері</b>	<b>Types of planned exercises in the classroom / Сабақта жоспарланған жаттығулардың түрлері</b>	<b>Resources / Ресурстар</b>
<p><b>Beginning / Сабақты бастау</b> <b>5 min</b></p>	<p>- <i>Hello girls! Hello boys! I greet you in computer science class / Сәлем қыздар! Сәлем балалар! Информатика сабағына қош келдіңіздер!</i></p> <p><b>CLIL technique: speaking skills</b></p> <p><b>Psychological attitude for the lesson / Сабаққа психологиялық көңіл-күй орнату:</b></p> <p><b>Active learning method "Make a compliment» / «Мақтау айту» тәсілі</b> Оқушылар шеңберге тұрады. Ойынның шарты. Көршілеріне күлімдеу, қол созу, есімін айту және комплиментті ағылшынша айту.</p> <p>You look wonderful/ Сіз керемет көрінесіз! You look splendid. /Сіз тамашасыз! You are beautiful. /Сіз әдемі (қызсыз)/ You are handsome. /Сіз әдемі ұлсыз You look well/good. Сіз әдемі көрінесіз - Excellent! Begin our lesson! Өте жақсы. Біз сабақты бастаймыз.</p> <p><b>The output on the lesson / Сабақтың тақырыбына шығу</b></p> <p><b>Әдіс: «4 сурет – 1 сөз»</b> <b>Мақсат:</b> оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамыту.</p> <div data-bbox="523 1375 1002 1637" data-label="Image"> </div> <p>Жауабы: компьютерлік желі, интернет желісі</p> <p><b>CLIL technique: speaking skills/ ( сөйлеу дағдылары)</b> <b>Updating of reference knowledge / Білімді жаңарту</b></p> <p><b>Әдіс/ « Сұрақ – жауап»</b> <b>Мақсат:</b> 1.Мұғалім оқушылармен келесі сұрақтарды талдайды:</p>	<p>Презентация</p> <p>Презентация</p>

1)What words do you associate with the word "network"? / Сіз «желі» сөзімен қандай сөздерді байланыстырасыз?/

2)What types of computer networks do you know? / Сіз компьютерлік желінің қандай түрлерін білесіз?

2. Суретке қарап анықтаңыз:

Компьютерлік желілердің қай түріне жатады. (Wi – Fi, Bluetooth, бұнын бәрі сымсыз желі).



3.Алдарыңызда құрылғылардың суреттері берілген, осы суреттерді ағылшын тілінде айту керек (smartphone, laptop, computer, smart TV).

Сымсыз желілердің өтуінің екі түрін атаңыз?



Сымсыз желі және олардың қолдану аймақтарына өз мысалыңызды келтіріңіз. (мысалы: wimax– теледидарды қашықтан басқару)

- Well done! You did it! Today we will continue to study computer networks and learn many interesting things. / Жарайсың! Бүгін біз компьютерлік желілерді оқу және көптеген қызықты нәрселерді үйренуді жалғастырамыз.

- On the blackboard, you can see the learning goal of our lesson. Please set a goal for yourself in the lesson./ Тақтада сіз сабақтың мақсатын көресіз, әрбіреуіңіз сабақта өз мақсаттарыңызды қойыңыздар.

Презентация

Презентация

**Middle /  
Сабақтың  
ортасы  
30 min**

**CLIL technique: speaking skills /Сөйлеу дағдылары  
New lesson terms / Жаңа ұғымдар**

network	желі
Personal area network	қолданушы желісі
local area network	жергілікті желі
metropolitan area network	қалалық желі
topology	топология
global area network	ауқымды желі
ring	сақина
bus	шина
star	жұлдыз
tree	бұтақ

Желі турал  
оқу  
quizlet.com/  
\_5m94hj





	<p><b>Тапсырма.</b></p> <p>Интернет-ресурстарды пайдаланып, желінің әр түрінің артықшылығы мен кемшіліктерін сипаттаңыз (әр топтың өз желісі бар).</p> <p>1 топ- жергілікті/ 1 группа – локальная  2 топ- аймақтық / 2 группа – региональная  3 топ- ауқымды /3 группа – глобальная</p> <p>Топтың ішінен бір адам тақтаға шығып қорғайды.</p> <p><b>Дескриптор:</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- желінің әр түрінің артықшылықтары мен кемшіліктерін дұрыс анықтайды;</li> <li>- кластер түрінде жауап дайындайды.</li> </ul> <p><b>Қалыптастырушы бағалау: «Редакциялық алқа» /</b>  <b>Мақсаты:</b> сыныптастарының жұмысын бағалау, материалды толықтыру.</p> <p><b>2-тапсырма</b>  <b>Әдіс «Пазл»</b>  <b>Мақсаты:</b> оқушылар мәтіннен ақпаратты табуға және оны жұмыста қолдануға үйрету.  <b>Саралау әдістері:</b> топтың диалог құруына қолдау жасау.  <b>Бағалау критерийлері:</b> әртүрлі желілердің артықшылықтары мен кемшіліктерін сипаттайды. /  <b>Ойлау дағдыларының деңгейі:</b> түсіну, қолдану. /</p> <p><b>Тапсырма</b></p> <p>Мұнда үш желілік топология, сонымен қатар бірнеше артықшылықтар мен кемшіліктер бар. Олардың әрқайсысына қандай артықшылық пен кемшілік қолданылатынын анықтап, оны суретіне жабыстырыңыз. (қосымша дереккөздерді, оқулықтарды, интернет-ресурстарды пайдалану).</p> <p><b>Дескрипторлар</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- жұлдыз топологиясының артықшылықтары мен кемшіліктерін дұрыс анықтайды;</li> <li>- шина топологиясының артықшылықтары мен кемшіліктерін дұрыс анықтайды;</li> <li>- сақина топологиясының артықшылықтары мен кемшіліктерін дұрыс анықтайды;</li> </ul> <p><b>Қалыптастырушы бағалау: «Кілтті тексеру»</b>  <b>Мақсаты:</b> тиімді кері байланысты қамтамасыз ету  Сергіту сәтті. / Физ. минутка</p> <p><b>3-тапсырма</b></p>	<p>Приложение 3, карточки, изображения топологии сети (приложение 1)</p> <p>ДК</p>
--	--	--

	<p><b>Әдіс: Практикалық жұмыс.</b>  <b>Мақсаты:</b> компьютермен жұмыс істеу дағдыларын нығайту.  <b>Саралау әдістері:</b> диалог құруына қолдау жасау. /  <b>Бағалау критерийлері:</b> компьютерлік сынып желісінің топологиясын анықтайды  <b>Ойлау дағдыларының деңгейі:</b> түсіну, қолдану. /</p> <p><b>Тапсырма</b>  MS Word мәтіндік процессордың графикалық мүмкіншіліктерін пайдалана отырып информатика кабинетіндегі компьютерлік желіні құрайды.</p> <p><b>Дескриптор</b>  - информатика кабинетінде желі сызбасын құрады.  - мәтіндік процессордың мүмкіншіліктерін қолдана алады.  - информатика кабинетіндегі желі топологиясын дұрыс көрсетеді.</p> <p><b>Қалыптастырушы бағалау:</b> «Өзара бағалау» /  <b>Мақсаты:</b> тиімді кері байланысты қамтамасыз ету. /  <b>Қалыптастырушы бағалау тапсырмасы.</b> «Сақина» топологиясын алу үшін компьютерлерді қызыл қарындашпен, ал көк түсті қарындашпен «жұлдыз» топологиясын қосыңыз.</p> <p><b>Дескриптор:</b>  - компьютерлерді «Сақина» желілік топологиясына дұрыс қосады;  - компьютерлерді «Жұлдыз» желілік топологиясына дұрыс қосады;  Оқушылар тестті тақтадағы кілт бойынша тексереді.</p> 	4-қосымша
<p><b>End/ Сабақтың соңы 5 min</b></p>	<p><b>«Үш минуттық үзіліс» әдісі.</b>  <b>Мақсаты:</b> сабақта өтілген материалды қорытындылау. Мұғалім оқушыларға үш минуттық үзіліс ұсынады, бұл оқушыларға сабақтың түсініктері, идеялары туралы ойлауға, алдыңғы материалмен, біліммен және</p>	

	<p>тәжірибемен байланыстыруға, түсініксіз тұстарды табуға мүмкіндік береді.          Мен көзқарасымды өзгерттім.....          Мен көбірек білдім.....          Мен таң қалдым.....          Мен сезіндім .....</p> <p>Мен жақсы сезіндім.....          Үй тапсырмасы.  <a href="https://learningapps.org/display?v=pk2v5b1o301">https://learningapps.org/display?v=pk2v5b1o301</a></p>	
<p><b>Differentiation – how do you plan to give more support? How do you plan to challenge them or eable learners?</b> / Саралауды - сіз қалай көбірек қолдауды көрсеткіңіз келеді? Қандай тапсырмаларды сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға бересіз?</p>	<p><b>Assessment – how are you planning to check learners’ learning?/</b> Бағалау-оқушылардың материалды игеру деңгейін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</p>	<p><b>Health and safety /</b> Денсаулық және қауіпсіздік техникасын қорғау.</p>
<p>1. Қолдау деңгейі бойынша (ресурстармен жұмыс)</p>	<p>1.Шаблон бойынша өзін-өзі бағалау.          2.Қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын орындау          3. Рефлексия нәтижелері бойынша тапсырмалардың нәтижелері бойынша кері байланыс.</p>	<p>Кабинетте жұмыс істеудің техника қауіпсіздік ережесі, Психологиялық жайлы орта қалыптастыру.</p>

Сабаққа қосымша материалдар мен көрнекіліктер 2-қосымшада берілген

Білімалушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі білім беру мазмұнын жаңартудың ажырамас бөлігі болып табылады.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесінде бағалау білім алушылардың нақты қол жеткізген оқу нәтижелерінің қалыптасқан өлшемдер негізінде күтілетін оқу нәтижелерімен арақатынасының процесі ретінде айқындалады.

Берілген Үлгілік ережелер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2018 жылғы 14 маусымдағы «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» №272 бұйрығымен бекітілген [11].

Критериалды бағалау жүйесі бағалау критерийлері негізінде білім алушыларды оқыту нәтижелері туралы объективті ақпарат алуға және оны оқыту процесін одан әрі жетілдіру үшін барлық мүдделі қатысушыларға ұсынуға бағытталған.

Критериалды бағалау жүйесі келесі міндеттерді іске асыруға мүмкіндік береді:

- білім беру қызметінің сапасын арттыруға ықпал ететін объективті және ашық бағалау жүйесінің жұмыс істеуі;

- халықаралық тәсілдер мен стандарттарға сәйкес келетін бағалаудың бірыңғай және сапалы тетіктерін қалыптастыру;

- бағалау қызметіндегі мұғалімдердің біліктілігін арттыру;

- өз бетінше білім алу дағдыларын үйрету және білім алушылардың өз оқуы үшін жауапкершілігін арттыру үшін жағдай жасау;

- объективті, үздіксіз және сенімді ақпарат беру: білім алушыларға – олардың оқу сапасы туралы, мұғалімдерге – білім алушылардың прогресі туралы, ата-аналарға – оқу нәтижелеріне қол жеткізу дәрежесі туралы, басқару органдарына-ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасы туралы [12].

Оқытудың белсенді әдістерін қолдану басқа пәндер сияқты, информатика сабақтарында критериалды бағалау жүйесін қолдануға әкеледі.

Алдын ала белгілі критерийлермен оқушылардың жұмыстарын бағалау, бағалау критерийлерін оқыту мақсатының нақты көрінісімен салыстыру, білім алушының үлгерім деңгейін анықтауға мүмкіндік беретін дескрипторлар критериалды бағалаудың негізгі элементтері болып табылады.

Критериалды бағалау білім алушының дайындық деңгейін, бағдарламаның оқу мақсаттарын орындау қабілетін анықтауға, оның жеке дамуының табыстылығын бақылауға, оқу процесіндегі қателіктер мен кемшіліктерді анықтауға, оқу бағдарламасының тиімділігін талдауға, бағалаудың әділ болуын қадағалауға, оқушы, мұғалім, ата-аналар арасында кері байланыс орнатуға көмектеседі.

Критериалды бағалаудың ерекшеліктері:

- білім алушының жұмысы алдын ала белгілі критерийлер бойынша бағаланады;

- оқушының жұмысы ғана бағаланады;

- өлшемдерге негізделген баға мұғалімге білім алушының білім деңгейін анықтауға көмектеседі;

- білім алушы өз білімінің деңгейін анық көреді;

- кері байланыс орнатылады;

- білім алушылардың жетістіктері әділ бағаланады;

Мұғалімдердің алдында маңызды міндет - қазіргі әлемде өзін-өзі жетілдіріп, жүзеге асыра алатын оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту тұр.

Білім беру мазмұнын жаңарту мұғалімнен сыныптағы іс-әрекетті ұйымдастыруды талап етеді, балаларға іс-әрекет технологияларын енгізеді, адамгершілік көзқарас қағидатын іске асыру арқылы әрбір оқушының жеке қабілеттерін және шығармашылық көзқарасын дамытуды қамтамасыз етеді.

Білім беруді критериалды бағалау үдерісіне қатысатын:

- мұғалімдер үшін – оқыту сапасын жақсарту, олардың жеке дағдылары мен ерекшеліктерін ескере отырып, білім алушылардың жеке траекторияларын құру;

- білім алушылар үшін – білім беру стильдерінің алуан түрлілігін пайдалану, ойлау және ерік білдіру дағдыларын пайдалану, табысқа жету үшін өз бетімен білім алу нәтижелерін болжау, білімді нақты міндеттерді шешу үшін пайдалану, өз көзқарасын білдіру, сыни ойлау.

- ата-аналар үшін – өз баласының білім алу деңгейінің объективті дәлелдерін алу, баланы оқытудағы прогресті қадағалау, баланың оқу процесінде қолдау көрсету, мұғалімдермен және мектеп әкімшілігімен кері байланыс орнату, баланың сыныптағы және мектептегі жайлылығы үшін сенімді және тыныш болу.

Критериалды бағалауда үш өзара тәуелді бағалау түрі қолданылады:

- диагностикалық бағалау;
- қалыптастырушы бағалау;
- жиынтық бағалау.

Диагностикалық бағалаусыз мұғалім тиісті деңгейде қалыптастырушы бағалауды қолдана алмайды. Ал сабақта қалыптастырушы бағалау сапасы жиынтық бағалау нәтижелеріне әсер етеді. Бағалау кезінде осындай бірізділікті сақтай отырып, оқытудың жоғары деңгейіне қол жеткізуге болады.

*Диагностикалық бағалау* – бұл оқушының білім, білік және дағды мен құзыреттілігін қалыптастырудың бастапқы деңгейін анықтау. Диагностикалық бағалау әдетте оқу жылының басында немесе тақырыптың, оқу бөлімінің, тарауының бірінші сабағында жүргізіледі. Диагностикалық бағалау қажеттілігі «Жақын даму аймағына» сәйкес оқушының мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне барабар оқу және оқу процесін болжау қажеттілігімен анықталады. Ең жақын даму аймағы - Л.С.Выготский енгізген ұғым. Психологиялық дамудың тартылу процесін сипаттайды. Бұл бағалау бөлімге немесе тақырыпқа кіруде, алдыңғы сауалнама немесе тестілеу түрінде білімді өзектендіру мақсатында жүргізіледі. Ол мұғалімге оқушылардың қажеттіліктерін ескере отырып, оқу жоспарын түзетуге, оқыту мен оқуда әлеуетті қиындықтарды болжауға және жеңуге мүмкіндік береді.

Оқытудағы неғұрлым кең қолданылатын бағалаудың екі түрі – бұл қалыптастырушы және жиынтық бағалау, олар бір-бірін толықтырады: қалыптастырушы бағалау оқу процесінде үлгерімді тексереді – оқу үшін бағалау, ал жиынтық бағалау «қорытынды баға» - оқытуды бағалау болып табылады.

Қалыптастырушы бағалау:

- әр сабақта күн сайын қолданылады;
- оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі, ол жеке сабақ емес;
- әр оқушының білімін жақсарту үшін жағдай жасайды;
- оқылғанды түсіну қалыптастырушы бағалаудың әртүрлі тәсілдерін қолдана отырып, бір сабақ барысында бірнеше рет тексеріледі;
- белгі қою үшін емес, проблемаларды анықтау мақсатында жүргізіледі;

- нәтижелері оқыту процесін жоспарлауда қолданылады;
- тәсілдерінің әмбебаптығы мен әртүрлілігі әртүрлі сабақтарды жоспарлауға мүмкіндік береді, бұл өз кезегінде оқушылардың оқу үдерісіне уәждемесі үшін шарт болып табылады.

*Қалыптастырушы бағалау* – бұл мұғалімнің күнделікті жұмыста бес компонентті жоспарлы және жүйелі пайдалануы:

- оқушылардың өз оқу үдерісіне белсенді қатысуы;
- ұғыну және өзара бағалау;
- кері байланыс;
- оқушылардың ынталануына бағалаудың әсері;
- оқыту процесін түзету.

Білім алушылардың тиімді және қажеттіліктеріне сәйкес келетін қалыптастырушы бағалау процесін жоспарлау үшін мұғалімге форматын, мазмұны мен жиілігін, сондай-ақ қалыптастырушы бағалау құралдарын өз бетінше анықтауға мүмкіндік береді.

*Оқушылардың өз оқу үдерісіне белсенді қатысуы.* Оқушылар белсенділігінің бірнеше бағыттары бар. Олар: оқу мақсаттарын, күтілетін нәтижелерді түсіну; оқушылардың бағалау өлшемдерін білуі және түсінуі; мұғалімнің оқыту тәсілдерін дұрыс таңдауы.

*Оқушылардың бағалау критерийлерін білуі және түсінуі.* Өлшемдерді әзірлеу бағалау процесін ашық және барлығына түсінікті етеді. Оқушылармен бірлесіп жасалған жұмыс бағалауға оң көзқарасты қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Бағалау критерийлерімен жұмыс істеу реті келесі қадамдарды болжайды:

1. Бағалау критерийлерін әзірлеу мұғалім немесе оқушылармен бірге жүзеге асырылады.
2. Жұмысты орындау басталғанға дейін оқушыларға критерий мазмұнын ұсыну және қажет болған жағдайда түсіндіру.
3. Әзірленген бағалау критерийлері негізінде жұмысты орындау.
4. Жұмысты ұсыну (оқу, қайта жазу, сұрақтарға жауап беру, презентация және т.б.).
5. Мұғалімнің, оқушылардың жұмыстарды бағалау критерийлеріне сәйкес бағалауы (өзін-өзі бағалау, өзара бағалау).

Бағалау критерийі білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау негізінде жүргізілетін белгі. Сондықтан пән бойынша қалыптастырушы бағалау тапсырмаларын құрастыру кезінде бағалау критерийлерінің оқыту мақсаттарына сәйкестігін анықтау маңызды болып табылады. Өлшемдер оқытудың әрбір мақсатына әзірленеді және оқушылар білуі, түсінуі және әр кезеңде қалай қолдану, талдау, синтездеу және бағалау керектігін көрсетеді. «Информатика» оқу пәні бойынша оқыту мақсатына сәйкес әзірленген бағалау критерийлері бөлімдер бойынша 19-кестеде көрсетілген.

19-кесте. Білімалушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың критерийлері

1 бөлім Компьютерлік жүйелер		
Сынып	Оқыту мақсаттары	Бағалау критерийлері
5	<p>5.1.1.1 ақпаратты цифрлық тасымалдау құралдарын сипаттау</p> <p>5.1.3.1 ортақ пайдалану файлдарын орналастыру, редакциялау, жүктеу</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- цифрлық тасымалдау құралдарының түрлерін атайды;</li> <li>- құралдардың қызметі бойынша атауын анықтайды.</li> <li>- ортақ пайдалануға рұқсат етілген бумадағы файлдарды жүктейді;</li> <li>- файлдарды таңдау/көшіру/ жүктеу үшін бастапқы буманы көрсетеді;</li> <li>- ортақ пайдалануға рұқсат етілген бумаға файлдарды орналастырады;</li> </ul>
6	<p>6.1.1.1 компьютерлік технологияның даму тарихы мен келешегі туралы әңгімелеу;</p> <p>6.1.1.2 компьютердің негізгі құрылғыларының өзара әрекеттесуін түсіндіру.</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- есептеу техникасының даму тарихын айтады;</li> <li>- есептеу техникасының болашақ дамуына сипаттама береді:</li> <li>- компьютердің негізгі құрылғыларын атайды;</li> <li>- компьютердің негізгі құрылғыларының өзара әрекеттесуін түсіндіреді.</li> </ul>
	<p>6.1.2.1 операциялық жүйелердің негізгі функцияларын атау;</p> <p>6.1.2.2 IDE (ай ди и) интерфейсінің мүмкіндіктерін қолдану</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- операциялық жүйелердің негізгі функцияларын атайды:</li> <li>- Windows операциялық жүйесінің негізгі элементтерін атайды және компьютерде көрсетеді;</li> <li>- IDE (ай ди и - интегрейтед девелопмент энвайронмент) интерфейсінің мүмкіндіктерін біледі және қолданады.</li> </ul>
	<p>6.1.3.1 сымсыз байланыстың артықшылықтарын түсіндіру</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- сымсыз байланыс ұғымын түсіндіреді;</li> <li>- сымсыз желілерді топология бойынша жіктейді;</li> <li>- сымсыз желілердің артықшылықтары мен кемшіліктерін атайды;</li> </ul>
7	<p>7.1.1.1 компьютердің жады түрлерінің мақсаттарын сипаттау (жедел есте сақтау құрылғысы, тұрақты есте сақтау құрылғысы, сыртқы жады, кеш-жады)</p>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- компьютердің жады түрлерінің (жедел есте сақтау, тұрақты есте сақтау құрылғысы, сыртқы жады, кеш-жады) қызметін сипаттайды;</li> <li>- жадының қызметі бойынша атын анықтайды;</li> </ul>

	7.1.2.1 бірдей ақпаратты сақтайтын түрлі форматтағы файлдардың өлшемдерін салыстыру;  7.1.2.2 түрлі форматтағы мұрағаттарды жасау және ашу	- бірдей ақпарат сақталған түрлі форматтағы файлдардың өлшемдерін анықтайды; - бірдей ақпарат сақталған түрлі форматтағы файлдардың өлшемдерін салыстырып қорытынды жасайды; - мұрағаттаудың әр түрлі бағдарламаларын пайдаланып түрлі форматтағы мұрағаттарды жасайды және ашады ;
	7.1.3.1 компьютерлік желілерді жіктеу	- компьютерлік желінің түрін анықтайды; - жергілікті және ауқымды желілерді сипаттайды; - компьютерлік желілердің сыммен және сымсыз түрлерін жіктейді;
8	8.1.1.1 процессордың функцияларын және оның негізгі сипаттамаларын қарапайым деңгейде түсіндіру	- процессордың сипаттамаларын атайды; - процессордың ішкі құрылғыларының қызметін анықтайды;
	8.1.3.1 желінің өткізу қабілетін анықтау	- желінің өткізу қабілетін анықтайды (ақпарат мөлшерін есептеу формуласын көрсетеді; символдардың ақпараттық көлемін анықтайды; берілген алфавиттегі символдардың ең көп санын есептеп табады): -файлды жібері уақытын есептейді;
9	9.1.1.1 мақсатына байланысты компьютердің конфигурациясын таңдау	- “компьютер конфигурациясы” ұғымын түсіндіреді; - компьютердің базалық конфигурациясын атайды; - мақсатына байланысты компьютердің конфигурациясын таңдайды;
	9.1.2.1 пайдаланушының қажеттілігіне қарай программалық жасақтаманы таңдау	- “компьютердің бағдарламалық жасақтамасы” ұғымын түсіндіреді; - компьютердің бағдарламалық жасақтамасының түрлерін атайды; - пайдаланушының қажетіне қарай бағдарламалық жасақтаманың түрлерін таңдайды;
	9.1.3.1 бұлтты технологияларды қолданатын құжаттармен бірлескен жұмысты жүзеге асыру	- бұлтты қоймада құжаттарды сақтайды; - құжатпен бірлесіп жұмыс істеу үшін сілтемелер дайындайды; - бұлтты қоймадағы әр түрлі құжатпен жұмыс істейді;
2 бөлім Ақпараттық процестер		
5	5.2.1.1 әртүрлі ақпарат түрлерінің мысалдарын келтіру және ақпаратты әртүрлі нысандарда ұсыну;	- ақпараттың әр түріне мысалдар келтіреді; - берілген ақпаратты әр түрлі нысанда ұсынады;



5	<p>5.2.1.2 байланыс арналары, ақпарат көздері және қабылдағыштарының мысалын келтіру;</p> <p>5.2.1.3 мәтіндік ақпаратты кодтау және декодтау;</p> <p>5.2.1.4 компьютерге арналған барлық ақпарат екілік көрініс түрінде ұсынылғанын түсіндіру</p>	<p>- "ақпарат көзі", "ақпарат қабылдаушы", "байланыс арналары" ұғымдарын ажырата алады;</p> <p>- ақпарат көзі, ақпарат қабылдаушы, байланыс арналарына мысалдар келтіріледі;</p> <p>- екілік код деген не екенін түсіндіреді;</p> <p>- кодтау кестесін пайдаланып мәтінді кодтайды және декодтайды;</p> <p>- екілік кодтың разрядына анықтама береді;</p> <p>- компьютерде өңделетін барлық ақпараттың екілік кодта берілетінін түсіндіреді</p>
	<p>5.2.2.1 басып шығару үшін құжатты тиімді ұйымдастыру (бет параметрлерін орнату, алдын ала қарауды орындау);</p> <p>5.2.2.2 растрлық кескіндерді жасау және өңдеу;</p> <p>5.2.2.3 векторлық суреттер жасау және өңдеу;</p> <p>5.2.2.4 растрлық және векторлық графиканың артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау</p>	<p>- құжатты баспаға дайындайды;</p> <p>- бет параметрлерін орнатады;</p> <p>- құжатты алдын ала қарайды;</p> <p>- құжатты баспаға шығарады;</p> <p>- растрлық кескіндер жасайды;</p> <p>- растрлық кескіндерді өңдейді;</p> <p>- векторлық кескіндер жасайды;</p> <p>- векторлық кескіндерді өңдейді;</p> <p>- растрлық және векторлық кескіндердің айырмашылығын айтады;</p> <p>- растрлық және векторлық кескіндердің артықшылықтары мен кемшіліктерін айтады;</p>
6	6.2.2.1 сілтемелерді ұйымдастыру (гиперсілтемелер, мазмұн, тақырыптар, түсіндірмелер)	<p>- гиперсілтеме, мазмұн, тақырыптар, түсіндірмелер ұғымдарын ажыратады;</p> <p>- гиперсілтеме, мазмұн, тақырыптар, түсіндірмелер жасайды;</p> <p>- мәтіндік құжатта гиперсілтеме, мазмұн, тақырыптар, түсіндірмелерді дұрыс қолданады.</p>
7	<p>7.2.1.1 ақпаратты өлшеу бірліктері, ақпаратты бір өлшем бірлігінен басқаға аударуды жүзеге асыру</p> <p>7.2.2.1 мәтіндік процессордағы кестелерді пішімдеу;</p> <p>7.2.2.2 электрондық кестенің элементтерін пішімдеу;</p> <p>7.2.2.3 электрондық кестеде диаграммаларды жасау;</p> <p>7.2.2.4 электрондық кестеде шартты пішімдеуді қолдану;</p>	<p>- ақпаратты өлшеу бірліктерін атайды;</p> <p>- сандарды бір өлшем бірлігінен басқа өлшем бірлігіне аударды;</p> <p>- мәтіндік процессордағы кестелерді пішімдеу үшін стильдерді қолданады;</p> <p>- электрондық кестенің элементтерін пішімдейді;</p> <p>- электрондық кесте деректері бойынша диаграммалар жасайды;</p> <p>- диаграмманы пішімдейді;</p> <p>- деректерге сәйкес диаграмманың түрін таңдайды;</p> <p>- электрондық кестеде шартты пішімдеуді қолданады;</p>

	7.2.2.5 электрондық кестеде деректердің әртүрлі түрлерін қолдану; 7.2.2.6 электрондық кестеде есептеулер үшін формулаларды жасау	- электрондық кестеде деректердің әртүрлі түрлерін атайды; - электрондық кестеде есептер шығарғанда деректердің әртүрлі түрлерін таңдайды; - электрондық кестеде есептеулер үшін формулаларды пайдаланады;
8	8.2.1.1 ақпараттың көлемін анықтағанда алфавиттік тәсіл қолдану	- алфавиттегі символдар санын есептейді.
	8.2.2.1 электрондық кестелер мәселелерді шешу үшін түрлі деректер пішімдерін пайдалану; 8.2.2.2 абсолютті және салыстырмалы сілтемелерді пайдалану; 8.2.2.3 Электрондық кестелерді қолдану арқылы есептерді шешу үшін кірістірілген функцияларды пайдалану; 8.2.2.4 кестеде көрсетілген функциялардың графиктерін құрастыру	- есепті шешу үшін деректердің әр түрлері мен пішімдерін пайдаланады; - абсолюттік және салыстырмалы сілтемелерді қолданады; - электрондық кестенің кірістірілген функцияларын пайдаланады; - электрондық кестенің мәндері бойынша функцияның графикін құрады.
	9.2.1.1 ақпараттың қасиеттерін анықтау (маңыздылық, дәлдік, сенімділік, құндылық)	ақпараттың қасиеттері анықтайды (өзектілігі, маңыздылық, дәлдік, сенімділік, құндылық);
	9.2.2.1 "дерекқор, жазба, өріс" терминдерін түсіндіру; 9.2.2.2 электрондық кестеде деректер базасын жасау; 9.2.2.3 деректерді іздеу, сұрыптау және сүзгілеуді жүзеге асыру	- деректер базасы, жазба, өріс» ұғымдарын түсіндіреді; - электрондық кестеде деректер базасын құрады; - электрондық кестедегі деректерді іздеуді, сұрыптауды және сүзуді жүзеге асырады.
3 бөлім Компьютерлік ойлау		
5	5.3.3.1 роботтың бұрыштық бейімділігін анықтау үшін программалар жасау; 5.3.3.2 роботты көрсетілген градусқа бұру үшін программалар жасау; 5.3.3.3 робот қозғалысын ұйымдастыруға арналған түс датчигін қолдану; 5.3.3.4 Объектіні табу үшін ультрадыбыстық датчикті пайдалану	- роботтың бұрыштық бейімділігін анықтау бағдарламаларын жасайды; - роботты берілген градусқа бұруға арналған бағдарламалар жасайды; - робот қозғалысын ұйымдастыру үшін түс датчигін пайдаланады; - нысанды табу үшін ультрадыбыс датчигін пайдаланады.
	5.3.4.1 робот анықтамасын тұжырымдау; 5.3.4.2 роботтардың түрлерінің үлгілеріне және оларды қолдану салаларына мысал келтіру; 5.3.4.3 Робототехника саласындағы адамзаттың техникалық жетістіктеріне мысалдар келтіру;	- роботтың анықтамасын береді; - роботтардың түрлерін атайды және қолдану саласы бойынша топтастырады; - робототехника саласындағы адамзаттың техникалық жетістіктері туралы әңгімелейді;

	5.3.4.4 Гироскопиялық датчиктің жұмыс істеу принципін түсіндіру	- гироскопиялық датчиктің жұмыс принципін және оның қызметін сипаттайды	
6	6.3.1.1 3D-модельдер қолдану мысалдарын келтіру; 6.3.1.2 3D-редактордың мүмкіндіктерін сипаттау;	-3D-модельдердің қолдану мысалдарын келтіреді; - 3D редактордың қызметі мен негізгі элементтерін көрсетеді; - редакторға кіріктірілген объектілерді атайды; - 3D нысандарын қолдана және өңдей алады; - қарапайым нысандардың моделін жасай алады. - SketchUp мүмкіндіктерін талдайды және қорытынды жасайды.	
	6.3.1.3 3D-редакторының графикалық примитивтерді құруға арналған құралдарын пайдалану  6.3.1.4 айналу денелерін құру және оларды түрлендіру;  6.3.1.5 3D-редактордағы объектілердің модельдерін құру;  6.3.1.6 басып шығару үшін 3D-үлгіні экспорттау  6.3.1.7 3D- баспасын баптау.	- бағдарлама интерфейсін біледі; -графикалық примитивтер жасау үшін 3D-редактор құралдарының мүмкіндіктерін түсіндіреді; - графикалық примитивтер жасайды. - айналу денелерін жасайды және оларды түрлендіреді. - модельді 3D форматта ұсынады; - 3D редакторында үш өлшемді модельдерді жасау ретін көрсетеді; - 3D модельдерінің сипаттамаларын анықтайды; - үш өлшемді модельдерді модельдеу үшін 3D редактордың құралдарын пайдаланады; - басып шығару үшін 3D моделін экспорттайды; - 3D басып шығаруды баптайды.	
	6.3.2.1 Python (пайтон) тіліндегі сызықтық алгоритмдерді жазу	- сызықтық алгоритмнің анықтамасын біледі; -сызықтық алгоритмнің блок-сызбасын салады; -есеп шығаруда сызықтық алгоритмдерді Python программалау тілінде жазады.	
	6.3.3.1 деректер түрлерін жіктеу	- деректердің негізгі түрлерін біледі және оларды жіктейді;	
	7	7.3.2.1 Python (пайтон) программалау тілінде тармақталған алгоритмдерді жазу	сызықтық алгоритмнің анықтамасын біледі; - сызықтық алгоритмнің блок-сызбасын құрастырады; - есептерді шешу кезінде Python бағдарламалау тілінде сызықтық алгоритмдерді жазады.
		7.3.3.1 Python программалау тілінде файлды оқу және жазу; 7.3.3.2 Python программалау тіліндегі	-Python бағдарламалау тілінде файлды оқу және жазуды жүзеге асырады);

	кірістірілген шарттарды қолдану; 7.3.3.3 Python программалау тіліндегі күрделі шарттарды қолдану	- Python бағдарламалау тілінде есептерді шешу кезінде қабаттасқан шарттарды қолданады; Python бағдарламалау тілінде есептерді шешу кезінде құрама шарттарды қолданады;
8	8.3.1.1 Python программалау тілінде тапсырма модельдерін жасау	-Python бағдарламалау тілінде бағдарлама моделін құрады және әзірлейді;
	8.3.2.1 алгоритмнің трассировкасын жүзеге асыру	- трассировкалау кестесін толтырады;
	8.3.3.1 While (уайл) цикл операторын пайдалану; 8.3.3.2 For (фор) цикл операторын пайдалану 8.3.3.3 цикл басқару нұсқаулығын қолдану (continue (континю), break (брик), else (элс))	- бағдарламаларды әзірлеудің кіріктірілген ортасының компоненттерін пайдаланады;  - бағдарламаларды әзірлеудің кіріктірілген ортасында цикл операторын пайдаланады; - циклді басқару командаларын пайдаланады (continue, break, else)
9	9.3.1.1 Процесс моделдерін (физикалық, биологиялық экономикалық) электрондық кестеде әзірлеу және зерттеу	электрондық кестелерде процестердің (физикалық, биологиялық, экономикалық және басқа) модельдерін әзірлейді; - электрондық кестелердегі процестердің (физикалық, биологиялық, экономикалық және басқа) модельдерін зерттейді.
	9.3.2.1 сұрыптау алгоритмдерін қолдану	- сұрыптау алгоритмдерін қолданады ;
	9.3.3.1 Бір өлшемді массивтер пайдаланып Python (пайтон) программалау тілінде программалар жасау;	- программалауда бір өлшемді массивті пайдаланады;
	9.3.3.2 Екі өлшемді массивтер пайдаланып Python (пайтон) программалау тілінде программалар жасау;	- программалауда екі өлшемді массивті пайдаланады;
	9.3.3.3 PyGame (пайгейм) кітапханасын қосу;	- ойын дайындау үшін PyGame кітапханасын қосады;
	9.3.3.4 ойын терезесін жасау үшін PyGame (пайгейм) кітапханасының дайын модульдерін пайдалану;	- ойын терезесін жасау үшін PyGame (пайгейм) кітапханасының дайын модульдерін пайдаланады;
	9.3.3.5 Ойынның артқы фонын құру	-ойынның артқы фонын құрады;
	9.3.3.6 Ойынға арналған дайын кейіпкерлер жүктеу	-ойынға арналған дайын кейіпкерлерді жүктейді;
	9.3.3.7 Кейіпкер қозғалысын программалау	-кейіпкер қозғалысын программалайды ;
	9.3.3.8 пернетақтадан кейіпкерлерді басқару;	-пернетақтадан кейіпкерлерді басқарады;
	9.3.3.9 дайын сценарий бойынша ойын әзірлеу	-дайын сценарий бойынша ойын әзірлейді ;
9.3.3.10 ойынның нәтижелерін есептеу алгоритмін іске асыру	-ойынның нәтижелерін есептеу алгоритмін іске асырады;	

4 бөлім Денсаулық және қауіпсіздік		
5	5.4.1.1 қауіпсіздік ережелерін бұзу салдары туралы талдау	-қауіпсіздік техникасының ережелерін біледі; - қауіпсіздік техникасы ережелерінің бұзылуын анықтайды; - қауіпсіздік техникасын бұзу салдарын сипаттайды;
	5.4.2.1 біреудің жұмысын көшірудің заңсыздығы туралы айту; 5.4.2.2 құжаттарға арналған пароль орнату	- авторлық құқық туралы пайымдайды, Интернет желісіндегі өзін ұстау этикасын сақтайды; - Интернет желісіндегі қауіпсіздік ережелері туралы айтады. - құпия сөзді орнату қажеттілігін түсіндіреді; -құпия сөзді орнату тәсілдерін атайды; - парольді орнату алгоритмін құрастырады;
	6.4.1.1 Эргономика міндеттерін (барынша жайлылық пен тиімділік үшін) тұжырымдау және шешу	- «Эргономика» ұғымын тұжырымдайды; - эргономика есептерін шешеді;
	6.4.2.1 Интернетке тәуелділіктің проблемаларын талқылау; 6.4.2.2 "Авторлық құқық", "плагиат" ұғымдарын түсіндіру 6.4.2.3 авторға сілтеме жасайтын ақпаратпен ілестіру	- Интернетке тәуелділік деген не екенін түсіндіреді; - Интернетке тәуелділіктің түрлері мен себептерін атайды; - практикалық маңызы бар ақпаратты алу үшін Интернетті пайдаланады. - "авторлық құқық" және "плагиат" ұғымын түсіндіреді»;
7	7.4.1.1 Пайдаланушы интерфейстердің эргономикалылығын бағалау	-пайдаланушы интерфейстерінің эргономикалылығын бағалау критерийлерін анықтайды; - пайдаланушы интерфейстерінің эргономикалылығын бағалайды.
	7.4.2.1 компьютерді зиянды бағдарламалардан қорғау	-компьютерді зиянды бағдарламалардан қорғау үшін антивирустық программаларды пайдаланады;
8	8.4.1.1 әртүрлі электрондық құрылғылардың адам ағзасына әсері туралы мысалдар келтіріп, қорғау әдістерін тиімді пайдалану	-әртүрлі электрондық құрылғылармен жұмыс істегенде қорғанудың тиімді әдістеріне мысалдар келтіреді;
	8.4.2.1 желідегі пайдаланушының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін сақтау (интернетте алаяқтық пен агрессия)	-Интернетте жұмыс істегенде қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтайды;
9	9.4.1.1 компьютерде ұзақ уақыты жұмыс істеу тәуекелін сыни түрде бағалау	-компьютерде ұзақ уақыты жұмыс істеумен байланысты тәуекелдерді бағалайды; - өз денсаулығын сақтау және нығайту үшін жауапкершілікті қалыптастырады.

	9.4.2.1 желідегі этикалық және құқықтық нормаларын бұзу салдары туралы айту	-желідегі этикалық және құқықтық нормаларын бұзу салдары туралы айтады;
--	---	---

*Мұғалімнің оқыту тәсілдерін дұрыс таңдауы.* Оқыту тәсілдері оқытудың ерекшеліктерімен анықталуы және бұл проблемалы жағдайларды қою немесе нақты мақсаттарға жету үшін оқушылардың іс-әрекеттерін нақты жоспарлау және т. б. болуы мүмкін.

*Өзін-өзі бағалау және өзара бағалау.* Бағалау – оқушылардың білім беру процесі барысында меңгеруі тиіс аса маңызды және өмірлік қажетті дағдылардың бірі. Қателерді табу, жұмыс нәтижелерін бағалау критерийлерімен салыстыру, сыныптастардың жауабын тыңдау – бұл өзін-өзі бағалау және өзара бағалау әдістерінің көмегімен қалыптасатын күрделі, өте қажетті дағдылар.

Өзін-өзі бағалау – бұл өз жұмысының күшті және әлсіз жақтары, сондай-ақ жақсартуды талап ететін мүмкіндіктер мен аспектілер туралы ақпаратты жинауға және талдауға бағытталған процесс. Оқушының өзін-өзі бағалау дағдысы бірқатар критерийлер бойынша өз жұмысын бағалау арқылы қалыптасуы тиіс. Бұл жағдайда ол өз жұмысын бірқатар біліктердің жиынтығы ретінде көруге үйренеді. Олардың әрқайсысы өзіндік бағалау критерийлеріне ие. Демек, оқушы өзіндік ілгерлеуінің әрбір кезеңін бақылап, бағалай алады.

Сыныптастардың бір-бірін бағалауы қалыптастырушы бағалаудың толыққанды оқыту тәсілі болып табылады. Өзара бағалау оқушыларға бір-бірінің жұмысын бағалау арқылы зерттелген материалды бекітуге мүмкіндік береді. Өзара бағалаудың артықшылығы – оқушылар сыныптастарының жұмысын бағалау критерийлерімен салыстыра отырып, өзіндік ілгерілеуге талдау жасауында. Өзара бағалау нұсқалары: жұмыстармен алмасу; арнайы жоспар бойынша өзара жауап алу; тапсырмалармен өзара алмасу.

*Кері байланыс* – бұл қойылған мақсатқа жетуге әкелетін нақты әрекеттер, жағдайлар, мәселелер туралы хабарлау және түсініктеме алу процесі. Ол оқу процесінің жүзеге асуы, әр оқушының білімдегі жетістіктері мен кемшіліктері туралы ақпарат береді. Егер, кері байланыс өзара сыйластық пен тілектестік жағдайында жүзеге асырылса және оқушылар дұрыс жауап беріп, қателерді түзеуге уақыт берілсе, онда ол оқытудың табысты болуын қамтамасыз етеді. Кері байланыс нақты, түсінікті, дәл уақытына және тақырыпқа сәйкес болуы тиіс.

*Қалыптастырушы бағалау* – бұл кері байланысты үздіксіз ұсыну процесі. Қалыптастырушы бағалау түсінбеушілікті анықтайды және кейбір оқушылардың оқу процесіне қатыспаудың алдын алуға көмектеседі.

Оқушылардың уәждемесін бағалаудың әсері. Уәждемені қалыптастыру – сабақ үшін материалды таңдау, оқытудың қызықты және әр түрлі формалары мен әдістері арқылы оқыту процесінде үнемі жүріп отырады.

*Уәждеме* – белгілі бір мақсаттарға жету үшін іс-әрекетке ынталандыру процесі. Ішкі уәж оқушылардың жеке қалауы мен қажеттіліктеріне негізделеді.

Сыртқы уәж қоршаған орта факторларымен көтермелеудің әр түрлі формаларында ынталандырылады (мадақтау, баға және т. б.).

*Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқыту процесін түзету.*

Анықталған қиындықтар білім алушыларға конструктивтік кері байланысты қалыптастыруға және қайта оқу үшін бағдарламалық материалдың қажетті көлемін анықтауға мүмкіндік береді.

Қалыптастырушы бағалау аралық нәтижелер негізінде мұғалім өз іс-әрекетіне, сондай-ақ оқушылардың іс-әрекеттеріне қандай түзетулер енгізетінін болжайды. Сабақта мұғалімнің іс-әрекетін түзетуі оқушылардың жетістіктерін жақсартуға көмектеседі. Оқушылардың оқу материалын барынша түсінуін қамтамасыз ету үшін мұғалім әрдайым өзіне келесі сұрақтар қою керек: оқушылардың қайсысы менің назарымды аса қажет етеді? Қандай оқушыларға материалды түсіндіру үшін өзгеше амал, өзгеше оқыту әдісі немесе басқа тапсырма қажет? Қандай оқушылар жаңа материалды меңгере алмады?

Бағалау нәтижелерін ескере отырып, оқыту процесін түзетуге келесі өзгерістер енгізіледі:

–оқытуды ұйымдастыру формалары – тек алдыңғы оқу формасын ғана емес, сонымен қатар топтық, жеке немесе сабақ барысында барлық үш нысанды пайдалану;

–оқытудың әдістері мен тәсілдері, оның ішінде қабылдау, темперамент, уәждеме, әр түрлі дайындық деңгейін және оқушылардың басқа да ерекшеліктерін ескере отырып, оқыту тәсілдерін таңдау;

– сабақ уақытын кезеңдерге бөлу – егер үй тапсырмасын тексеру барысында мұғалім оқушылардың материалды жеткіліксіз меңгергенін анықтаса, онда ол оқыған материалды түсіну деңгейін арттыру үшін сабақ уақытын кезеңдерге қайта бөледі;

–сараланған тапсырмалар деңгейі - оқушылардың дайындық деңгейіне, қызығушылығына және қажеттіліктеріне негізделі отырып, мұғалімдер оқу қызметінің мазмұнын, процесін және өнімін саралайды;

–оқушылар тобына қатысушыларды қайта бөлу - топтар туындаған қиындықтарға, оқу процесі кезіндегі нәтижелерге байланысты қайта қалыптасуы мүмкін.

Информатика сабақтарында қалыптастырушы бағалау тәсілдерін пайдалану, мектептегі басқа пәндерді оқыту сияқты, сабақ уақытында, оның барлық кезеңдерінде үздіксіз жүргізіледі. SMART-критерийлерін ескере отырып әзірлеу, оқу мақсаттары мен сабақ кезеңінің күтілетін нәтижелерін ұсынудан басталады. Мұғалім күтілетін нәтижелерді жариялағаннан кейін оқушылардың оларды түсінуін келесі сұрақтардың көмегімен міндетті түрде нақтылау қажет. «Біз сабақтың соңында не үйреніп шығамыз? Біз қандай да бір жаңа мағлұмат туралы не біле аламыз?». Мұғалім сабақ мақсатын ұсынғаннан кейін жаңа білімді зерттеу кезінде оқушылардың жауаптарын бірден тыңдай алады. Мұғалім қалауымен бұл кезеңді екі қадамға бөлуге болады:

- 1) оқушылардан күтілетін нәтижелерді жұпта талқылауды өтіну;
- 2) бірнеше жұптың жауаптарын тыңдау.

Информатика сабағында көптеген әдістер мен қалыптастырушы бағалау тәсілдердің кез келгенін тиімді қолдануға болады. Әр мұғалім өз қалауы бойынша қалыптастырушы бағалауды өз бетінше жоспарлауға құқылы, таңдалған тәсілдер оқушылардың жауаптарын мұқият талдауға ықпал етуі маңызды. Мысалы, информатика сабақтарында қалыптастырушы бағалаудың кең тараған тәсілдері, бұл: «Сөздік бағалау», «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі сабақтың кез келген кезеңінде тиімді болатын мұғалім мен оқушының ауызша кері байланысы. Жұмыстың бұл түрі «кемшіліктерді» көруге және сыни ескертулер жасауға ғана емес, ең бастысы, ең алдымен жұмыста «жетістіктер» туралы айтуға мүмкіндік беретіндігі маңызды. Бұл әдісті ауызша да, жазбаша да, ұжымдық та, жеке де жүргізуге болады,

«Ыстық орындық» әдісінде оқушы өзін шынайы ыстық орындықта отырғандай елестетеді, барлық сынып оған белгілі бір тақырып бойынша сұрақтар қояды.

«Сұрағым келеді» стратегиясында сыныптың кез келген оқушысы «...—дан сұрағым келеді» деген сөздермен өз сұрағын қояды, егер сұрақ қойылған оқушы дұрыс жауап берсе, онда ол сұрақ қояды. Дұрыс жауап бермеген оқушы, ойыннан шығарылады. Бұл әдіс үй тапсырмасын тексеру кезінде пайдалы.

«Сұрақтар банкі» тәсілін кез-келген сыныпта және кез-келген тақырыпты оқыған кезде қолдануға болады. Әдетте топтық жұмыс түрінде ұсынылады. Оқушыларға оқылатын тақырып бойынша неғұрлым көп сұрақтар құрастыру тапсырмасы беріледі. Алдын ала әр түрлі тапсырмаларды топтарға ұсынуға болады, сұрақтар біртектес болмауы керек, қандай да бір сұрақ сөздерін ұсынуға болады, Мысалы, сұрақтар «Не», «Қандай», «Неге» және «Неліктен» деген сөздерден басталған болуы керек.

«Бағдаршам» техникасы сигналдық карточкаларды пайдалануды көздейді: *жасыл түс* – «Маған бәрі түсінікті», *сары түс* – «Маған кеңес қажет», *қызыл түс* – «Маған көмек қажет» дегенді білдіреді.

«Аяқталмаған сөйлем» техникасы. Оқушылар сөйлемді аяқтауы керек, мысалы, «Сабақта маған маңызды және қызықты болды...», «Бүгін сабақта мен түсіндім...», «Білгім келеді...» Бұл техниканы кесте түрінде ғана емес, қажет сөйлемнің басталуы жазылған «Саусақ» әдісі арқылы да жалғастыруға болады. Бағалаудың бұл тәсілін сабақтың «Рефлексия» кезеңінде ауызша және жазбаша түрде жиі қолдануға болады.

«Жұптардың өзара бағалауы». Бұл бағалау жұппен өткізіледі, оқушылардың бір-бірін тексеріп, ауызша түрде жұмыстың кемшіліктерін айта алатын немесе әр түрлі тәсілдерді қолдана отырып, жауап үлгісін қолдана алатын қалыптастырушы бағалаудың түрі.

Топта өзара бағалау «Бағалау парағы» көмегімен жүргізіледі, бағалау үшін критерий болған жағдайда бағалау объективті болады.

«Өзін-өзі бағалау» әр түрлі түрде жүргізіледі:

- а) сабақтың басында тұжырымдалған мақсаттар арқылы өзін-өзі бағалау;
- б) топқа шолу ретінде өзін-өзі бағалау;
- в) жауап үлгілерінің көмегімен өзін-өзі бағалау;
- г) қалыптастырушы тест көмегімен өзін-өзі бағалау.




Бөлім бойынша жиынтық бағалау (БЖБ) оқу бағдарламалары мен жоспарларына сәйкес бөлім аяқталғаннан кейін жүргізіледі. Жиынтық бағалаудың нәтижесінде білім алушыларға тоқсан бойынша баға қою кезінде ескерілетін балдар қойылады.

Мұғалім өз бетінше қандай формада (бақылау, практикалық немесе шығармашылық жұмыс, жоба, ауызша сұрау, эссе және т.б.) және қандай сабақта БЖБ өткізетінін анықтайды.

БЖБ рәсімдерінің саны оқу бағдарламасына сәйкес келеді және «Информатика» пәні үшін бөлімдер бойынша анықталады.

БЖБ-ға арналған тапсырмалардың мазмұнын анықтау және құрастыру кезінде мұғалім БЖБ бойынша әдістемелік ұсынымдарда ұсынылған үлгілерді қолдана алады. Бұдан басқа, мұғалімге бағалау құралдарын өз бетінше жасауға мүмкіндік беріледі. Бұл үшін мұғалімге келесі алгоритм ұсынылады: (13-сурет)



13-сурет. БЖБ тапсырмаларын құрастыру алгоритмі

- 1) оқу бағдарламасын және бөлім бойынша оқу мақсатын оқу;
- 2) БЖБ-да тексерілетін оқу мақсаттарына сәйкес бағалау критерийлерін анықтау және оларды ойлау дағдылары деңгейлерімен салыстыру;

*Бағалау критерийі* – білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау негізінде жүргізілетін белгі.

- 3) оқу мақсаттарының мазмұнын, тексерілетін критерийлерді және ойлау дағдыларының тиісті деңгейін қамтитын бір немесе бірнеше тапсырма құрастыру;

- 4) әр тапсырмаға дескрипторлар құрастыру;

Дескриптор – бағалау кезінде мұғалімнің шешімі объективті болуы үшін нақты және түсінікті болатын тапсырмаларды орындауда нақты қадамдарды белгілейтін сипаттама. Олар тапсырманы орындаудың қай кезеңі білім алушыға қиындық тудыратынын анықтауға мүмкіндік береді. Анықталған қиындықтар білім алушыларға сындарлы кері байланысты қалыптастыруға және қайта оқу үшін бағдарламалық материалдың қажетті көлемін анықтауға мүмкіндік береді.

- 5) білім алушылар мен ата-аналарға жиынтық бағалау нәтижелерін ұсыну

үшін БЖБ-ға рубрика құру.

Рубрика - бағалау критерийлеріне сәйкес деңгейлерді сипаттау. Оқыту мақсаттарына сәйкес рубрикалар үлгісі 20-кестеде берілген.

20-кесте. 5-сынып бөлімдері мен тақырыптары бойынша оқу мақсаттарына сәйкес Рубрикалар үлгісі

ҰМЖ бөлімі	Тақырып	Код	Оқыту мақсаттары	Оқу жетістіктерінің деңгейлері		
				Бастапқы	Орта	Жоғары
Ақпаратты ұсыну	Біздің айналамыз дағы ақпарат	5.2.1.1	әртүрлі ақпараттың мысалдарын келтіру және ақпаратты әртүрлі нысандарда ұсыну;	«Ақпарат» сөзіне анықтама береді, ақпараттың ұсыну түрлерін біледі. "Информатика" ғылымының негізін зерттейтінін біледі.	Ақпараттың түрлеріне мысалдар келтіреді. Ақпараттық үдерістерді біледі	Ақпаратты бейнелейді. Берілген ақпараттық үдерістерге мысалдар келтіреді
Ақпаратты ұсыну	Ақпарат беру	5.2.1.2	байланыс арналары, ақпарат көздері және қабылдағыштарының мысалын келтіру;	"Ақпарат көзі", "ақпарат қабылдаушы", "байланыс арналары" ұғымдарын ажырата алады. Сезім мүшелері арқылы берілетін ақпаратқа мысал келтіреді.	Ақпараттың бір бағытта, екі бағытта берілу процесін талдайды. Үш бағытты берілетін процеске мысал келтіреді. Сурет бойынша ақпарат көзін, қабылдаушысын анықтайды.	Техникалық, дәстүрлі байланыс құралдарын анықтайды: ақпарат көзін, қабылдаушысын анықтайды, байланыс арнасын атайды.
Ақпаратты ұсыну	Ақпаратты шифрлау	5.2.1.3	мәтіндік ақпаратты кодтау және декодтау;	ақпаратты кодтау және декодтау ұғымдарының мағынасын түсінеді; халықаралық кодтау жүйесін біледі; "Friend Happy day	ақпаратты кодтау түрлерін ажырата алады; ақпаратты ересе бойынша кодтайды. Орыс	Өзінің шифрлау ережесін ұсынып, түсіндіреді.

				Event History..... I love math number" сөздерін кодтайды.	символдары н кодтау кестелерін атайды.	
Ақпаратты ұсыну	Екілік ақпаратты ұсыну	5.2.1.4	компьютерге арналған барлық ақпарат екілік түрінде ұсынылғанын түсіндіру	Компьютерде ақпараттың қандай түрде бейнеленетінін біледі; бит сөзінің мағынасын түсінеді.	ASCII кодының не екенін біледі; мәтіндік ақпаратты ASCII жүйесінде кодтай және декодтай алады; Екілік кодқа ауыстыру ережесін айтады.	Компьютерде ақпараттың неліктен екілік түрде бейнеленетінін түсіндіреді. 01010010 01101111 01100100 01101001 01101110 01100001 кері кодтайды.
Компьютерлік графика	Растрлық суреттерді құру және редакциялау	5.2.2.2	растрлық кескіндерді жасау және өңдеу;	Графика, графикалық редактор, компьютерлік графика түрлерін, растр ұғымдарын біледі. Графикалық редакторды жұмысқа қоса алады, қарапайым фигураларды салады	Графикалық редакторды жұмысқа қоса алады, интерфейс элементтерінің қызметін біледі. Сурет салуда пиктограммалар мен сурет салу құралдарын дұрыс анықтайды.	Тәжірбиелік жұмыста құралдарды дұрыс қолданады, өзгертеді, өңдейді және сақтайды. Дайын суретте қандай құралдар қолданылғанына талдау жасайды
Компьютерлік графика	Растрлық суреттерді өңдеу	5.2.2.2	растрлық кескіндерді жасау және өңдеу;	Растрлық редакторда фигураларды пайдаланып сурет құрастырады, түстер палитрасының барлық мүмкіндіктерін пайдаланады.	Растрлық редакторда фигураларды пайдаланып сурет салады, суретке мәтін орналастырады. Суретті өңдейді.	Растрлық графиканың барлық мүмкіндіктерін пайдаланып шығармашылық тақырыпта суреттер салады.

Компьютерлік графика	Векторлық суреттерді құру	5.2.2.3	векторлық суреттер жасау және өңдеу;	Векторлық графика деген не екенін біледі. Векторлық редакторды жұмысқа қосады, фигураларды пайдаланып қарапайым суреттер құрастырады, түстер палитрасының мүмкіндіктерін пайдалануды біледі.	Векторлық графика интерфейс элементтерінің қызметін біледі. Сурет салуда пиктограммалар мен сурет салу құралдарын дұрыс анықтайды, суретке мәтін орналастырады. Суретті өңдейді.	Векторлық графиканың барлық мүмкіндіктерін пайдаланып шығармашылық тақырыпта суреттер салады. Дайын суретте қандай құралдар қолданылғанына талдау жасайды
Компьютерлік графика	Қисық бетімен жұмыс	5.2.2.3	векторлық суреттер жасау және өңдеу;	Қисық сызық түрлерін біледі. Құралдар панеліндегі қисық сызықпен жұмыс істеу құралын анықтай алады.	Қисық сызық салуда қосымша батырмаларды пайдаланып суреттер салады.	Қисық сызықтар мен стандарттық фигуралардан суреттер салады. Суретті өңдейді. Ұсынылған тақырыпқа шығармашылық суреттер салады.
Компьютерлік графика	Растрлық және векторлық суреттерді салыстыру	5.2.2.4	растрлық және векторлық графиканың артықшылықтары мен кемшіліктерін бағалау	растрлық және векторлық графика программаларының түрлерін, суреттерінің ерекшеліктерін біледі.	Растрлық, векторлық графиканың неден тұратынын біледі.	Берілген растрлық және векторлық суреттің сапасын анықтай алады.
Робототехника	Робот түрлері және оларды қолдану	5.3.4.1	робот анықтамасын тұжырымдау;	Роботтың анықтамасын, қызметін біледі	Роботтың түрлерін сипаттай алады.	Роботтың пайда болу тарихын талдайды.

		5.3.4.2	Роботтардың түрлерінің үлгілері және оларды қолдану салаларына мысал келтіру;	Робототехниканың не екенін және роботтың түрлерін біледі	Роботтың қолдану салаларына мысалдар келтіреді;	Болашақта роботтың қолданылуы мүмкін салалар туралы талқылайды.
Робототехника	Робототехника тарихы және перспективалары	5.3.4.3	Робототехника саласындағы адамзаттың техникалық жетістіктеріне мысалдар келтіру;	Робототехника саласындағы адамзаттың техникалық жетістіктерін біледі, мысалдар келтіреді.	Робототехника саласындағы техникалық жетістіктерді жан-жақты сипаттайды.	Робототехника саласындағы техникалық жетістіктерді талдайды, өз ойларын жеткізеді.
Робототехника	Гироскопиялық датчик	5.3.4.4	Гироскопиялық датчик жұмыс істеу принципін түсіндіру;	Гироскопиялық датчиктің қызметін біледі.	Гироскопиялық датчик жұмыс істеу принципін сипаттайды. Гироскопиялық датчик жұмысын бағдарламалайды	Гироскопиялық датчик жұмысын бағдарламалайды, бағдарламаға өзгерістер енгізеді.
		5.3.3.1	Роботтың бұрыштық бейімділігін анықтау үшін бағдарламалар жасау;	Роботтың бұрыштық бейімділігін анықтау үшін бағдарламалар жасай алады	Роботтың бұрыштық бейімділігін анықтау бағдарламаларын өзгерте алады	Роботтың бұрыштық бейімділігін анықтау үшін бағдарламаларын талдай алады
Робототехника	Бұрылыстар	5.3.3.2	роботты көрсетілген градусқа бұру үшін бағдарламалар жасау;	Роботты көрсетілген градусқа бұру үшін бағдарламалар жасай алады	Роботты көрсетілген градусқа бұру бағдарламаларын өзгерте алады	Роботты көрсетілген градусқа бұру үшін бағдарламаларын талдай алады
Роботтардың жарысы	Роботтың сызық бойымен қозғалысы	5.3.3.3	робот қозғалысын ұйымдастыруға	Робот қозғалысын ұйымдастыруға арналған түс датчигін	Робот қозғалысын ұйымдастыруға арналған түс датчигін	Робот қозғалысын ұйымдастыруға арналған түс датчигін

			арналған түс датчигін қолдану;	қолдануға бағдарламалар жасай алады	пайдалану бағдарламаларын өзгерте алады	пайдалану бағдарламаларына талдау жасайды.
		5.3.3.4	объектіні табу үшін ультрадыбыстық датчикті пайдалану;	Объектіні табу үшін ультрадыбыстық датчикті қолдануға бағдарламалар жасай алады	Объектіні табу үшін ультрадыбыстық датчикті пайдалану бағдарламаларын өзгерте алады	Объектіні табу үшін ультрадыбыстық датчикті пайдалану бағдарламаларына талдау жасайды.
Роботтардың жарысы	Робо-сумо	5.3.3.3	робот қозғалысын ұйымдастыруға арналған түс датчигін қолдану;	Робот қозғалысын ұйымдастыруға арналған түс датчигін қолдануға бағдарламалар жасай алады	Робот қозғалысын ұйымдастыруға арналған түс датчигін пайдалану бағдарламаларын өзгерте алады	Робот қозғалысын ұйымдастыруға арналған түс датчигін пайдалану бағдарламаларына талдау жасайды.
Компьютер және қауіпсіздік	Компьютерде жұмыс істеу кезінде өзіңе зиян келтірмеуге қалай болады?	5.4.1.1	қауіпсіздік ережелерін бұзу салдары туралы талдау	Компьютерде жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін біледі	Кабинеттегі қауіпсіздік ережелерімен талаптарын сақтайды, қауіпсіздік ережелерін бұзудың салдарын түсінеді.	Төтенше жағдай кезінде алғашқы жәрдем көрсету тәсілдерін баяндайды.
Компьютер және қауіпсіздік	Ақпаратты цифрлы тасымалдаушылары	5.1.1.1	сандық ақпараттың цифрлық тасымалдау құралдарының сипаттау	Сандық ақпараттың цифрлық тасымалдау құралдарының түрлері мен қызметін біледі.	Сандық ақпараттың цифрлық тасымалдау құралдарының сипаттай алады.	Сандық ақпараттың цифрлық тасымалдау құралдарының түрлерін салыстыра алады.
Компьютер және қауіпсіздік	Интернетте жұмыс істеудің қандай қауіп-қатері бар?	5.4.2.1	біреудің жұмысын көшіру заңсыздығы туралы айту;	Біреудің жұмысының көшірмесін жасау заңсыз екенін түсінеді. "Плагиат"сөзін е түсініктеме береді.	Қоғамда кездесетін плагиатқа мысалдар келтіреді. Мысалы, : музыкалық шығармалар,	Заңсыз көшірудің алдын алу шараларын анықтайды. Авторлық құқық" ұғымын

					кинофильмдер, әдеби шығармалар, өлеңдер және т. б.	пайдаланады”
Компьютер және қауіпсіздік	Компьютер іңіздегі деректерді қалай қорғауға болады?	5.4.2.2	құжаттарға арналған пароль орнату	"Қандай жағдайларда пароль орнатамыз?" әңгімелесу арқылы сұраққа жауап береді	Парольді орнатудың маңыздылығы мен мақсатын анықтайды.	Пароль орнатуды практикада қолданады
Компьютер және қауіпсіздік		5.1.3.1	ортақ пайдалану файлдарын орналастыру, редакциялау, жүктеу	Ортақ пайдалануға рұқсат етілген бумадағы файлдарды жүктеу алгоритмін сипаттайды.	файлдарды таңдау/көшіру/ жүктеу үшін бастапқы буманы көрсетеді.	Файлдарды ортақ бумаға жүктеу алгоритмін дұрыс көрсетеді/қолданады.
Компьютер және қауіпсіздік	Шағын жоба	5.4.2.2	құжаттарға арналған пароль орнату	"Қандай жағдайларда пароль орнатамыз?" әңгімелесу арқылы сұраққа жауап береді	Парольді орнатудың маңыздылығы мен мақсатын анықтайды.	Пароль орнатуды практикада қолданады
		5.2.2.1	құжатты басып шығару үшін тиімді ұйымдастыру (бет параметрлерін орнату, алдын ала қарауды орындау);	Мәтіндік құжатты пайдалану мақсатын түсіндіреді. Мәтіндік құжаттармен жұмыс істейтін бағдарламаларды біледі.	Мәтіндік құжатпен жұмыс істейтін бағдарламаларды іске қосады; мәтінді жазу ережелерін ескереді.	Дайындалған құжатты өңдейді, баспаға дайындайды. Нәтижелерді талқылайды.
		5.1.3.1	ортақ пайдалану файлдарын орналастыру, редакциялау, жүктеу	Ортақ пайдалануға рұқсат етілген бумадағы файлдарды жүктеу алгоритмін сипаттайды.	файлдарды таңдау/көшіру/ жүктеу үшін бастапқы буманы көрсетеді.	Файлдарды ортақ бумаға жүктеу алгоритмін дұрыс көрсетеді/қолданады.

Ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес 7-сыныпта 1-тоқсанда екі бөлім: «Ақпаратты ұсыну және өлшеу» және «Желі және қауіпсіздік» оқытылады,

сондықтан 1-тоқсанда екі БЖБ өткізіледі. Ұсынылған алгоритмге сәйкес «Ақпаратты ұсыну және өлшеу» бөлімі бойынша тапсырманы әзірлеуді қарастырайық:

«Ақпаратты ұсыну және өлшеу» бөлімі бойынша БЖБ үлгісі

Бөлім	«Ақпаратты ұсыну және өлшеу»
<b>Оқу мақсаттары:</b>	7.2.1.1 ақпаратты бір өлшем бірлігінен басқа өлшем бірліктеріне ауыстыруды жүзеге асыру; 7.1.1.1-компьютердің жады түрлерінің қызметін (жедел сақтау құрылғысы, тұрақты есте сақтау құрылғысы, сыртқы есте сақтау құрылғысы, кэш – жады) сипаттау; 7.1.2.1 бірдей ақпарат сақталған әртүрлі пішімдегі файлдардың көлемін салыстыру; 7.1.2.2 -әртүрлі пішімдегі мұрағаттарды құру және мұрағаттан шығару.
<b>Оқу жетістіктерінің деңгейі</b>	Қолдану Жоғары деңгей дағдылары
<b>Бағалау критеріі</b>	1) бір өлшем бірлігінен ақпаратты басқасына ауыстыруды жүзеге асырады; 2) компьютер жадының түрлерін анықтайды (жедел есте сақтау құрылғылары, тұрақты есте сақтау құрылғылары, сыртқы есте сақтау құрылғылары, кэш-жады) 3) бірдей ақпаратты сақтайтын әртүрлі форматтағы файлдардың өлшемін анықтайды; 4) түрлі форматтағы мұрағаттарды пайдаланады.
<p><b>Тапсырмалар</b></p> <p>1) &gt;, &lt; немесе = белгісін қойып, ақпарат көлемін салыстырыңыз</p> <p>а) 1872 бит ? 234 байт</p> <p>б) 34 Кб ? 34800 байт</p> <p>с) 12 Гб ? 12488 Кб</p> <p>2) Асхат мәтіндік құжатта көлемі 4500 байт болатын .docx форматында хат жазды және файлды сыныптасына жіберу керек. Файлды жіберу үшін пайдалануға болатын жады құрылғысын анықтаңыз.</p> <p>3) флэш-картадағы бос жадының көлемі 5Кб құрайды. Реферат .docx форматта 5200 байт алады, .pdf форматта 3620 байт. Флэш-картаға қандай форматтағы құжат сақталатынын анықтаңыз және түсіндіріңіз.</p> <p>4) .docx форматында құжат өлшемін азайтуға мүмкіндік беретін тәсілдердің бірін атаңыз және сипаттаңыз.</p> <p>Тәсілдің атауы _____</p> <p>Сипаттамасы _____</p> <p>_____</p>	



Бағалау критерийі	Тапсырма №	Дескриптор	
		Білім алушы	Балл
Ақпарат мөлшерін бір өлшем бірлігінен басқасына аударады;	1	Сандарды бит өлшем бірлігінен байтқа немесе керісінше ауыстыруды жүзеге асырады.	1
		Сандарды байт өлшем бірлігінен Кб-ға немесе керісінше ауыстыруды жүзеге асырады.	1
		Сандарды Кб өлшем бірлігінен Гб немесе керісінше ауыстыруды жүзеге асырады.	1
Компьютер жадының түрлерін анықтайды (жедел есте сақтау құрылғылары, тұрақты есте сақтау құрылғылары, сыртқы есте сақтау құрылғылары, кеш-жады)	2	файлды жіберу үшін пайдалануға болатын құрылғыларды көрсетеді;	1
Бірдей ақпаратты сақтайтын әр түрлі форматтағы файл өлшемін анықтайды;	3	әр түрлі форматты, бірақ бірдей ақпаратпен файл өлшемін анықтайды	1
Түрлі форматтағы мұрағатты пайдаланады.	4	Әр түрлі форматтағы файлдарды мұрағаттауды пайдаланады бір файлды қысу бағдарламасын ұсына алады;	1

«Ақпаратты ұсыну және өлшеу» бөлімі үшін жиынтық бағалау қорытындысы бойынша ата-аналарға ақпарат беру рубрикасы

Бағалау критерийі	Оқу жетістіктерінің деңгейі		
	төмен	орта	жоғары
Ақпарат көлемін бір өлшем бірлігінен екіншісіне аударады	Сандық мәндерді бір өлшем бірлігінен екінші өлшемге аударуға қиыналады. <input type="checkbox"/>	Сандық мәндерді бір өлшем бірлігінен екіншісіне ауыстыру кезінде қателер жібереді. <input type="checkbox"/>	Сандық мәндерді ақпараттың бір өлшем бірлігінен екіншісіне дұрыс аударады <input type="checkbox"/>
Компьютер жадының түрлерін (ЖЕСҚ, ТЕСҚ, сыртқы есте сақтау құрылғылары, кеш-жады) анықтайды	Есте сақтау түрлерін анықтауда қиыналады: ЖЕСҚ, ТЕСҚ, СЕСҚ, кэш-жад. <input type="checkbox"/>	Файлды мұғалімге жіберу үшін пайдалануға болатын құрылғыларды анықтауда/таңдалған жад құрылғыларының мақсатын түсіндіруде қателер жібереді. <input type="checkbox"/>	Жад түрлері: ЖЕСҚ, ТЕСҚ, СЕСҚ, кэш-жад мақсатын дұрыс анықтайды <input type="checkbox"/>
Бірдей ақпаратты сақтайтын әр түрлі	Әртүрлі форматтағы, бірақ	Құжат көлемін анықтау/жад	Әр түрлі форматты, бірақ

форматтағы файл өлшемін анықтайды;	бірдей ақпаратпен файл мөлшерін анықтауда қиыналады. <input type="checkbox"/>	құрылғысының бос көлемін және файл көлемін салыстыруда қателер жібереді. <input type="checkbox"/>	бірдей ақпаратпен файл өлшемін дұрыс анықтайды. <input type="checkbox"/>
Түрлі форматтағы мұрағаттарды пайдаланады.	Түрлі пішімдер үшін файлдарды мұрағаттауды қолдануда қиыналады. <input type="checkbox"/>	Файлдарды қысу үшін бір бағдарламаны пайдалануға қателер жібереді <input type="checkbox"/>	Әртүрлі форматтағы файлдарды мұрағаттауды дұрыс қолданады. <input type="checkbox"/>

БЖБ міндеті – аралық нәтижені, яғни білім алушының ағымдағы оқу жетістіктерін әрі қарай оқыту үшін бекіту.

*Тоқсан бойынша жиынтық бағалау процесі (ТЖБ)* тоқсан бойынша оқытудың ілгерлеуін өлшейді және оқу бағдарламасының мазмұнын білу, дағдылар және білім туралы дәлелдер береді. ТЖБ оқу тоқсанының соңында балл қою арқылы өткізіледі және тоқсан бойынша баға қою кезінде және әр түрлі бақылау-тексеру жұмыстарын жүргізуді көздейді.

Жиынтық жұмыстарды әзірлеу кезінде оларға әртүрлі деңгейдегі ойлау қабілеттерінің, соның ішінде жоғары деңгейлі ойлау деңгейлерін тексеруді көрсететін көп деңгейлі: талдау, синтез және бағалау тапсырмаларының енуін ескеру қажет.

ТЖБ мазмұнын жоспарлау және әзірлеу, бірінші кезекте, оқу бағдарламасының оқу мақсаттарына шолуды қамтиды, өйткені бағалау олардың игерілуін тексереді, тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың сипаттамасына сәйкес тапсырмалардың үлгілері және балл қою схемалары жүргізіледі. Сипаттама барлық білім беру ұйымдары үшін бірдей. Жиынтық бағалау сипаттамасында тоқсан, орындау ұзақтығы, балл саны – тапсырмалардың түрлері (жауаптардың көп таңдауы бар тапсырмалар; қысқаша жауапты талап ететін тапсырмалар; толық жауапты талап ететін тапсырмалар) көрсетіледі.

Жиынтық бағалау құрылымының сипаттамасы, мысалы, көп таңдауы бар жауаптары, қысқа және толық жауаптары бар 10 тапсырмадан тұратын нұсқа беріледі. Қысқаша жауапты талап ететін сұрақтарда білім алушы жауапты сандық мән, сөз немесе қысқа сөйлем түрінде жазады. Толық жауапты талап ететін сұрақтарда білім алушы максималды балл алу үшін тапсырмаларды шешудегі іс-әрекеттердің барлық реттілігін көрсетуі тиіс. Тапсырма бірнеше құрылымдық бөліктерден тұруы мүмкін.

Мұғалімдер оқушылардың тоқсан бойынша жазбаша жиынтық жұмыстарының нәтижелерін талқылау үшін бағалауды стандарттау мақсатында модерация өткізіледі, онда балл қою кезінде бірыңғай тәсілді қамтамасыз ету мақсатында жұмыстарды бағалау нәтижелері талқыланады.

*Модерация кезінде мұғалімнің әрекеті*

-тоқсан бойынша жиынтық бағалауды модерациялау процесі белгілі бір тәртіппен жүргізіледі.

*Модерацияға дейін:*

-білім алушының жиынтық жұмысын балл қою схемасына сәйкес бағалайды;

-жиынтық жұмыстардың үлгілерін іріктейді (ең жоғарғы, ең төменгі баллдармен; қиындық тудырған жұмыстарды бағалау);

-жеке мәліметтерді шифрлайды және модерация үшін білім алушылардың жұмысын дайындайды.

*Модерация кезінде:*

-әріптестермен білім алушылардың жұмыс нәтижелерін талқылайды және барлық ұпайлар балл қою схемасына сәйкес қойылғанына көз жеткізеді;

-қажет болған жағдайда нәтижелерге немесе балл қою схемасына өзгерістер енгізеді;

-отырыс хаттамасына қол қояды.

*Модерациядан кейін:*

-білім алушылардың барлық жұмыстарын қайта қарайды. Бұл ретте балдар ұлғаю жағына да, азаю жағына да өзгеруі мүмкін;

-білім алушылардың жұмыстарында соңғы балл қойылады;

-соңғы ұпайларды электрондық журналға қояды.

## Қорытынды

Орта білім беру мазмұнын жаңарту білім берудің құрылымы мен мазмұнына, оқытудың әдіс-тәсілдері мен бағалау жүйесіне елеулі өзгерістер енгізілумен сипатталады. Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы іс-шаралар кешенінің барлығы жеке тұлғаның үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін құруға бағытталады.

Жаңартылған білім беру мазмұнының аясында барлық іс-шаралар кешені тұлғаның үйлесімді қалыптасуы мен дамуына қолайлы білім беру кеңістігін құруға бағытталған. Білім беру процесінің мазмұны оқушылардың алған білімдерін, біліктерін және дағдыларын өмірде және мектепте шығармашылықпен қолдануға дайындығын қалыптастыруға, табысқа жетудегі табандылықты дамытуға бағытталған өмір бойы оқуға ынталандырады.

Мектептегі білім беруді дамытудағы жаңа кезең оқу процесінің мазмұны мен ұйымдастырылуына құзыреттілік көзқарасты енгізумен, оқушыларды алған білімдері мен іскерліктерін нақты оқу және өмірлік жағдайларда қолдануға үйрету қажеттілігімен байланысты. Құзыреттілік тұғырын енгізу оқыту мазмұнының нәтижелерін міндетті түрде болжауды көздейді, бұл оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесінде өзгерістер енгізді.

Жаңартылған білім беру мазмұны аясында әзірленген бұл әдістемелік құрал үш бөлімнен тұрады.

Әдістемелік құралдың бірінші бөлімінде жаңартылған білім беру мазмұны аясында «Информатика» (5-9 сыныптар) оқу бағдарламасының ерекшеліктері ашылған. Көрсетілген оқу пәнінің мазмұнын және оқу мақсаттарын ашатын бөлімдер мен бөлімшелерге сызбалар мен кестелер түрінде түсініктеме берілген.

Екінші бөлімде «Информатика» оқу пәнін оқытуды ұйымдастырудың әдістері мен формалары қарастырылды (5-9 сыныптар). Сыни ойлауды дамыту, оқытудың белсенді әдістерін оқу процесінде іске асыру бойынша педагогикалық технологияларға ерекше көңіл бөлінді.

Әдістемелік құралдың үшінші бөлімінде оқу пәні бойынша 5-9-сыныптардағы бағалау критерийлері, формативті және жиынтық бағалау тапсырмаларын әзірлеу тәсілдері мен тапсырмалардың үлгілері берілген. Сонымен қатар, «Информатика» пәні бойынша қысқа мерзімді жоспар әзірлеуге қойылатын талаптар мен қысқа мерзімді жоспарлардың үлгілері ұсынылған.

Бұл әдістемелік құрал білім беру мазмұнын жаңарту аясында әзірленген ұсынымдамалық сипаттағы және республиканың жалпы білім беретін мектептерінің пән мұғалімдері басшылыққа алатын әдістемелік құралдардың бірі болып табылады.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтардағы жолдауы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»
2. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы.
3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығымен бекітілген «Жалпы орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарға арналған «Информатика» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы».
4. Образовательная программа курсов повышения квалификации педагогических кадров по предмету «Информатика». Руководство для учителя. Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2016.
5. COMPUTER SCIENCE Unplugged, Тим Белл, Ян Х. Виттена, Майк Феллоус. «Методические рекомендации, для использования в классе», подготовили Робин Адамс и Джейн Макензи.
6. Сабойдалова М. А. Использование активных и интерактивных методов обучения на уроках «Информатики и ИКТ» [Текст] // Педагогика сегодня: проблемы и решения: материалы Междунар. науч. конф. (г. Чита, апрель 2017 г.). — Чита: Издательство Молодой ученый, 2017. - С. 120-124.
7. [http://nio.robostem.ru/?page\\_id=2097](http://nio.robostem.ru/?page_id=2097)
8. Г. Ногайбаева, С. Жумажанова. «Развитие STEM-образования в мире и Казахстане» \ «Білімді ел - Образованная страна» №20 (57), 25.10.2016ж.
9. ҚР Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы №827 қаулысымен бекітілген "2016-2019 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Білім және ғылымын дамыту" бағдарламасы
10. Ағылшын тілін және жаратылыстану-математика бағытындағы пәндерді (информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану) кіріктіріп оқыту, Оқу-әдістемелік құрал, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016 ж., Астана қ.
11. Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан от 18 марта 2008 года №125 «Об утверждении Типовых правил проведения текущего контроля успеваемости, промежуточной и итоговой аттестации обучающихся»
12. Руководство по критериальному оцениванию для учителей основной и общей средней школ. АОО НИШ «Назарбаев Интеллектуальные школы» Учебно-методическое пособие. Астана, 2017.
13. Методические рекомендации по реализации критериального оценивания учебных достижений обучающихся в рамках обновления содержания образования (4, 9, 10, 11 классы). – Астана: НАО имени И. Алтынсарина, 2018. – 320 с.


## Қосымшалар

1- қосымша

### Okoo.kz бағдарламалауға оқыту порталының сипаттамасы

ОКОО платформасы <https://okoo.kz/auth/signin> сайтында орналасқан. Негізгі бетті ашқаннан кейін студенттер мұғалім берген логин мен парольді енгізу керек.

Платформа мұғалім, әкімшілік және оқушы құрамынан тұрады және үш тілде ұсынылған: орыс, қазақ және ағылшын. Мұғалім платформаның курстарына кіру арқылы оқушыларды тіркей алады. Мұғалім панелі арқылы оқушылардың үлгерімін және олардың прогрессін бақылауға болады. Мұғалім оқушылардың тапсырмаларды қалай шешетінін, сонымен қатар әр оқушының қаншалықты теориялық материалға қарағанын қадағалай алады. Мұғалім оқушыларды тапсырмаларды орындауға ынталандыру үшін жарыстар ұйымдастыра алады. Контест (байқау) - белгілі бір уақытта белгілі бір тапсырмаларды орындау. Есептерді бірінші шешкен оқушылар өзінің рейтингісін жоғарылатып, шешілген есеп үшін көбірек балл жинайды. Мұғалім контест (конкурс) үшін және еркін шешу үшін де өзіндік тапсырмалар жинағын құра алады.




Сурет 1. Мұғалім тақтасы

Оқушы панелі ынталандыруға арналған элементтермен құрастырылған. Оқушы күн сайын өз тапсырмаларының қаншалықты орындалғанын көре алады. Рейтингік жүйе орындалған тапсырмалар үшін балл қояды. Егер тапсырмалар күн сайын орындалса, ұпайларды алу коэффициенті платформадағы есептерді шешудің ұзақтығына байланысты артады. Оқушы рейтингте өзінің орнын сыныпта да, әлемдік рейтингте де бақылай алады. Оқушы курстық материалдарға үнемі қол жеткізе алады, сонымен қатар курс әзірлеушілерімен кері байланысы бар. Оқушы өзіне ыңғайлы уақытта оқып, тапсырмаларды орындай алады.


Бағдарламалау курстары алты бөлімде ұсынылған: бағдарламалау негіздері, шартты құрылымдар, ілмектер, мәліметтер типі, деректер құрылымы және функциялар. Әр бөлім белгілі бір сабақтардан тұрады. Сабақтарға

теориялық және практикалық материалдар кіреді. Теориялық материал мәтіндік және видео сабақтардан тұрады. Тәжірибелік бөлім тапсырмалардан тұрады.



Сурет 2. Курс парағы

Мұғалімнің кабинетінде оқушының практикалық тапсырмаларды орындағаны және үлгерімі жазылады.





Сурет 3. Курстың беті

Тапсырмаларды тексеру процестерін автоматтандыру үшін жасанды интеллект алгоритмдері OKOO платформасына кіріктірілген. Алгоритмдер оқушының бағдарламалық кодын талдап, дұрыс жауап бере алады. Платформа React JS және Go бағдарламаларында жазылған, олар секундына миллионнан астам сұраныстарға жауап бере алады.

## Үштілділік CLIL-технологиясымен дайындалған сабақ жоспарының үлгісіне қосымшалар

### Lesson plan



### Оқушыларға арналған кластер үлгісі



### Желілілердің артықшылықтары мен кемшіліктері

**Топология «Звезда»**

**ДОСТОИНСТВА**

- надежность (выход из строя одной станции или кабеля не повлияет на работу других).

**НЕДОСТАТКИ**

- требуется большое количество кабеля;
- надежность и производительность определяется центральным узлом, который может оказаться «узким местом» (поэтому часто это оборудование дублируется).

**Топология «Кольцо»**

**ДОСТОИНСТВА**

- низкая стоимость;
- высокая эффективность использования моноканала;
- простота расширения;
- простота методов управления.

**НЕДОСТАТКИ**

- в случае выхода из строя хотя бы одного компьютера вся сеть парализуется;
- на каждой рабочей станции необходим буфер для промежуточной хранения передаваемой информации, что замедляет передачу данных;
- подключение новой станции требует отключения сети. Поэтому разрабатываются специальные устройства, позволяющие блокировать разрывы цепи.

**Топология «Шина»**

**ДОСТОИНСТВА**

- упрощение логической и программной архитектуры сети;
- простота расширения;
- простота методов управления;
- минимальный расход кабеля;
- отсутствие необходимости централизованного управления;
- надежность (выход из строя одного компьютера не нарушит работу других).

**НЕДОСТАТКИ**

- кабель, соединяющий все станции один. Следовательно «общаться» компьютеры могут только по очереди, а это означает, что нужны специальные средства для разрешения конфликтов;
- затруднен поиск неисправностей кабеля, при его разрыве нарушается работа всей сети.

*Бөлім:* «Компьютерлік жүйелер», *Бөлімше:* «Компьютерлік желілер»

*Тақырып:* «Компьютерлік желілер мен жіктелуі»

*Оқыту мақсаттары:* 7.1.3.1 Компьютерлік желілерді жіктеу

*Бағалау критерийлері:* Білім алушы

- Компьютерлік желілерді біледі;
- Желінің топологиясын анықтайды

*Ойлау дағдыларының деңгейлері:* Білу және Түсіну

*Тапсырма.* Компьютерлерді «Сақина» топологиясына қызыл түспен, «Жұлдыз»

топологиясына көк түспен жалғаңыз.



*Дескрипторлар:*

- компьютерлерді «Сақина» топологиясына дұрыс жалғайды;
- компьютерлерді «Жұлдыз» топологиясына дұрыс жалғайды;



## Қысқа мерзімді жоспар үлгілері

## «Ақпаратты электронды кестелерде өңдеу» тақырыбы

Сабақ:	Сыныбы 8	Мектеп: №3 мектеп-гимназия
Күні :	Пән мұғалімі:	Рахимжанова С.М.
Бөлім 3	Ақпаратты электронды кестелерде өңдеу	
Тақырыбы:	3.2 Кіріктірілген функциялар	
Оқу мақсаты	8.2.2.3 – электронды кестені қолдана отырып есептерді шешуде кіріктірілген функцияларды қолдану	
Сабақ мақсаты	MS Excel-де кіріктірілген функцияларды (математикалық, статистикалық, логикалық) қолдана отырып есеп шығару.	
Бағалау критерилері:	Кірістірілген функциялармен кірістірілген функцияларды қолданып, практикалық түрде берілген тапсырмаларды орындайды Кіріктірілген функцияларды қолданып, шығарылған есептердің қорытындыларынан ұяшықтың мәнін таба біледі.	
Тілдік мақсаттар	Функциялардың қолдану ережелерін түсіндіре біледі, Формула мен функциялардың жазылу синтаксисін түсіндіре алады.	
Дағдылық құндылықтар	Жұптық тапсырмаларды орындау барысында жылы қарым-қатынастарды дамытып, ынтымақтастық дағдылар орнатып, сындарлы көзқарас пен сыни ой дамытылуға бағытталған дағдылық құндылықтар қарым-қатынас арқылы дамытылады. Академиялық адалдық: басқа адамдардың идеялары мен ойларын құрметтеу академиялық адалдық принциптерін сақтаудан тұрады.	
Пәнаралық байланыс	Математика	
Бастапқы білім	Абсолютті және салыстырмалы сілтемелерді қолдана білу.	

## Сабақ барысы:

Сабақ кезеңдері :	Сабақта орындалатын іс-әрекеттер	Оқу ресурстары
Кіріспе бөлім 0-3 мин	<p>«Сен – маған, мен-саған» әдісімен өткен сабақ материалдары бойынша сұрақтар:</p> <p>Салыстырмалы сілтеме дегеніміз не? Мысал келтіріңіз</p> <p>Абсолютті сілтеме дегеніміз не? Мысал келтіріңіз</p> <p>Электрондық кестеде формула қандай символдан басталады?</p> <p>Форматтардың қолдану түрлері қандай?</p> <p>Мысал келтіріңіз</p> <p>Ұяшықтар адресі</p> <p>Аралас адрес</p>	Презентация 1, 2

Негізгі бөлім  
4-20мин

Сабағымызды бастамас бұрын сіздерге видео ұсынғым келіп тұр. Сонымен видеоны көре отырып қандай тұжырым жасадыңыздар, ойымызды ортаға салайық: Сабақты қызықты өту мақсатында ашық пікір айтқан оқушыларға жұлдыз беріледі

2.Сын тұрғысынан ойлау технологиясының бір әдісі "Джигсо" әдісі бойынша постер жасап қорғайды. Алдымен алдарыңызға қойылған түстер бойынша топтарға бөлініп алайық. Оқушыларға таратылып берілген мәтінді оқып, өз топтарында талқылайды. Қажетті функциялардың қолданылуын дәптерлеріне жазып алады.

1 топ Функция  
2 топ Кіріктірілген функциялар  
3 топ Логикалық категория

Топты бағалау:  
**Дескриптор:**  
MS Excel бағдарламасында қажетті есептеулер үшін математикалық функцияларды түсіндіре алады.

<https://www.youtube.com/watch?v=awfOots37Fw>  
жұлдыз

Мәтін (таратылым)  
Постер



21-29 мин

	A	B	C	D
1	Көлдің атауы	Ауданы (м, кв)	Тереңдігі(м)	Мұхит деңгейінен биіктікте(м)
2	Байкал	31,5	1520	
3	Танганьика	34	1470	
4	Виктория	68	80	
5	Гурон	59,6	288	
6	Арал теңізі	68	61	
7	Мичиган	58	281	
8				

Компьютермен жұмыс: практикалық тапсырмаларды орындау.  
Жұппен жұмыс.  
Тапсырма 1  
Кестеде әлемдегі ірі теңіздер туралы деректер берілген. Анықтау керек:  
-ең таяз теңіздің тереңдігін;  
-ауданы бойынша ең үлкен теңізді;  
-теңіз деңгейінен биіктіктердің орташа мәнін;

Енгізіндер А8 ұяшыққа: тереңдігі ең кіші  
Енгізіндер А9 ұяшыққа –ең үлкен ауданды  
Енгізіндер А10 ұяшыққа - орташа биіктігі

	A	B	C	D
1	Көлдің атауы	Ауданы (м, кв)	Тереңдігі(м)	Мұхит деңгейінен биіктікте(м)
2	Байкал	31,5	1520	457
3	Танганьика	34	1470	773
4	Виктория	68	80	1134
5	Гурон	59,6	288	1177
6	Арал теңізі	68	61	53
7	Мичиган	58	281	176
8	тереңдігі ең	31,5		
9	ең үлкен ауданды		61	
10	биіктігі			628,3
11				

<https://nsportal.ru/shkola/informatika-ikt/library/2014/12/16/prakticheskaya-rabota-vstroennye-funktsii-v-excel>

Презентация 4,5

Тапсырма 2  
 $[0;2]$  кесіндісімен берілген қадамы 0,2 тең  
 $f(x) = \cos x + x$  функциясының мәні есептеңіз. Кестені үлгі бойынша толтырыңыз.

D10		$f_x$
	A	B
1	қадам	
2	аргумент(x)	функцияның мәні
3	0	
4		

	A	B
1	қадам	0,2
2	Аргумент x	
3	0	1
4	0,2	0,98
5	0,4	0,92
6	0,6	0,83
7	0,8	0,70
8	1	0,54
9	1,2	0,36
10	1,4	0,17
11	1,6	-0,03
12	1,8	-0,23
13	2	-0,42

### Дескриптор

Электронды кестедегі кіріктірілген функцияларды пайдалану арқылы есептерді шығара алады.  
 Бағалау: жұлдызшалар арқылы

30-36

### «Үштік» әдіс (Ойлан, жұптас, бөліс)

Оқушылар ойына келген жауаптарды немесе ойларын барынша көп жазу арқылы өз ойларымен бөліседі.

- функция ;
- функцияның аргументі;
- СУММ функциясы;
- СРЗНАЧ функциясы;
- СЧЕТ және СЧЕТЕСЛИ функцияларының бір-бірінен айырмашылығы;
- Логикалық функцияларды ата;

ЕСЛИ, И, ИЛИ функцияларының қолданылуына мысалдар келтір.

Бағалау: жұлдызшалар арқылы

Презентация 6

Сабақтың соңы  
37-40 мин

Рефлексия:

### Сабақтың соңы

Кері байланыс «Чемодан, еттартқыш, себет» әдісі. Оқушылар қолдарындағы стикерлерді берілген суретке жапсырады.



Чемодан- мен бүгін бәрін түсіндім



Еттартқыш- алған ақпаратты өңдеймін



Себет-маған әлі де көп ақпарат керек

Сабақты қорытындылаймын.

Дифференциация – Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз?  
 Қабілеті жоғары оқушыларға

Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?

Пәнаралық байланыс.  
 Қауіпсіздік ережелері.  
 АКТ-мен байланыс.  
 Құндылықтармен





қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?		байланыс (тәрбиелік элемент)
<p>Жұптық/топтық жұмыс – сыныптастарының қолдауы. Қажет болса, мұғалімнің көмегі.</p> <p>Қабілеті жоғары оқушылар басқа оқушыларға күрделірек/қызық болып көрінетін өз шешімдерінің аспектілерін көрсете алады.</p> <p>Сабақта дифференциациялаудың негізгі принципі – күрделендіру.</p>	<p>Топтық жұмыстың нәтижесін бағалау үшін топтардың <b>бірін-бірі бағалау</b> ұсынылады.</p> <p>Сабақ соңында <b>рефлексия</b> өткізу арқылы оқушылар <b>өздерін өздері бағалайды</b></p>	<p>Компьютерлік техникамен жұмыс кезінде қауіпсіздік техникасы ережелерін, сақтауды; денсаулыққа қауіп төндіретіндіктен сымдардан сақ болуды еске салу.</p>


### «Тапсырмаларды электрондық кесте көмегімен шешу» тақырыбы

3-бөлім. Тапсырмаларды электрондық кесте көмегімен шешу	
<b>Мұғалімнің аты-жөні: Шайжанова Маржан Бахтияровна</b>	
<b>Мектеп: №69 мектеп-гимназия</b>	
<b>Күні</b>	
<b>Сынып</b>	7 а
<b>Қатысушылар саны</b>	
<b>Қатыспағандар:</b>	
<b>Сабақ тақырыбы</b>	Деректер форматы
<b>Сабақ мақсаты</b>	Деректер форматын жіктеу
<b>Оқыту нәтижелері және жетістік өлшемдері</b>	
<b>Барлық оқушылар</b>	Excel-де қандай деректер форматы қолданылатынын және электрондық кестеде мәліметтерді қалай бейнелейтінін біледі.
<b>Оқушылардың басым бөлігі</b>	Бұрын алған білімдерін тек стандарты жағдайларға ғана емес, сонымен қатар жаңа жағдайларда да дұрыс қолданады.
<b>Оқушылардың кейбіреуі</b>	Кестелерде мәтінді рәсімдеу не үшін қажет екенін түсіндіреді және ұсынылған кестені рәсімдеу бойынша өзіндік көзқарасына дәлелдер келтіреді.
<b>Тілдік мақсаттар</b>	<p><b>Пәндік лексика және терминология:</b> Ұяшық, жол, баған, мәзір жолы, қалып жолы, пішімдеу мәтін. Cell, row, column, menu bar, status bar, text formatting.</p> <p><b>Диалогқа/хатқа қажетті сөйлемдер:</b> Excel ұяшығы– бұл баған және жол қиылысында құрылған электрондық кестелердің негізгі элементі. Ұяшықтар аты (ұяшық мекені) қойылады ... Мәтінді тік орналастырып қолдану үшін, керек...</p>
<b>Құндылықтарға баулу</b>	Өмір бойы білім алу, ынтымақтастық, құрмет
<b>Пәнаралық байланыстар</b>	Математика
<b>Алдын ала білім</b>	Электрондық кестелер туралы бастапқы білім.
<b>Оқу ресурстары</b>	Оқулық, презентация,(63-70 беттер) Видео ресурстар,
<b>Қолданылатын стратегиялар</b>	«БТП» (Білемін, түсінемін, пайдаланамын), «Би терапиясы», топтық, жұптық жұмыс, сергіту сәті

Сабақ барысы		
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
<p>Сабақтың басы (10мин)</p> <p><b>Білу</b></p> <p><b>Топтық жұмыс</b></p>	<p><b>Көңіл-күй тренингі «Шаттық шеңбері»</b> Оқушылар шеңберге тұрып, бір-біріне тілек айтады. Үй тапсырмасын сұрау. «Quizlet.com» арқылы өткен сабақтағы терминдер сұралады.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Электронды кесте- Spreadsheets</li> <li>2. Ұяшық- cell</li> <li>3. Жол-row</li> <li>4. Баған-column</li> <li>5. Мәтінді форматтау – text formatting</li> <li>6. Пішімдеу – formatting</li> <li>7. Number – сан</li> <li>8. Alignment- туралау, теңестіру</li> <li>9. Font- қаріп</li> <li>10. Border- шекара, жиек</li> <li>11. Filling- құйып қою</li> <li>12. Protection- қорғау</li> <li>13. Formatting of spreadsheets elements- электронды кестелердің элементтерін форматтау</li> <li>14. Spreadsheets – электронды кесте</li> <li>15. Tabular processor – кестелік процессор</li> </ol> <p><b>Дескриптор</b> Оқушылар өткен тақырыптағы терминдерді еске түсіріп сұраққа жауап береді.</p> <p><b>Саралау</b> <b>«Диалог және қолдау көрсету» тәсілі</b> оқушыларды ойланту үшін және бір қатар жауап таралу үшін алдын ала дайындалған сұрақтар нақты қойылады.</p> <p><b>ҚБ.</b></p> <p><b>Ой қозғау.</b> Өмірде кездесетін деректерді атап шығайық. (бүтін сандар, бөлшек сандар, теңге, доллар және т.б) <b>Мақсатты тұжырымдау:</b> Оқушылар сабаққа мақсат қояды: -Сабақтың соңында біз кестелік процессордағы деректер форматын және электронды кестелердің қалай бейнелетінін білетін боламыз.</p> <p>Бұдан әрі бейнебаян көрсетіледі. Оқушылар баспа, электрондық дереккөз және презентация арқылы өздері топта <b>«Үш қадамдық сұхбат»</b> әдісі арқылы берілген сұрақтарға жауап беріп, постер арқылы қорғайды.</p>	<p>«Quizlet.live» сайтына кіріп топқа бөлініп, сұрақтарға жауап береді.</p> <p><a href="https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/8-synyp/lesson/derakterdi-engizuredakczialau-zhane-formattau">https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/8-synyp/lesson/derakterdi-engizuredakczialau-zhane-formattau</a></p> <p>Оқулық. Мұқамбетжанова С.Т., Тен А.С., Исабаева Д.Н., Сербин В.В. 7 класс, Алматы, «Атамұра» 2017 ж.</p> <p>Презентация</p>
<p><b>Сабақтың ортасы (10 мин)</b></p> <p><b>Түсіну</b></p>	<p><b>Тақырып «Электронды кестелердің элементтерін форматтау»</b></p>	
<p><b>Қолдану</b></p> <p><b>Практикалық тапсырма</b></p> <p><b>5 минут</b></p>	<p><b>Оқу мақсаты</b></p> <p>7.2.2.2 Электронды кестелер элементтерін пішімдеу (форматтау)</p>	

	<b>Бағалау критерийі</b>	<i>Білім алушы</i> -Электронды кестеде пішімдеу (форматтау) әдістерін қолданады																																									
	<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Қолдану																																									
	<p><b>Тапсырма</b></p> <p>Кесте құрыңыз.</p> <table border="1" data-bbox="406 526 997 873"> <thead> <tr> <th></th> <th>A</th> <th>B</th> <th>C</th> <th>D</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>1</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>2</td> <td><b>№</b></td> <td><b>Атауы</b></td> <td><b>Саны</b></td> <td><b>Бағасы</b></td> </tr> <tr> <td>3</td> <td>1</td> <td>алма</td> <td></td> <td>KZT 10</td> </tr> <tr> <td>4</td> <td>2</td> <td>алмұрт</td> <td></td> <td>KZT 20</td> </tr> <tr> <td>5</td> <td>3</td> <td>анар</td> <td></td> <td>KZT 30</td> </tr> <tr> <td>6</td> <td>4</td> <td>жүзім</td> <td></td> <td>KZT 40</td> </tr> <tr> <td>7</td> <td></td> <td></td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p>Ұяшық форматын сандық түрден қаржылық түрге (валютаның KZT мәнін қолдана отырып) қалай өзгертуге болады, сипаттаңыз</p>				A	B	C	D	1					2	<b>№</b>	<b>Атауы</b>	<b>Саны</b>	<b>Бағасы</b>	3	1	алма		KZT 10	4	2	алмұрт		KZT 20	5	3	анар		KZT 30	6	4	жүзім		KZT 40	7				
	A	B	C	D																																							
1																																											
2	<b>№</b>	<b>Атауы</b>	<b>Саны</b>	<b>Бағасы</b>																																							
3	1	алма		KZT 10																																							
4	2	алмұрт		KZT 20																																							
5	3	анар		KZT 30																																							
6	4	жүзім		KZT 40																																							
7																																											
<p><b>Талдау</b></p> <p><b>5минут</b></p> <p><b>Сергіту сәті</b></p>	<p><b>Дескриптор</b> <i>Білім алушы</i> -кесте құрады; -кестені форматтайды; -KZT валюта мәнін көрсетіп ұяшық форматын ҚАРЖЫЛЫҚ түрге ауыстырады.</p> <p><b>Терминологиямен жұмыс</b> <b>Мәліметтер форматы - Форматы данных - Data formats</b> санды пішім –numeric format Санды пішім – математикалық және финанстық есептерде санның үш түрлі пішімде жазылуы қолданылады: кәдімгі санды пішім, қаржылық және мерзімдік. A numeric format - numbers are used to represent information in the form of a number and can be entered in various formats: general, financial, date and time.</p> <p><b>мәтіндік пішім- текстовый формат- text format</b> Мәтіндік пішім – мәтіндік пішім мәтіндік жолдар мен цифрлармен көрсетілген санды емес мәліметтерді жазу үшін қолданады. A text format can be used for table headings, explanations or markings on a worksheet. These data include registration numbers, postal code, phone number, etc</p> <p><b>Автотолтыру –Автозаполнение-Autofilling</b> Автотолтыру – excel-дегі «Автотолтыру» қызметі кестені сандармен толтыруға және формулаларды автоматты қолдануға, есеп жүргізуге өте ыңғайлы функция.</p>																																										

	Autofilling is a very convenient function which allows to fill the table with data and calculate automatically using formulas.	
<p><b>Жинақтау</b></p> <p>5 минут</p>	<p><b>Жаттығуларға жауап беру</b></p> <p><b>1-жаттығу</b></p> 	<p><a href="https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/8-synyp/lesson/der-ekterdi-engizu-redakciyalau-zhane-formattau">https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/8-synyp/lesson/der-ekterdi-engizu-redakciyalau-zhane-formattau</a></p>
	<p><b>2-жаттығу</b></p>  <p><b>3-жаттығу</b></p> 	 <p>Бағдаршам Қызыл түс – түсінбедім Сары түс – аздап түсіндім Жасыл түс - түсінді</p>
<p>Сабақтың соңы</p> <p>5 минут</p> <p><b>Бағалау</b></p>	<p>«Тест» әдісі арқылы бір ғана дұрыс жауабы бағаланады (жеке жұмыс)</p> <p><b>Дескриптор:</b> дұрыс жауабын дәл табады</p> <p><b>ҚБ</b>«Дұрыс, дұрыс емес»</p> <p><b>Саралау</b> «Бағалау» оқушылар үнемі бағаланып отырады.</p> <p><b>«Рефлексиялық экран» әдісі</b></p> <ul style="list-style-type: none"> <li>• Бізге бәрінен сәтті болғаны...</li> <li>• Әсіресе сәтті болғаны...</li> <li>• Біз үшін жаңалық болғаны, ол...</li> <li>• Бүгінгі сабақта үйренгеніміз...</li> <li>• Біздерге қызық болғаны..</li> <li>• Бізге қиын болғаны...</li> <li>• Түсінгеніміз, ол...</li> </ul> <p>Оқушылар «Рефлексиялық экран» әдісі бойынша сабаққа кері байланысты ауызша айтады. Кері байланыста оқушылар өз топтарының жұмысын бағалайды және ұсыныстарын береді.</p>	<p><a href="https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/8-synyp/lesson/der-ekterdi-engizu-redakciyalau-zhane-formattau">https://bilimland.kz/kk/courses/informatika-kk/8-synyp/lesson/der-ekterdi-engizu-redakciyalau-zhane-formattau</a></p>

<p><b>Саралау – Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</b></p>	<p><b>Бағалау – Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</b></p>	<p><b>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</b></p>
<p>Сабақ барысында оқушылардың қажеттіліктеріне қарай көмек керек пе, әлде күрделі тапсырма беру керек пе саралап, формуланы ұяшықтар адресін қолданып табуға және оны автотолтыру қолдануға қосымша тапсырмалар дайындадым және саралаудың дереккөздерді табу тәсілін жаңа сабақты оқушыларға жоспарладым</p>	<p>Сабақтың мақсатына сай мынадай дескрипторлар ұсынылды</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- кестеге мәліметтерді орналастыру, форматтау;</li> <li>- автотолтыру;</li> </ul> <p><b>Бағдаршам</b>  Қызыл түс – түсінбедім  Сары түс- аздап түсіндім -  <b>Жасыл түс –</b> түсіндім</p> 	<p>Компьютерде қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтау, және көз жаттығуларын жасау.</p>


### Бағалау парағы

№	Оқушының аты-жөні	Үй тапсырмасын сұрау	Үш қадамдық сұхбат	Практикалық тапсырма	Жаттығулар			Тест	Жалпы ұпай
					1Ж	2Ж	3Ж		
1									
2									
3									
4									
5									
6									

### «Компьютер құнын есептеу» (Calculating the price of the computer) тақырыбы

<b>Сабақ: №6</b>	<b>Мектеп:</b> Павлодар облысы, Ақсу қаласы, Алғабас ауылы «Ақсу қаласы
<b>Пәні:</b> информатика	Алғабас селолық округінің М.Кабылбеков атындағы орта мектебі»
<b>Күні:</b>	<b>Мұғалімнің аты-жөні:</b> физика және информатика пәнінің мұғалімі <b>Куватова Бахыт Нурумхановна</b>
<b>Сынып: 9</b>	<b>Қатысқандар саны:</b> _____ <b>Қатыспағандар саны:</b> _____
<b>Сабақ тақырыбы:</b>	«Компьютер құнын есептеу» (Calculating the price of the computer)
<b>Сабақ негізделген оқу мақсаты</b>	9.1.1.1 компьютердің міндетіне қарай конфигурациясын таңдау түсіндіру 9.1.2.1 қолданушының қажеттілігіне байланысты бағдарламалық қамтамасыз етуді таңдауды ұсыну



<b>Сабақ мақсаттары</b>	<b>Барлық оқушылар:</b> компьютердің міндетіне қарай конфигурациясын таңдауды білу. қолданушының қажеттілігіне байланысты бағдарламалық қамтамасыз етуді таңдауды ұсыну	
	<b>Оқушылардың басым бөлігі:</b> компьютердің міндетіне қарай конфигурациясын таңдауда, қолданушының қажеттілігіне байланысты бағдарламалық қамтамасыз етуге мысал келтіру	
	<b>Кейбір оқушылар:</b> компьютердің міндетіне қарай конфигурация жасауды, қолданушының қажеттілігіне байланысты бағдарламалық қамтамасыз етуін таңдауда практика жүзінде қолдану.	
<b>Тілдік мақсат</b>	Оқушылар: прогарамма құрады және орындайды	
	<b>Негізгі сөздер мен тіркестер:</b>	
	Конфигурация, функция, ресурс	
	Қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілінде Бағдарлама-Программа-Program... Математикалық: Тірек сызба схемалар Конфигурация, функция термин сөздерді ..... Кескін үйлесімі, пішін үйлесімі.	
<b>Алдыңғы тақырып</b>	Компьютердің міндетіне қарай конфигурациясын мысалдар келтіре алады. қолданушының қажеттілігіне байланысты бағдарламалармен жұмыс жасай біледі Оқушылар нені біледі және осы сабақтың алдында нені білулері керек? (негізгі түсініктер, деректер, формулалар, теориялар) Сіз тақырыпқа қатысты ілгеріден білетін біліміңізді қалай тиімді пайдалана аласыз?	
<b>Жоспар</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған жаттығулар (төменде жоспарланған жаттығулармен қатар, ескертпелерді жазыңыз)</b>	<b>Ресурстар</b>
Басталуы Кіріспе бөлім: 3 мин	Ұйымдастыру кезеңі. Good afternoon choose the sheets of paper and divide into 3 groups Сәлемдесу, топқа бөлу, топ басшыны анықтау. Пазлдар арқылы топтарға бөлу	
Проблемалық сұрақ 1 min	✓ Which factors affect the computers price?	
Мақсат қою 1 min	✓ What do you think are the aims of our lesson? Как вы думаете, каковы цели нашего урока? S1: to study English words изучить английские слова S2: to study Calculating the price of the computer.	
<b>NEW TOPIC Activity</b>	watch the video and name the theme of lesson. Students from each group read the topic from the sheets and explain to the following group students, explaining the content of the lesson. Top executives fill out the evaluation sheet. Creating your spreadsheets theme is group work Әр топтағы оқушылар кеспе қағазынан тақырыпты оқып келесі топ оқушыларына түсіндіреді, сабақтың мазмұнын ашады. Топ басшылар бағалау парағын толтырады.	оқушы құралдары, дәптер экран
<b>Practice 10 min</b>	<a href="https://www.youtube.com/watch?time_continue=8&amp;v=Ou9saxGDJWo">https://www.youtube.com/watch?time_continue=8&amp;v=Ou9saxGDJWo</a> видео students watch the video and discuss in group <b>Дескриптор:</b> 1. Негізгі сөздерді таба алады; 2. Тақырыптың мақсатын аша алады; 3. Тірек сөздерді қолданып, түсіндіре алады.	«Айналымалы бекеттер» әдісі
<b>Ортасы ЖАҢА ТАҚЫРЫ П 7 мин</b>	<b>Кері байланыс:</b> қалыптастырушы бағалау « <i>Күлегіштер</i> » 	<a href="http://www.youtube.com">www.youtube.com</a>

**Жаңа сабақ тақырыбы «Компьютер құнын есептеу»** Calculating the price of the computer


**Терминология** <https://learningapps.org/display?v=pjyhmq4wc19>

assemble – жинау - собирать  
 performance – өнімділік - производительность  
 approximately – шамамен - примерно  
 prevent – алдын алу - предотвращать  
 corresponding-сәйкес-соответствующий  
 suitably-тиісті түрде- подходяще  
 compatible-үйлесімді-совместимый



**Кері байланыс:** қалыптастырушы бағалау «Тир» әдісі арқылы.

Қызыл - түсінбеді  
 Сары - қиындықтар кездесті  
 Жасыл - түсіндім



now do the practice work

1. choose the computer online
- 2.

	Computer for multimedia usage		Computer for informatics lab		Computer for administration	
	type	price	type	price	type	price
Motherboard						
CPU						
RAM						
Memory						
Video Card						
Network connections						
Power supply						
Cooling system						
CD/DVD						
Case						
Monitor						
Mouse						
Speakers						
Operating system						
Total price						

**Steps to assemble a desktop PC**

1. Prepare the Mainboard (motherboard).
2. Mount the CPU in the socket of the Mainboard.
3. Connect the CPU cooler to the Mainboard.
4. Attach the RAM[memory] modules in the corresponding slots.
5. Open the case and mount the power supply which is M-ATX type.
6. Attach the Mainboard back plate to the case and check the Mainboard mounting positions.
7. Suitably position the Mainboard in the case.
8. Mount the Hard disk and connect it to the power supply and the motherboard.
9. Connect the SATA connectors to the drives and the USB connectors and the case switches to the motherboard.
10. Connect the 20 or 24 pin ATX connector and the 4-pin power supply control connector to the motherboard.
11. Mount the DVD-ROM drive.
12. Finally, select a compatible operating system, and follow the instructions to install.

2 топ Компьютер жинайды

**Кері байланыс:** қалыптастырушы бағалау «+/-» әдісі.

Мақсаты: «+» оң әсер еткен фактілерді ,ал «-» керісінше түсінбеген жақтарын жазады.



<https://learningapps.org>

«Миллион кімге бұйырарды» ойыны



<https://learningapps.org/display?v=pjyhmq4wc19>

**Тәжірибе**  
**10 минут**

**Кері байланыс**  
**3 мин**

**«RUN AND WRITE» әдісі**  
 Python Logical Operators And Or Not Tutorial With Example is today's topic. A logical operator takes one or more boolean arguments and operates on them and gives the result. In Python, the primary logical operators are And, Or, and

тарап па қағаз

	Not. A boolean expression or valid expression evaluates to one of two states <b>True</b> or <b>False</b> . Python provides the boolean type that can be either set to <b>False</b> or <b>True</b> . Many functions and operations return boolean objects.		
<b>Cheat - appraisal Reflexes (4 min)</b> Бағалау <i>Рефлексия</i>	<p style="text-align: center;"><b>Рефлексия</b></p> <p>method of «Фишбоун» әдісі the problem is Which factors affect the computers price?</p>  <p><b>Кері байланыс:</b> Оқушылар өздерін  қолтаптау арқылы бағалайды.</p>		БАЛЫ Қ ҚАҢ АСЫ
<b>Homework</b> 1 мин	<b>write down homework 2.3 тақырып 36 бет үй тапсырмасы</b>		
<b>Қосымша ақпарат</b> Y.Shaniyev, I.Gesen, N.Aidarbayev, N.Akhmetov. E.Yerzhanov “Informatics” Астана - 2017			
<b>Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?</b>		<b>Бағалау – Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?</b>	<b>Пәнаралық байланыс. Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері АКТ-мен байланыс. Құндылықтардағы байланыс</b>
<b>Рефлексия</b> Сабақ/оқу мақсаттары шынайы ма? Бүгін оқушылар не білді? Сыныптағы ахуал қандай болды? Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен?		<b>Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.</b>	
<b>Қорытынды бағамдау.</b> Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз?) 1: 2: Қандай екі нәрсе сабақты жақсартта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз?) 1: 2: Сабақ барысында мен келесі сабағымды жетілдіруге не көмектесетін білдім? Кері байланыста жазылған ұсыныстар мен сұраныстарға негізделемін.			

### «Компьютер таңдаймыз» бөлімі бойынша жиынтық бағалау үлгісі

<b>Тақырып</b>	<b>Компьютердің конфигурациясы</b>
<b>Оқыту мақсаты</b>	9.1.1.1 мақсатына байланысты компьютердің конфигурациясын таңдау.
<b>Бағалау критерийлері</b>	-мақсатына байланысты компьютердің конфигурациясын таңдайды
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Білу, Қолдану
<b>Тапсырмалар</b>	<b>1 тапсырма</b> Мектепке, офиске, үйге және жеке пайдалануға арналған компьютердің типін атаңыз:





- моноблок;
- үстел компьютері;
- ноутбук;
- ультрабук;

**Дескриптор:** Білім алушы

- моноблоқтың, үстел компьютерінің, ноутбуктің, ультрабуктің қызметі мен конфигурациясын біледі;
- компьютердің әр түрлі конфигурацияларының айырмашылығын түсінеді;
- мектепке, офиске, үйге және жеке пайдалануға сәйкес келетін компьютердің типін таңдай алады.

**2 тапсырма**

Құрылғылар мен олардың сипаттамаларын сәйкестендіріңіз.

<p>A)</p> 	<p>1) Аналық тақта: Asus TUF X570-Plus Gaming</p>
<p>B)</p> 	<p>2) Intel Core i7 9700KF, LGA1151, OEM</p>
<p>C)</p> 	<p>3) SSD жинақтауыш 960 Gb Kingston UV500</p>
<p>Г)</p> 	<p>4) DDR-4 DIMM 16Gb/3600MHz PC28800</p>

**Дескриптор:** Білім алушы

- құрылғылар мен олардың сипаттамаларын дұрыс сәйкестендіреді.

**3 тапсырма**

Пайдаланушының мақсаттары мен компьютер құрылғыларының параметрлері берілген.

<p>Мақсат</p>	<p>Процессор</p> 	<p>Шапшаң жады</p> 
---------------	---	--

	<p>А) Кәсіби мақсаттағы графикалық, инженерлік, конструкторлық, ғылыми - зерттеу жұмыстарын орындау.</p> <p>Б) Жоғары шапшаңдықтағы қарқынды ойындар ойнауға</p> <p>В) Үйде немесе офисте мәтіндік редактормен, деректер базасымен, интернетпен жұмыс істеуге, бейне және аудиофайлдарды қарауға және т.б.</p>	<p>1) 3-3,5 ГГц жиіліктегі 4 ядродан кем емес</p> <p>2) 2 - 3 ГГц жиіліктегі 2 ядролы процессор</p> <p>3) 3-3,5 ГГц жиіліктегі 4-8 ядролы процессор</p>	<p>1) 8-16 Гб</p> <p>2) 4 Гб-қа дейін</p> <p>3) 8 Гб-тан кем емес</p>												
	<p>Аталған мақсаттарда жұмыс істеуге жеткілікті болатын компьютер құрылғыларын таңдап, жауабын берілген үлгіде көрсетіңіз. Жауабыңызды түсіндіріңіз.</p> <table border="1" style="width: 100%; text-align: center;"> <thead> <tr> <th>Мақсат</th> <th>Процессор</th> <th>Жедел жады</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td>А</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>Б</td> <td></td> <td></td> </tr> <tr> <td>В</td> <td></td> <td></td> </tr> </tbody> </table> <p><b>Дескриптор:</b> Білім алушы -үйде,офисте мәтіндік редактормен, деректер базасымен, интернетпен жұмыс істеуге, бейне және аудиофайлдарды қарауға процессор мен жедел жадыны дұрыс таңдайды, түсінік береді; -жоғары шапшаңдықтағы қарқынды ойындар ойнауға процессор мен жедел жадыны дұрыс таңдайды, түсінік береді; - кәсіби мақсаттағы графикалық, инженерлік, конструкторлық, ғылыми - зерттеу жұмыстарына процессор мен мен жедел жадыны дұрыс таңдайды, түсінік береді;</p>			Мақсат	Процессор	Жедел жады	А			Б			В		
Мақсат	Процессор	Жедел жады													
А															
Б															
В															
<b>Тақырып</b>	<b>«Бағдарламалық қамтамасыз етуді таңдау»</b>														
<b>Оқыту мақсаты</b>	9.1.2.1 пайдаланушының қажеттілігіне қарай бағдарламалық жасақтаманы таңдау.														
<b>Бағалау критерийлері</b>	-пайдаланушының қажеттілігіне қарай бағдарламалық жасақтаманы таңдайды.														
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Білу, Түсіну														
	<p><b>1-тапсырма</b> Берілген пайдаланушылардың жұмысына қажетті бағдарламалық жасақтамалардың атауын жазыңыз</p> <p>1.Композитор _____ . 2. Видеомонтажер _____ . 3. Аниматор _____ . 4. Бухгалтер _____</p>														

	<p>· _____ 5. Фото-редактор _____ · _____</p> <p><b>Дескриптор:</b> Білім алушы - бағдарламалық жасақтамалардың қолданылу ортасын біледі; - бағдарламалық жасақтамалардың түрін тандайды.</p> <p><b>2-тапсырма</b> Берілген бағдарламаларға балама болатын бастапқы коды ашық бағдарламалық жасақтамаларды анықтаңыз. a) Microsoft Office b) Антивирус Kaspersky c) Promo Dj d) Sony Vegas Pro</p> <p><b>Дескриптор:</b> Білім алушы - бастапқы коды ашық балама бағдарламалық жасақтамаларды таба алады.</p>
<b>Тақырып</b>	<b>«Компьютер құнын есептеу»</b>
<b>Оқыту мақсаты</b>	<p>9.1.1.1 мақсатына байланысты компьютердің конфигурациясын таңдау; 9.1.2.1 пайдаланушының қажеттілігіне қарай бағдарламалық жасақтаманы таңдау; 9.3.1.1 үдерістердің модельдерін (физикалық, биологиялық, экономикалық) электрондық кестеде әзірлеу және зерттеу.</p>
<b>Бағалау критерийлері</b>	<p>- мақсатына байланысты компьютердің конфигурациясын тандайды; - пайдаланушының қажеттіліктеріне қарай бағдарламалық жасақтаманы тандайды; - электрондық кестелерде үдерістердің (физикалық, биологиялық, экономикалық және басқа) модельдерін әзірлейді және зерттейді.</p>
<b>Ойлау дағдыларының деңгейі</b>	Білу, Түсіну, Қолдану
	<p><b>1-тапсырма</b> Сіз үш түрлі компьютерді дайындап, әрқайсысының бағасын есептеуіңіз керек. 1. Мектеп әкімшілігіне арналған компьютер. 2. Информатика зертханасына арналған компьютер. 3. Мультимедиялық қолдануға арналған компьютер.</p> <p><b>Берілген нұсқауларды қолданыңыз</b> 1. Әр компьютердің қолданылуын сипаттаңыз. 2. Компьютерлерді өнімділігі мен қолданылуына сәйкес жинақтаңыз.</p> <p>Мысал: мультимедиялық компьютерге жоғары жылдамдық пен жады қажет емес, 4 ГБ жедел жады, 250 ГБ қатты диск және 2,0 ГГц процессор жеткілікті. 3. Әр компьютердің бағасын прайс-парақтан іздеңіз. 4. Компьютердің бағасын шамамен есептеңіз. 5. Есепті 1-кестедегі үлгімен толтырыңыз.</p>

1 кесте - Мультимедиялық компьютердің бағасы

Компьютер құрылғылары	Мультимедиялық қолдануға арналған компьютер		Информатика зертханасына арналған компьютер		Мектеп әкімшілігіне арналған компьютер	
	типі	бағасы	типі	бағасы	типі	бағасы
Аналық тақта						
Процессор						
Жедел жады						
Қатты диск						
Бейнекарта						
Қоректендіру блогы						
Салқындату жүйесі						
Корпус						
Монитор						
Тінтуір/Пернетақта						
Компьютер колонкалары						
Операциялық жүйе						
Қорытынды баға						

**Дескриптор:** Білім алушы

-3 түрлі компьютерді жинайды және бағасын есептейді;

-компьютердің сипаттамаларын анықтайды.

## Мазмұны

Кіріспе.....	3
1 «Информатика» пәні бойынша (5-9-сыныптарда) жаңартылған білім беру мазмұнындағы оқу бағдарламасының ерекшеліктері.....	5
2.«Информатика» пәнін оқытуды ұйымдастырудың формалары мен әдістері.....	26
